

KASE

ТОБЫНЫҢ

ЖЫЛДЫҚ

ЕСЕБІ

2025

МАЗМҰНЫ

| | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ | 3 |
| KASE БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ..... | 5 |
| НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР | 7 |
| МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ..... | 10 |
| KASE ТОБЫ ТУРАЛЫ | 11 |
| НЕГІЗГІ ФАКТИЛЕР, НАРЫҚ ТРЕНДТЕРІ..... | 17 |
| KASE ТОБЫНЫҢ KASE ТОБЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕБІ | 17 |
| KASE тобының 2025-2027 жылдарға арналған даму стратегиясы: жетістіктер мен нәтижелер | 18 |
| Орнықты даму қағидаттарын енгізу..... | 32 |
| KASE тобының халықаралық қызметі..... | 37 |
| НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ | 39 |
| Халықаралық биржа нарығының трендтері | 39 |
| KASE нарықтары..... | 44 |
| Операциялық және қаржылық нәтижелер..... | 67 |
| КОРПОРАТИВТІК ЕСЕП..... | 70 |
| Корпоративтік басқару..... | 70 |
| Қызметтің үздіксіздігін басқару | 88 |
| Комплаенс-бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | 89 |
| Ақпараттық және физикалық қауіпсіздік..... | 90 |
| Ішкі аудит | 91 |
| Корпоративтік жауапкершілік және кадрларды басқару | 93 |

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

Директорлар кеңесінің атынан сіздерді KASE тобының 2025 жылға арналған жылдық есебінің беттерінде қарсы алуыма қуаныштымын.

2025 жылы жаһандық экономика мен қаржы нарықтары жоғары геосаяси және экономикалық белгісіздік жағдайында дамуын жалғастырды. Әлемдік сауданың фрагментациясының күшеюі, халықаралық қатынастардағы сақталып отырған шиеленіс, шикізат және қаржы нарықтарының құбылмалылығы, сондай-ақ бірқатар ірі мемлекеттердің сыртқы экономикалық саясатқа қатысты тәсілдерін қайта қарауы инвестициялық ахуал мен іскерлік белсенділікке елеулі әсер етті. Сонымен қатар, жаһандық экономика орнықтылық танытып, капитал нарықтары жаңа жағдайларға бейімделу қабілетін көрсетті.

Осындай жағдайларда KASE тобы Қазақстанның қаржы нарығы инфрақұрылымының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып және инвестициялық белсенділіктің одан әрі өсуіне жағдай жасай отырып, дәйекті дамуын жалғастырды.

2025 жыл KASE тобының 2025–2027 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясын іске асырудың бастау кезеңі болды. Негізгі басымдықтар ретінде негізгі бизнесті дамыту, өнімдер желісін кеңейту және нарық инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру айқындалды. Осы бағыттарды жүйелі түрде іске асыру KASE тобының елдің қаржы жүйесінің орталық элементі ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік берді.

Есепті жылдың негізгі нәтижелерінің бірі KASE клирингтік орталығының институционалдық рөлін одан әрі нығайту болды. 2025 жылы KACC Thomas Murray агенттігінен «Позитивті» болжамымен "A+" операциялық рейтингін, сондай-ақ Fitch Ratings халықаралық агенттігінен "Тұрақты" болжамымен "BBB-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін алып, өзінің жоғары сенімділік деңгейін растады. Бұл бағалар орталық контрагенттің бизнес-моделінің тұрақтылығын, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін және халықаралық стандарттарға сәйкестігін көрсетеді.

Есепті жылы Клирингтік орталықтың функционалдық мүмкіндіктері едәуір кеңейтілді. Брокерлік-дилерлік қызметке лицензия алу, оның биржалық нарықтардағы рөлін кеңейту, сондай-ақ биржадан тыс валюталық мәмілелер бойынша клирингтік және есеп айырысу қызметтерін іске қосу инфрақұрылымның икемділігін арттырып, нарық қатысушыларына ұсынылатын қызметтер аясын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Дамудың маңызды бағыттарының бірі Биржаның өнімдер желісін кеңейту және инвесторлардың түрлі санаттары үшін құралдардың қолжетімділігін арттыру болды. 2025 жылы кіру кедергілерін төмендетуге және өтімділікті арттыруға бағытталған бірқатар бастамалар жүзеге асырылды, олардың қатарында еурооблигацияларды орналастырудың жеңілдетілген тәртібін енгізу және маркет-мейкинг тетіктерін дамыту бар.

SME Qadam Bonds бағдарламасының іске қосылуы қор нарығын дамытудағы маңызды қадам болды. Бұл шағын және орта бизнес субъектілеріне нарықтық қаржыландыруға қол жеткізуге мүмкіндік беріп, биржаға шығу кедергілерін төмендете отырып, қосымша қорландыру мүмкіндіктерін қалыптастырды.

Нарықты дамытуға қосымша серпін қытай юанімен есеп айырысуларды енгізу арқылы берілді, бұл валюталық әртараптандыруды кеңейтіп, халықаралық қатысушылар үшін биржалық алаңның тартымдылығын арттырады.

2025 жылы нарық қатысушыларының кәсіби құзыреттерін дамыту және қаржылық сауаттылықты арттыру платформасы ретінде құрылған KASE академиясы өз жұмысын бастады. Академияның қызметі тұрақты білім беру экожүйесін қалыптастыруға және Қазақстанның қор нарығының сараптамалық әлеуетін нығайтуға бағытталған.

KASE тобы жоғары халықаралық стандарттарға бейілділігін сақтап келеді. 2025 жылы менеджмент жүйелерінің ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 талаптарына сәйкестігі сәтті расталды, бұл процестерді ұйымдастырудың, сапаны басқарудың және ақпараттық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін көрсетеді.

2025 жылдың қорытындылары KASE тобының сыртқы белгісіздік жағдайында тиімді дамуға, инфрақұрылымның сенімділігін қамтамасыз етуге және қаржы нарығының мүмкіндіктерін дәйекті түрде кеңейтуге қабілетті екенін растайды. Іске асырылып жатқан бастамалар оның тереңдігін, өтімділігін және халықаралық қаржы жүйесіне интеграциясын арттыруға бағытталған.

Нарық қатысушыларына, инвесторларға, серіктестерге және акционерлерге сенім мен сындарлы ынтымақтастық үшін алғысымды білдіремін. KASE тобының ұжымына кәсібилігі мен стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге қосқан үлесі үшін ерекше ризашылығымды білдіремін.

KASE тобы Қазақстан Республикасының ашық, тұрақты және бәсекеге қабілетті қаржы нарығын дамытуға бағытталған өз миссиясын дәйекті түрде іске асыруды жалғастырады. Баршаңызға нәтижелі ынтымақтастық пен жаңа жетістіктер тілеймін!

Әлия Молдабекова

KASE Директорлар кеңесінің төрағасы

KASE БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

KASE тобы үшін 2025 жыл 2025-2027 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын іске асырудың және сапалық өсудің келесі кезеңіне көшу басталған жыл болды. Есептік кезеңде біздің қызметіміз инфрақұрылымның орнықтылығын қамтамасыз етуге, капитал нарықтарын дәйекті дамытуға және Қазақстан Республикасында инвестициялық белсенділіктің ұзақмерзімді өсуі үшін жағдайлар қалыптастыруға бағытталды.

Ел экономикасы 2025 жылы орнықты динамика көрсетті: экономиканың негізгі секторларында жоғары инвестициялық сұраныс пен белсенділік сақтала отырып, ЖІӨ-нің өсуі 6,5 %-ды құрады. Сонымен бір мезгілде инфляциялық қысым сақталды – инфляция деңгейі 12,3 % болды, бұл ақша-кредит саясатын қатаңдатумен және базалық мөлшерлемені 18,0 %-ға дейін көтерумен қатар жүрді. Осындай жағдайларда капитал нарығы экономиканы қаржыландыру көзі және капиталды сақтау және көбейту құралы ретінде өзінің маңыздылығын сақтап қалды.

Сыртқы және ішкі сын-қатерлерге қарамастан, қазақстандық қор нарығы 2025 жылы сенімді өсім көрсетті. KASE индексі 26,1 % өсіп, 7 031,32 тармаққа жетті және 2025 жылғы 1 қазандағы тарихи максимумды 7 212,13 тармақ деңгейінде жаңартты. Акциялар нарығын капиталдандыру 18,7 % өсіп, 39,0 трлн теңгені құрады, бұл қазақстандық компаниялардың инвестициялық тартымдылығының артуын және нарыққа қатысушылар тарапынан сенімнің нығаюын көрсетеді.

Борыштық сегмент айтарлықтай дамыды. Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 16,2 трлн теңгеге дейін ұлғайды, бұл ретте корпоративтік облигациялар секторы өсудің озық серпінін көрсетті. Бұл үрдістер экономиканы қаржыландыруда және бизнес үшін капитал көздерін әртараптандыруда қор нарығының өсіп келе жатқан рөлін растайды.

2025 жылы біздің жұмысымыздың негізгі бағыттарының бірі капитал тарту құралдарын дамыту болды. Бастапқы нарық көлемі шамамен 20 % ұлғайып, 11,7 трлн теңгеге жетті. Есептік жылдың маңызды оқиғасы "Қазақстан Халық Банкі" АҚ жай акцияларының SPO өткізу болды, оның шеңберінде KASE алаңында 36,4 млрд теңге тартылды.

KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2025 жылдың қорытындысы бойынша 400,8 трлн теңгені құрады, бұл ретте мәміле саны 62 % өсіп, 1,5 млн мәмілеге жетті, бұл қатысушылар белсенділігінің артқанын және бөлшек сегменттің дамығанын көрсетеді. Қосымша драйвер KASE Global секторының өсуі болды, онда сауда-саттық көлемі 3,7 еседен астам ұлғайды.

Нарықты дамытудың маңызды факторы инвесторлық базаны кеңейту болып қалып отыр. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 5,1 млн

шот есепке алынды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен едәуір жоғары және халықтың инвестицияларға деген қызығушылығының тұрақты өсуін көрсетеді.

Сонымен қатар Биржа эмитенттер мен инвесторлар үшін мүмкіндіктерді кеңейту бойынша дәйекті жұмысты жалғастырды. 2025 жылы еурооблигацияларды орналастырудың жеңілдетілген тәртібі енгізілді, маркет-мейкинг тетіктері жетілдірілді, сондай-ақ нарыққа кіру кедергілерін төмендетуге бағытталған бастамалар іске асырылды.

SME Qadam Bonds бағдарламасын іске қосу ұйымдасқан нарықта қаржыландыруды тартудың неғұрлым қолжетімді құралын қамтамасыз ете отырып, шағын және орта бизнес сегментін дамытудағы маңызды қадам болды

Инфрақұрылым мен жаңа сервистерді дамытуға айтарлықтай көңіл бөлінді. Есептік жылы KASE Market Data Hub нарықтық деректерге орталықтандырылған қол жеткізу платформасы іске қосылды, цифрлық ақпараттық ресурстарды дамыту жалғастырылды, сондай-ақ есептік инфрақұрылымның мүмкіндіктері кеңейтілді. Атап айтқанда, бағалы қағаздармен операциялар бойынша қытай юанімен есеп айырысуды енгізу валюталық әртараптандыру және халықаралық қатысушылар үшін нарықтың тартымдылығын арттыру бағытындағы маңызды қадам болды.

2025 жылы нарық инфрақұрылымындағы өз рөлін күшейтіп, биржадан тыс валюталық мәмілелер бойынша клирингілік және есеп айырысу қызметтерін іске қосуды қоса алғанда, ұсынылатын қызметтер спектрін кеңейткен KASE клиринг орталығының дамуын жеке атап өткім келеді.

Есептік жылы KASE тобының қызметінде өнімдік тәсіл енгізілді, функционаларалық өзара іс-қимыл кеңейтілді және бастамаларды командалық іске асыру рөлі арттырылды. Бұл өнімдер мен сервистерді енгізу жылдамдығын арттыруға, клиенттік тәжірибені жақсартуға және стратегиялық жобаларды неғұрлым тиімді іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

2025 жылы нарыққа қатысушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға және қаржылық сауаттылықты дамытуға бағытталған KASE академиясы өз жұмысын бастады.

Қол жеткізілген барлық нәтиже KASE тобы командасының үйлесімді жұмысының, сондай-ақ клиенттердің, серіктестердің, инвесторлардың және акционерлердің сенімінің арқасында мүмкін болды.

Нарықтың барлық қатысушысына ынтымақтастық пен Биржаның дамуына қосқан үлесі үшін шынайы алғысымды білдіремін.

2025 жылы іске асырылған бастамалар KASE тобының одан әрі өсуіне, оның сервистерінің тиімділігін арттыруға және Қазақстанның қаржы жүйесінің негізгі элементі ретінде Биржаның рөлін нығайтуға берік негіз болады деп сенемін.

Басқарма төрағасы

Әділ Мұхамеджанов

НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

Қаңтар

18 қаңтарда KASE тобы тәуелсіз сертификаттау аудитінен сәтті өтіп, ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестік сертификаттарын алды.

21 қаңтарда "Банк ЦентрКредит" АҚ KASE туынды қаржы құралдары нарығында АҚШ долларының Қазақстан теңгесіне бағамы бойынша фьючерстік келісімшарттар бойынша ерікті өтімділік провайдері болды.

Қаңтар айында пост-трейдингтік тәуекелдерді бағалауға маманданған британдық Thomas Murray консалтингтік агенттігі KASE клирингтік орталығына "А+" деңгейіндегі операциялық рейтинг берді, рейтинг бойынша болжам – "оң".

Ақпан

13 ақпанда Алматы қаласында KASE алаңында FEAS Бас Ассамблеясының 40-шы отырысы өтті.

14 ақпанда Алматы қаласында KASE-тің Abu Dhabi Securities Exchange іске қосқан халықаралық Tabadul Hub сауда алаңына қосылуына арналған халықаралық конференция өтті.

14 ақпанда KASE үздік нәтижелер көрсеткен Биржа мүшелерін, ашықтыққа ұмтылған листингтік компанияларды, сондай-ақ қор нарығын белсенді жариялап жүрген бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін марапаттау жөніндегі жыл сайынғы салтанатты рәсімді өткізді.

Наурыз

03 наурыздан бастап бағалы қағаздар бойынша, мамандандырылған сауда-саттық, жазылу және жария ұсыныс арқылы орналастырулар бойынша қытай юанімен есеп айырысулар қолжетімді болды.

06 наурызда KASE-де "Ring the Bell for ALL Women and Girls: Rights. Equality. Empowerment" сауда-саттықты салтанатты түрде ашу рәсімі аясында "Ойлап табуға батылдық: инновациялар әлеміндегі әйелдер" тақырыбында пікірталас өтті. Пікірталас барысында қатысушылар инновацияларды дамытудағы әйелдердің рөлін талқылап, олардың технологиялық стартаптарға қосқан үлесі мен кәсіпкерлік табысқа жету жолында кездесетін кедергілер туралы пікір алмасты.

17 наурыздан бастап KASE kase.kz доменінде жаңартылған корпоративтік интернет-ресурсын таныстырды.

27 наурызда KASE алаңында "BCC Invest" АҚ басқаруындағы Wardat al Hayat интервалдық пайлық инвестициялық қоры пайларының сауда-саттығын ашу рәсімі өтті.

Сәуір

01 сәуірде Қазақстан Республикасы халқының қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған "Биржалық симулятор" жобасы аясында оқу сауда-саттығын салтанатты ашу рәсімі өтті.

22 сәуірде KASE-де Орталық контрагенттің қатысуымен және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ арқылы есеп айырысумен еурооблигацияларды орналастыру тәртібі енгізілді.

Маусым

02 маусымнан бастап KASE KASE_TR толық табыстылық индексі жариялауды бастады. Бұл акциялардың нарықтық бағаларының өзгеруін ғана емес, сондай-ақ олар бойынша дивидендтік төлемдерді де ескеретін қор нарығының жаңа индикаторы болып табылады.

10 маусымда KASE клирингтік орталығы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алды.

Шілде

02 шілдеде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, Қазақстан Ұлттық Банкінің және KASE өкілдерінен құралған Қазақстан Республикасы делегациясы ASEAN+3 облигациялар нарығы форумының (ABMF) 43-ші отырысына қатысты. Қазақстан Республикасы толыққанды бақылаушы мәртебесінде қатысып, форумның ресми күн тәртібі аясында ұлттық облигациялар нарығын таныстырды.

08 шілдеде KASE-тің "Биржалық симулятор" 17-ші жыл сайынғы байқауы аясындағы оқу сауда-саттығының қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттаудың онлайн рәсімі өтті.

Тамыз

01 тамыздан бастап KASE клирингтік орталығы NTPro платформасында жасалған шетел валютасымен биржадан тыс мәмілелер бойынша клирингтік және есеп айырысу қызметтерін көрсетеді, сондай-ақ орталық контрагент ретінде әрекет етеді.

04 тамызда KASE клирингтік орталығы Fitch Ratings рейтингтік агенттігінен "Тұрақты" болжамымен "BBB-" кредиттік рейтингін алды.

Қыркүйек

18 қыркүйекте KASE-де шағын және орта бизнес үшін капитал нарықтарының әлеуетін кеңейтуге және олардың Қазақстан экономикасындағы рөлін нығайтуға бағытталған "Ring the Bell for SMEs: Unlocking Capital Markets Potential" халықаралық бастамасы аясында сауда-саттықты салтанатты ашу рәсімі өтті.

22 қыркүйектен бастап инвесторларға бағалы қағаздардың қайталама нарығында мәмілелер жасау және қытай юанімен есеп айырысумен репо операцияларын жүзеге асыру мүмкіндігі қолжетімді болды.

Қыркүйек айында сыртқы аудит нәтижелері бойынша KASE тобы қолданыстағы менеджмент жүйелерінің ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін сәтті растады.

Қазан

06 қазанда KASE-де Ring the Bell for Financial Literacy салтанатты ашылу рәсімі өтіп, Қаржылық сауаттылық апталығына бастау берілді. Жоба Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO) World Investor Week 2025 жаһандық бастамасын қолдау мақсатында өткізіліп, әлемнің қаржы ұйымдарын, оның ішінде әртүрлі елдердің биржаларын біріктіреді.

14 қазанда KASE-де Қазақстандағы исламдық қаржыландыруды дамыту мәселелеріне арналған Азия даму банкінің (ADB) және Amanie Advisors өкілдерімен кездесу өтті.

Қараша

Қараша айында "Қазақстан Халық Банкі" АҚ жай акцияларының SPO-сы өтті, оның аясында KASE алаңында 36,4 млрд теңге тартылды.

05 қарашада KASE Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп Лондон қаласындағы Bloomberg алаңында Kazakhstan Capital Markets Day 2025 іс-шарасын өткізді.

27 қарашада KASE-де халықаралық Fitch Ratings рейтингтік агенттігінің өкілдерімен банктік емес қаржы институттарын талдауға, кредиттік рейтингтердің рөліне және ESG-бағалауға қатысты заманауи тәсілдерге арналған кездесу өтті.

Желтоқсан

11–13 желтоқсан аралығында KASE делегациясы Әбу-Даби қаласында (БАӘ) өткен Solana Breakpoint 2025 халықаралық конференциясына қатысты. Іс-шара аясында блокчейн және цифрлық қаржы саласындағы ынтымақтастық бойынша KASE мен Solana Foundation арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

24 желтоқсанда KASE клирингтік орталығының жаңа интернет-ресурсы іске қосылды.

26 желтоқсанда KASE бағалы қағаздар нарығына қатысушылар үшін капитал нарығын дамыту мәселелері мен "Цифрлық активтерге арналған ETF құмсалғышы" жобасының пилоттық іске қосылуына арналған онлайн-кездесу өткізді.

Биржа өңірдегі биржалар мен қаржы ұйымдарының нарықтық деректеріне орталықтандырылған қолжеткізуге арналған Биржа базасында құрылған цифрлық инфрақұрылымдық платформа – KASE Market Data Hub-ты іске қосты.

МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ

Миссиясы

Біз адамдарды, идеялар мен инновацияларды біріктіретін платформаны қамтамасыз етеміз және орнықты даму мен капиталды басқару үшін мүмкіндіктер жасаймыз

Пайымы

Биржалық құралдарды ілгерілету, үздік практикаларды енгізу және жаңа клиенттерді тарту есебінен Қазақстан Республикасы мен Орталық Азия биржалық нарығының көшбасшысы

Корпоративтік құндылықтар

Біз – көшбасшымыз:

сенімді өсу үшін мүмкіндіктер жасай отырып, қаржы нарығының болашағын қалыптастырамыз

Біз – кәсіпқоймыз:

үздік тәжірибені, білімді және тәжірибені қолданамыз, клиенттерге адалдыққа, орнықтылыққа және қызметтердің жоғары сапасына кепілдік береміз

Біз – клиентке бағдарланғанбыз:

біздің клиенттерімізбен серіктестікте біз бірлесіп табысқа жету үшін икемді, сапалы шешімдерді жасаймыз және қолдаймыз

KASE ТОБЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан қор биржасы (KASE немесе Биржа) Қазақстан Республикасының қаржы нарығы инфрақұрылымының түйінді элементі болып табылады және қаржы құралдарымен ұйымдастырылған сауда-саттықтың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Биржаның бизнес-моделі әртараптандырылған сипатқа ие және төрт негізгі нарықтың: валюта, қор (бағалы қағаздар нарығы), ақша (репо және своп операциялары) және деривативтер нарығының жұмыс істеуіне негізделген.

Биржада халықаралық стандарттарға сәйкес келетін қазіргі заманғы сауда-клирингілік және есеп айырысу инфрақұрылымы бар, бұл сауда-саттықты өткізудің сенімділігін, есептеулердің уақтылылығын және тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз етеді.

KASE жұмысының әмбебап форматы сауда-саттыққа қатысушыларға бірыңғай инфрақұрылым шеңберінде бірнеше нарықта операцияларды жүзеге асыруға және қаржы құралдарының кең спектрін пайдалануға мүмкіндік береді, бұл өтімділікті тиімді басқаруға және инвестициялық стратегияларды іске асыруға ықпал етеді.

Биржа қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органның лицензиялары негізінде мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет (2012 жылғы 19 шілдедегі № 4.2.3/1 лицензия);
- 2) бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызмет (2012 жылғы 19 шілдедегі № 4.2.3/1 лицензия);
- 3) ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізу (2020 жылғы 30 қаңтардағы № 4.3.8 лицензия).

Биржа World Federation of Exchanges, Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (FEAS), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) сияқты халықаралық биржалық қауымдастықтарда және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Халықаралық биржалар қауымдастығында (ТМД ХБҚ) толыққанды мүше болып табылады және қазақстандық қор нарығын білдіреді. Бұл қазақстандық сауда-саттық алаңы қызметінің негізгі аспектілері халықаралық стандарттар мен үздік әлемдік практикаға сәйкес келетінін растайды.

KASE мүшелікті, листингі, сауда-саттық және сауда-саттықтан кейінгі қызмет көрсетуді, нарықтық ақпаратты таратуды, сондай-ақ биржалық индекстер мен индикаторларды есептеу мен сүйемелдеуді қоса алғанда, қызметтер кешенін

ұсынады. KASE клиринг орталығы (KACC) Биржаның 100 % еншілес ұйымы бола отырып, мәмілелердің орындалуына кепілдік беруді және тәуекелді басқаруды қамтамасыз ете отырып, барлық нарықта орталық контрагент функцияларын орындайды.

2026 жылғы 01 қаңтарда Биржаның мүшелері Қазақстан Республикасының лицензия алған барлық банкі мен брокерлік ұйымын қоса алғанда, 60 кәсіби қатысушы, сондай-ақ бес шетелдік қатысушы және екі халықаралық қаржы ұйымы болды.

Биржаның ресми тізімі бірнеше алаңға бөлінген: "Негізгі", "Баламалы", "Аралас" және "Жеке орналастыру".

"Негізгі" алаңы даму тарихы қалыптасқан ірі компанияларға арналған, ал "Баламалы" алаңы "Негізгі" алаңымен салыстырғанда неғұрлым оңайлатылған талаптар белгіленген капиталдануы шағын және орта компанияларға бағытталған. Мұндай бөлу ірі компанияларға да, шағын және орта бизнеске де қор нарығында қаражат тартуға мүмкіндік береді.

"Аралас" алаң мемлекеттік облигациялар, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары, инвестициялық қорлар үшін, исламдық, туынды бағалы қағаздар үшін, сондай-ақ шетелдік эмитенттердің өтімділігі жоғары акциялары мен ETF бағалы қағаздары үшін мамандандырылған секторларды қамтиды.

"Аралас" алаңындағы KASE Global секторы шетелдік эмитенттердің неғұрлым өтімді бағалы қағаздарымен сауда жасауға арналған. Осы секторға Нью-Йорк қор биржасының (NYSE Equity) негізгі алаңында, сондай-ақ NASDAQ (NASDAQ Global Select), Euronext Paris және Euronext Amsterdam биржаларында листингтен өткен, Standard & Poor's 500, NASDAQ 100 және Euronext 100 сияқты биржалық индекстерге кіретін акциялар мен ETF-тер жіберіледі.

"Жеке орналастыру" алаңы жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес бағалы қағаздардың листингіне арналған. Жеке орналастыру білікті инвесторлардың шектеулі тобы арасында облигацияларды жария емес орналастыруды білдіреді, мұндай бағалы қағаздарды шығару шарттары жеке меморандуммен анықталады.

Биржа қор және ақша нарықтары үшін 34 индикаторды дербес есептейді және сүйемелдейді. Қазақстанның қор нарығы Биржаның акциялары мен облигациялары нарығының серпінін көрсететін индекстер мен индикаторлармен ұсынылған. Акциялар нарығын бағалау үшін Биржа негізгі индикатор — KASE индексі есептейді, ол бүгінгі күні ұлттық қор нарығының де-факто негізгі индикаторы болып табылады. KASE индексі Қазақстан Республикасының резидент ірі және қаржылық тұрақты компаниялары шығарған Биржаның ресми тізімінің неғұрлым өтімді акцияларының жиынтық нарықтық құнының өзгеруін көрсетеді.

2025 жылы Биржа толық кірістіліктің KASE индексіні (KASE_TR индексі) есептеуге кірісті, ол KASE индексінің өкілеттік тізіміне кіретін акциялардың параметрлері негізінде осы акциялар бойынша дивидендік төлемдерді (кірістерге салық салуды есептемегенде) ескере отырып есептеледі.

Бұдан басқа, Биржа акциялар нарығын жалпы капиталдандыруды есептейді және жариялайды, ол акциялары KASE-де айналымға жіберілген барлық компанияның жиынтық нарықтық құнын білдіреді.

Облигациялар нарығын талдау үшін Биржа қазақстандық компаниялар облигацияларының "таза" бағалары мен неғұрлым өтімді шығарылымдарының кірістілік көрсеткіштерінің өзгерістерін көрсететін KASE_BM* негізгі алаңының индекстерін, сондай-ақ ESG облигациялардың индекстерін пайдаланады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы "таза" да, "лас" та бағаларды, сондай-ақ мерзімі бойынша сегменттеусіз және тіркелген қағаздар тізімдері бар өтеуге дейінгі әртүрлі мерзімдерде кірістілік көрсеткіштерін көрсететін индекстер мен индикаторлар сериясымен ұсынылған.

Репо нарығын көрсететін индикаторлар ақша нарығының негізгі тәуекелсіз бенчмаркі — TONIA-ны, сондай-ақ TRION, TWINA, TCI, TCR_1m, TCR_3m, TCR_6m сияқты қосымша индикаторларды қамтиды. Валюталық своптар нарығы үшін Биржа SWAP-1D, SWAP-2D индикаторларын, сондай-ақ композиттік индекстерді: MM Index (репо және валюталық своптар нарығы үшін) және MBM_index (ақша нарығы және МБҚ нарығы үшін) есептейді.

KASE нақты уақыттағы биржалық ақпаратты, мұрағаттық және анықтамалық деректерді қамтитын ақпараттық өнімдердің кең спектрін ұсынады.

KASE клиринг орталығы

KASE клиринг орталығы 2022 жылғы 21 маусымда "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның еншілес компаниясы "eTrade.kz" ЖШС-ін қайта ұйымдастыру, оның функцияларын Биржадан Клиринг орталығына беру жолымен құрылды.

Биржа мен Клиринг орталығы арасындағы функцияларды бөлу олар ұйымдастырылған нарықта операциялар жасаған кезде инвесторлар үшін тартымды жағдайлар жасау, шетелдік инвесторларды тарту, Қазақстан мен өңірдегі өзге биржалық нарықтарда қызметтер көрсету үшін мүмкіндіктерді кеңейту, сондай-ақ екі жүйелік маңызы бар инфрақұрылымдық ұйымның тәуекелдерін бөлу мақсатында жүзеге асырылды.

ОК функцияларын жеке заңды тұлғаға бөлу көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейтуге және қызмет көрсетілетін нарықтарды кеңейтуге мүмкіндік береді.

КАСС қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органның мынадай лицензияларына ие:

- 1) бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға (2025 жылғы 10 маусымдағы № 3.2.257);
- 2) ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге (2023 жылғы 28 тамыздағы № 4.3.22).

Биржадан Клиринг орталығына функцияларды беру екі кезеңде жүзеге асырылды:

- 1) 2023 жылғы 25 қыркүйекте Биржа клирингілік және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ қор нарығы бойынша орталық контрагенттің функцияларын Клиринг орталығына беруді жүзеге асырды.
- 2) 2024 жылғы 03 маусымда Биржа клирингілік және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ валюта нарығы және деривативтер нарығы бойынша орталық контрагенттің функцияларын Клиринг орталығына беруді жүзеге асырды.

2025 жылдың аяғында клирингілік қатысушылар 58 ұйым болды: қор нарығында – 50 қаржы ұйымы, валюта нарығында – сауда-саттық ортасының 7 қаржы ұйымын (NTPro) қоса алғанда, 43 қаржы ұйымы, деривативтер нарығында – 25 қаржы ұйымы.

Клирингілік қызмет көрсетуде 279 эмитенттің 2 077 қаржы құралы (әртүрлі мерзімдерге репо және своп операцияларын ашу мүмкіндігін ескере отырып) болды, оның ішінде акциялар – 120 эмитенттің 137 құралы, облигациялар – 158 эмитенттің 922 құралы, шетел валюталары – 7 валюталық жұп.

Клиринг орталығы өз қызметін 4 негіз қалаушы қағидат негізінде жүзеге асырады:

- 1) Мәміленің тарапы – Клиринг орталығы мәміленің әрбір тарапы үшін контрагент бола отырып, мәміледе сатып алушы мен сатушының арасында тұрады.
- 2) Көп жақты неттинг – Клиринг орталығы есеп айырысу күні басталған мәмілелер бойынша неттингті жүзеге асырады.
- 3) Кепілдік – Клиринг орталығы ОК бола отырып, орталық контрагент қызмет көрсетуге қабылдаған барлық мәміле бойынша есеп айырысудың аяқталуына кепілдік береді.
- 4) Дефолт-менеджмент – клирингілік қатысушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Клиринг орталығы адал клирингілік қатысушының мәмілелері бойынша есеп айырысуды аяқтауға мүмкіндік беретін дефолт-менеджмент процедураларын жүргізеді.

Клирингілік қатысушылар мынадай санаттардың бірін ала алады:

- қамтамасыз етусіз – клирингілік қатысушы белгілі бір биржалық нарықта мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді енгізбей сауда-саттыққа қатысады;

- ішінара қамтамасыз етумен – клирингілік қатысушы осы сауда-саттықта мәмілелер мен белсенді өтінімдер бойынша міндеттемелерді орындау үшін Клиринг ережелеріне сәйкес қалыптастырылатын жеткілікті қамтамасыз ету болған жағдайда қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысады;
- толық жабылған жағдайда – клирингілік қатысушы осы міндеттемелер туындаған қаржы құралдарында жасалған мәмілелер мен белсенді өтінімдер бойынша міндеттемелер толық қамтамасыз етілген жағдайда сауда-саттыққа қатысады.

KASE тобының негізгі артықшылықтары:

- Биржаға орнықтылықты сақтауға және қаржы құралдарының әртүрлі сыныптарының қажеттілігі есебінен экономикалық циклдің әртүрлі фазаларына тиімді бейімделуге мүмкіндік беретін бизнестің әмбебап моделі және нарықтардың әртараптандырылған құрылымы.
- KASE-дегі сауда-саттықтың сандық параметрлері акцияларды дамушы FTSE және MSCI нарықтарының индекстеріне енгізу кезінде, сондай-ақ қазақстандық акциялар нарығының рейтингтерін қалыптастыру үшін пайдаланылады.
- KASE шетелдік инвесторлар үшін нарықтық деректер көзі болып табылады және Bloomberg, Refinitiv және басқаларды қоса алғанда, жетекші халықаралық ақпарат өнім берушілермен белсенді ынтымақтастық жасайды.
- Қазақстандық капитал нарығы туралы ақпараттың маңызды көзі бола отырып, халықаралық биржалық қауымдастықтарға қатысу арқылы халықаралық қатысуды және инвестициялық базаны кеңейту.
- Қазіргі заманғы технологиялар, сауда-саттық пен есеп айырысудың жолға қойылған инфрақұрылымы, Орталық контрагент (ОК) қызметтерінің болуы және T+2 толыққанды тәртіптемесі, сондай-ақ дамыған репо нарығы.
- T+2 толыққанды сауда-клирингілік циклін енгізу арқасында шетелдік инвесторлардың оңайлатылған қолжетімділігі.
- Биржалық нарықтарда ақшалай есеп айырысу жүргізу үшін меншікті корреспонденттік желінің болуы.
- KASE индексі халықаралық инвестициялық қоғамдастық кеңінен пайдаланатын қазақстандық акциялар нарығы жай-күйінің негізгі индикаторы ретінде.
- Биржа банктер мен брокерлік-дилерлік ұйымдарды қоса алғанда, қаржы нарығының негізгі қатысушыларын біріктіреді, бұл тұрақты және өтімді сауда-саттық ортасын қалыптастырады.

- Биржаның дамуы мен орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің жоғары деңгейдегі сараптамасы мен кәсібилігі.

НЕГІЗГІ ФАКТІЛЕР, НАРЫҚ ТРЕНДТЕРІ

KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2025 жылы 400,8 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 3,0 % немесе 11,7 трлн теңгеге артық. Мәмілелер саны 62 % өсіп, 1,5 млн мәмілені құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден едәуір жоғары.

Акциялар нарығын капиталдандыру 18,7 % артып, 39,0 трлн теңгеге жетті. KASE индексі 2025 жылы 26,1 % өсіп, 7 031,32 тармаққа жетті және 2025 жылғы 1 қазанда тарихи максимумды 7 212,13 тармақ деңгейінде жаңартты.

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 18,5 % немесе 2,5 трлн теңгеге артып, 16,2 трлн теңгені құрады. Әсіресе, KASE-дегі корпоративтік облигациялар секторында айтарлықтай өсім байқалады, оның көлемі 38,1 % (1,7 трлн теңге) ұлғайып, 6,0 трлн теңгеге жетті.

"KASE Global" секторында сауда-саттық көлемі 172,7 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 270,6 % немесе 126,1 млрд теңгеге артық. Репо операцияларының жиынтық көлемі 2025 жылы 251,6 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылдың ұқсас көрсеткішінен 3,8 % немесе 10,0 трлн теңгеге төмен.

Бастапқы нарық көлемі 11,7 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 19,9 % немесе 1,9 трлн теңгеге артық. Қараша айында "Қазақстан Халық Банкі" АҚ жай акцияларының SPO өтті, оның шеңберінде KASE-де 36,4 млрд теңге тартылды.

2026 жылғы 01 қаңтарда KASE сауда-саттық тізімдерінде 280 эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының 939 атауы болды.

Орталық депозитарийде 2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша 5,1 млн шот, оның ішінде омнибус-шоттар арқылы тіркелген 698 мың жеке шот және 4,3 млн брокерлік шот болды. Салыстыру үшін, 2025 жылғы 01 қаңтарда 685 мың дербес шот және 2,8 млн омнибус-шот болды.

2025 жылы 41 жаңа эмитенттің бағалы қағаздары листинг процедурасынан өтті: біреуі акциялар секторында, 40 корпоративтік облигациялар секторында.

KASE ТОБЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕБІ

KASE тобының 2025-2027 жылдарға арналған даму стратегиясы: жетістіктер мен нәтижелер

2024 жылғы желтоқсанда KASE мен KACC Директорлар кеңесі KASE тобының 2025-2027 жылдарға арналған даму стратегиясын қабылдады.

Стратегия биржалық және клирингілік қызметтер спектрін кеңейту, KASE тобы командасының жоғары клиентке бағдарлануы және кәсібилігі есебінен Орталық Азияның биржалық нарықтарында Топтың көшбасшылық позицияларын қамтамасыз етуге бағытталған.

Стратегияның негізгі бағыттары негізгі бизнестің өсуі, жаңа өнімдер мен қызметтер ұсыну, IT инфрақұрылымын жетілдіру болып табылады.

Стратегия ағымдағы сын-қатерлерді ескере отырып, 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясының бағытын жалғастырады.

KASE тобы доминантты нарықтарда көшбасшылық позицияларды сақтауға, сондай-ақ жаңа эмитенттер мен инвесторларды тарту есебінен МБҚ нарықтарының, акциялардың, шетелдік акциялардың өтімділігін арттыруға, жаңа үрдістерді ескере отырып, биржалық өнімдер желісін одан әрі кеңейтуге шоғырланған. KASE тобы тұтастай алғанда қаржы секторын дамытудың ашықтығының, сенімділігі мен тиімділігінің кепілі ретінде әмбебап отандық биржалық инфрақұрылымды дамытуды жалғастыруда.

Стратегия шеңберінде ESG-күн тәртібін дамыту KASE тобының нарықтық өзара іс-қимылын да, ішкі басқару процестерін де қамтитын жүйелі іске асыру кезеңіне шығады. Процедураларды жетілдіруді және эмитенттер шеңберін кеңейтуді қоса алғанда, ESG-облигациялар сегментін дамыту үшін орнықты жағдайлар жасауға, сондай-ақ листингілік компаниялар арасында қаржылық емес және орнықты есептілікті ашудың үздік практикаларын ілгерілетуге басым назар аударылады, бұл капитал нарығының ашықтығын арттыруға және инвесторлардың сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Стратегия шеңберінде KASE тобы әлемдік стандарттарға толық сәйкестікке, рейтингтік бағаларды арттыруға және әлемдік жіктеуіштерде Қазақстан Республикасының қор нарығының мәртебесін арттыруға ұмтылады.

| Стратегиялық бағыттар | Міндеттер |
|----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| НЕГІЗГІ БИЗНЕСТІҢ ӨСУІН САҚТАУ | <ul style="list-style-type: none"> • Валюта, ақша, МБҚ нарықтарындағы көшбасшы • FTSE/MSCI жіктеуіштерінде Қазақстанның қор нарығының позициясын Emerging Market-ке дейін көтеру • Индекстік акциялар санын өсіру • KASE Global секторын өсіру және дамыту • Ақпараттық өнімдер мен сервистерді дамыту және ілгерілету • ОК қызметтерін дамыту және жетілдіру • KASE Academy – қор нарығында қаржылық сауаттылықты арттыру |
| ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕР МЕН ӨНІМДЕРДІ ІСКЕ ҚОСУ | <ul style="list-style-type: none"> • Жаңа өнімдерді енгізу және жаңа нарықтарды игеру • Басқа нарықтарда ОК қызметтерін ұсыну |
| ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖЕТІЛДІРУ | <ul style="list-style-type: none"> • Технологиялық жаңғырту және инновациялық даму – үздіксіздікті және істен шығуға төзімділікті арттыру, "Legacy" жүйелерін қысқарту, бизнес-процестерді цифрландыру, R&D жобалары • HR брендин дамыту • ESG практикасын енгізу – "көміртегі ізін" қысқарту, қайырымдылық, корпоративтік басқаруды жетілдіру |

"Негізгі бизнестің өсуін сақтау" стратегиялық бағыты шеңберінде мынадай жобалар іске асырылды

КАСС-қа "позитивті" болжамымен "А+" деңгейінде операциялық рейтинг берілді

Сауда-саттықтан кейінгі тәуекелдерді бағалауға маманданған Thomas Murray британдық консалтингтік агенттігі KASE клиринг орталығына "А+" деңгейіндегі операциялық рейтинг берді, рейтинг бойынша болжам – "позитивті".

Операциялық рейтинг орталық контрагенттің клиенттерге операциялық қызмет көрсету шеңберінде өз міндеттемелерін орындау қабілеті туралы сараптамалық пікірін көрсетеді.

Рейтингтік бағалау тәуекелдердің алты құрамдас бөлігін талдауға негізделеді: қарсы серіктес тәуекелі, өтімділікті басқару тәуекелі, активтердің сақталу тәуекелі, қаржылық тәуекел, операциялық тәуекел және ашықтық пен корпоративтік басқару тәуекелі.

КАСС-қа "Тұрақты" болжамымен BBB- кредиттік рейтингі берілді
KASE клиринг орталығы Fitch Ratings LTD халықаралық агенттігінің "Тұрақты" болжамымен BBB- ұзақмерзімді кредиттік рейтингін (Long-Term Issuer Default Rating) алды.

Бұл кредиттік рейтинг – орталық контрагенттің өз міндеттемелері бойынша жауап беру қабілеті туралы рейтингтік агенттіктің сараптамалық пікірі. Орталық контрагентті бағалау қаржылық есептілікті талдау негізінде жүзеге асырылады, бұл ретте оның қызметінің ерекшелігі және мемлекеттік қолдау деңгейі ескеріледі.

Орталық контрагентті бағалау кезінде рейтингтік агенттіктер оның қызметінің мынадай аспектілерін ескереді: ірі қатысушының шоғырлануы, кепілдік беру қорының жеткіліктілігі, маржалық қамтамасыз етудің жеткіліктілігі, инвестициялық саясат, CPMI-IOSCO PFMI талаптарына сәйкестігі.

Клиринг орталығына "Тұрақты" болжамымен BBB- (кредитке қабілеттіліктің жеткілікті деңгейі) рейтингін беру оның қызметінің тұрақтылығы мен сенімділігін көрсететін факторлар жиынтығының нәтижесі болды.

Клиринг орталығын бағалау аспектілерінің бірі мемлекеттік қолдау болды: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Клиринг орталығына жүйелік маңызы бар қаржы ұйымы мәртебесін берді, бұл Ұлттық Банктің қолдау тетіктеріне рұқсаттаманы көздейді.

Сонымен қатар ақпараттық технологиялар және қызметтің үздіксіздігін басқару салаларында KASE клиринг орталығының Биржамен интеграциясының жоғары дәрежесі маңызды рөл атқарды.

Клиринг орталығы халықаралық стандарттар мен халықаралық нарықтағы үздік бизнес-практикаларға сәйкес келетін нарықтық тәуекелді басқарудың тұрақты жүйесін көрсетті.

Консервативтік инвестициялық саясат жоғары өтімділік пен қаржылық тұрақтылықты қолдауға да ықпал етеді.

Рейтингтік агенттік операциялық тәуекелдерді, әсіресе IT-инфрақұрылымның жұмыс істеуі бөлігінде сенімді бақылау жүйесін атап өтті. Кірістердің тұрақтылығы және Биржаның да, Клиринг орталығының да капиталдандырудың жоғары деңгейі инвестициялық деңгей рейтингін берудің негізділігін қосымша нығайтты. Осының барлығы жиынтығында Клиринг орталығының елдің қаржы жүйесіндегі орнықты ұстанымын растайды.

КАСС бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алды

2025 жылғы 10 маусымда KASE клиринг орталығы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алды.

Есептік жылы қатысушыларды клирингілік қамтамасыз ету есебінен инвестицияларды, сондай-ақ кепілдік және сақтық қорлардың қаражатын жүзеге асыру үшін Бағалы қағаздар орталық депозитарийінде қосалқы шоттар мен банктік шот ашылды.

2025 жылғы 30 қыркүйектен бастап KASE клиринг орталығы "қор" санаты бойынша KASE мүшелігіне қабылданды. Жыл соңында Клиринг орталығы өз бетінше жасаған алғашқы мәміле жасалды.

Лицензия алу орталық контрагенттің функцияларын орындау тиімділігін арттыру және ұсынылатын қызметтер тізбесін кеңейту үшін жағдай жасайды.

Орталық контрагенттің қатысуымен еурооблигацияларды орналастыру тәртібі енгізілді

2025 жылғы 22 сәуірде KASE нарық қатысушыларына Орталық контрагенттің қатысуымен және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ арқылы есеп айырысумен еурооблигацияларды орналастыру бойынша қосымша мүмкіндік ұсынды. Бағалы қағаздарға жазылуды өткізу кезінде бірыңғай лимит түріндегі қамтамасыз етуді бұғаттау тетігі енгізілді. Бұл жаңалық операциялық тиімділікті және брокерлер үшін, бірінші кезекте, әрбір жеке өтінімге қаражаттың артық сақтық қорын жасамай активтерді тиімді пайдалану мүмкіндігімен инвесторлар үшін орналастыруға қатысудың қолайлылығын арттырады. Бірыңғай шектелімді пайдалану қамтамасыз етуді басқаруды оңтайландырады және қатысушылардың өтімділігіне жүктемені азайтады. Бұл тетік инвесторлардың сенімін нығайта отырып, жазылу процесінде тәуекелді басқару жүйесіндегі ашықтық деңгейін және есеп айырысу сенімділігін арттырады. Бірыңғай шектелім тетігін іске асыру KASE-нің

клиентке бағдарланған жоғары технологиялық алаң ретіндегі мәртебесін растады және қор нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің өсуіне ықпал етті, ол 2025 жылдың қорытындысы бойынша тұрақты оң серпінді көрсетті.

Бағалы қағаздар бойынша қытай юанінде есеп айырысуды енгізу

2025 жылғы 03 наурыздан бастап бағалы қағаздар бойынша қытай юанімен есеп айырысу, мамандандырылған сауда-саттық, жазылу және жария ұсыныс арқылы орналастыру қолжетімді болды. 2025 жылғы 22 қыркүйектен бастап бағалы қағаздардың қайталама нарығының мәмілелері және қытай юанімен есеп айырысумен репо операциялары басталды.

Қытай юанінде сауда мүмкіндіктерін дамыту экспорттық-импорттық операцияларды кеңейту және елдер арасындағы іскерлік белсенділікті арттыру үшін жағдай жасай отырып, қытай инвесторларын тарту және сауда-экономикалық байланыстарды нығайту үшін жаңа перспективалар ашады.

Қытай юанін есеп айырысуларда пайдалану да дәстүрлі сақтық валюталарға тәуелділікті төмендете отырып, валюталық тәуекелдерді әртараптандыруға мүмкіндік береді және қаржы ағындарын оңтайландыруға ықпал етеді. Қосымша артықшылық транзакциялық шығындарды азайту болып табылады, бұл операцияны нарыққа қатысушылар үшін неғұрлым тиімді және тартымды етеді.

Индекстер мен индикаторларды енгізу

2025 жылдың соңына қарай KASE 34 биржалық индекс пен ақша және қор нарықтарының индикаторларын есептеді, олар инвесторлар мен талдаушыларға бағалы қағаздар нарығының белгілі бір сегментінде болып жатқан өзгерістерді көрсетеді және Қазақстан Республикасының қор нарығының бүкіл әлем бойынша танымалдылығын арттырады.

2025 жылы Биржа KASE толық кірістілік индексін (KASE_TR индексі) есептеуге және жариялауға кірісті, ол осы акциялар бойынша дивидендтік төлемдерді (кірістерге салық салуды есептемегенде) ескере отырып, KASE индексінің өкілеттік тізіміне кіретін акциялардың параметрлері негізінде есептеледі.

KASE_TR индексін есептеу кезінде акцияларды алуға құқығы бар тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталатын күнгі акциялар бойынша дивидендтер ескеріледі. KASE_TR индексінің бастапқы мәні ретінде 2024 жылғы соңғы тоқсандағы дивидендтік кірісті ескере отырып, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы KASE индексінің мәні пайдаланылды, бұл есептеулердің дұрыстығы мен салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

KASE_TR индексін енгізу нарық үшін айтарлықтай қызығушылық тудырады, өйткені инвесторларға акциялар бағасының өзгеруін, сондай-ақ дивидендтік төлемдерді қоса алғанда, инвестициялардың жиынтық кірістілігі туралы неғұрлым толық түсінік алуға мүмкіндік береді. Бұл индекс инвестициялық стратегиялардың тиімділігін

бағалау үшін неғұрлым нақты бенчмарк ретінде пайдаланылуы, сондай-ақ биржалық қорлар мен туынды құралдарды қоса алғанда, жаңа инвестициялық өнімдерді әзірлеу үшін база ретінде қызмет етуі мүмкін, бұл қор нарығын одан әрі дамытуға және инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етеді.

SME Qadam Bonds бағдарламасы іске қосылды

Нарықты дамытудағы негізгі екпін инвесторларды қорғауды күшейту кезінде эмитенттер үшін оның қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Осыған байланысты әкімшілік жүктемені төмендету мен ашықтыққа қойылатын талаптар арасындағы теңгерімді сақтай отырып, компаниялардың биржаға шығу процедураларын, оның ішінде тез өсетін бизнес пен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін жеңілдету жөніндегі шаралар қарастырылуда.

2025 жылы практикалық құралдардың бірі ретінде компаниялардың қор нарығына кезең-кезеңімен шығуын көздейтін SME Qadam Bonds бағдарламасы іске асырылды. Бағдарлама ШОБ субъектілеріне листингке және орналастыруға байланысты шығындарды төмендету кезінде кепілдіксіз нарықтық қаржыландыруды тарту мүмкіндігін ұсынады.

Орналастыру KASE ресми тізімінің "Жеке орналастыру" алаңында жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылады. Бағдарламаға қатысу мерзімі қаржы кеңесшісі міндетті түрде тартылған кезде үш жылға дейін құрайды. Жеке орналастыру тетігін пайдалану неғұрлым қысқа клиенттік жолмен және инвесторларды қорғаудың қажетті стандарттарын бір мезгілде сақтай отырып, аудиттелген есептілікке қойылатын икемді талаптармен негізделген.

KASE академиясын құру

Биржа 2025 жылы 2025–2027 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру шеңберінде KASE академиясын дербес құрылымдық бірлік ретінде құруға бастамашы болды. Академияны қалыптастыру бытыраңқы оқыту бастамаларынан құзыреттілікті дамытудың орталықтандырылған моделіне көшуді көрсетеді.

Академияны құру қажеттілігі реттеуші ортаны жетілдіруге, атап айтқанда, ақпаратты ашу сапасына қойылатын талаптарды арттыруға және орнықты қаржыландыру рөлін күшейтуге байланысты. Бұл жағдайларда жаңа талаптарды уақтылы түсінуге және дұрыс қолдануға бағытталған нарық қатысушыларымен жүйелі түсіндіру және білім беру жұмысының мәні артады және инфрақұрылымдық ұйымдар сауда-саттық пен есеп айырысуды қамтамасыз ету жөніндегі операциялық функцияны ғана емес, кәсіби ортаны қалыптастырудағы институционалдық рөлді де орындайды.

KASE академиясы Биржаның адам капиталын жүйелі дамыту және қаржы нарығына қатысушылардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру үшін құрылған, бұл қазақстандық қор нарығының ұзақмерзімді дамуына ықпал етеді. Академия қызметі өзекті кәсіби құзыреттерді дамытуға, қазіргі заманғы нарықтық инфрақұрылымды

дамыту жағдайында тиімді жұмыс істеуге қабілетті мамандарды оқыту және даярлауды қолдау тәсілдерін стандарттауға бағытталған.

Академия моделі қызметтің екі бағытын көздейді: Биржа қызметкерлерінің құзыреттерін дамыту және эмитенттер, кәсіби қатысушылар, инвесторлар және академиялық қоғамдастық үшін білім беру бастамаларын іске асыру. Осылайша, Академия ішкі сараптаманы және нарықтың кәсіби ортасын келісілген дамытуды қамтамасыз ететін құзыреттер орталығы функциясын орындайды.

Оқыту және консалтинг

2025 жылы білім беру қызметінің сыртқы бағыты реттеуші талаптарды енгізуді қолдауға және нарық қатысушыларының ақпаратты ашу сапасын арттыруға шоғырландырылды. Эмитенттер мен кәсіби қатысушыларға арналған бағдарламалар қор нарығын реттеудің және оның жұмыс істеуінің практикалық аспектілерін қамтыды. Қаржылық сауаттылық жөніндегі бастамалар Биржа мүшелерімен бірлесіп іске асырылды және бөлшек инвесторларға бағытталды.

Есептік жылы нарық және академиялық орта қатысушыларының негізгі топтарын қамту қамтамасыз етілді. Университеттермен өзара іс-қимыл сыртқы семинарлар өткізуді және жоғары оқу орындарымен, оның ішінде Nazarbayev University, Maqсут Narikbayev University, Тұран университеті, Nargoz University, Alma U-мен формалданған серіктестіктерді дамытуды қамтыды.

1-кесте. 2025 жылғы сыртқы білім беру қызметінің негізгі көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Мәні |
|---------------------------------------------------------|-------------|
| Эмитенттер мен кәсіби қатысушыларға арналған іс-шаралар | 10 |
| Қаржылық сауаттылық жөніндегі іс-шаралар | 5 |
| Сыртқы семинарлармен қамтылған университеттер | 8 |
| Ынтымақтастық туралы жасалған меморандумдар | 3 |

Сонымен қатар, Академия Қазақстан Республикасының Банктер қауымдастығы, Fitch, TUYID, Silkroad Innovation Hub және басқа да кәсіби бірлестіктермен және инновациялық алаңдармен өзара іс-қимыл арқылы серіктестік желіні дамытты.

Есептік жылы FEAS шеңберінде "KASE Academy Case Study: Building a Resilient Market via Strategic Education" талдамалық жұмысы жарияланды, бұл Академияның халықаралық жайғасымын және кәсіби байланыстарды кеңейтуді қамтамасыз етті.

KASE тобының интернет-ресурстарының жаңа нұсқаларын іске қосу

KASE тобының екі жеке интернет-ресурсы — Биржаның жаңартылған сайты және KACC сайтының жаңа нұсқасы іске қосылды. Екі ресурс тәжірибелік-өнеркәсіптік

пайдалану кезеңінен кейін пайдалануға берілді және өтпелі кезеңге пайдаланушылардың ыңғайлы бейімделуін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы нұсқалармен қатар қолдау көрсетілді. Сайттар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде десктоп, планшет және мобильді нұсқаларда қолжетімді. Биржаның интернет-ресурсы KASE қызметі және нарық туралы негізгі ақпарат көзі мәртебесін сақтайды, ал KACC жаңартылған сайты клирингілік және есеп айырысу инфрақұрылыммен өзара іс-қимылдың ашықтығы мен қолайлылығын арттыруға бағытталған.

Capital Markets Kazakhstan ақпараттық порталын Бағалы қағаздар орталық депозитарийімен бірлесіп іске қосу

Бағалы қағаздар орталық депозитарийімен бірлесіп шетелдік және жергілікті инвесторлар үшін қазақстандық облигациялар нарығы туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру үшін Capital Markets Kazakhstan ақпараттық порталы іске қосылды. Платформа нарық құрылымы, институттар, реттеуші орта және құралдар туралы деректерді біріктіреді. Жоба шеңберінде KASE бірыңғай цифрлық ақпараттық кеңістікті қалыптастыра отырып, сауда-саттық және құралдар (облигациялар, акциялар, индекстер) туралы деректерді интеграциялады.

"Жаңа қызметтер мен өнімдерді іске қосу" стратегиялық бағыты шеңберінде мынадай жобалар іске асырылды:

Клирингілік және есеп айырысу қызметтерін, сондай-ақ биржадан тыс нарық бойынша орталық контрагенттің қызметтерін көрсету

2025 жылғы 01 тамыздан бастап KACC клирингілік және есеп айырысу қызметтерін және NTPro платформасында жасалған шетел валюталарымен биржадан тыс мәмілелер бойынша орталық контрагенттің қызметтерін көрсете бастады. "Келіссөз мәмілелері" (NTPL) тәртіптемесіндегі мәмілелер клирингілік қызметтер көрсету үшін KASE валюта нарығының сауда-клирингілік жүйесіне автоматты түрде беріледі.

NTPro платформасынан және Биржаның валюта секторынан мәмілелер жалпы клирингілік пулға біріктіріледі. Бұл өтімділікті басқаруды жеңілдетеді және нарыққа қатысушылар үшін есептеулерді икемді және ыңғайлы етеді. Мұндай мәмілелер бойынша барлық нетто-есеп айырысуды Клиринг орталығы Биржаның валюта секторындағы мәмілелер сияқты ережелер бойынша жүргізеді.

Клирингілік қызмет көрсетуге Биржаның валюта нарығында саудаланатын валюталық жұптар бойынша NTPro платформасында жасалған мәмілелер қабылданады.

Клирингілік қатысушылар үшін NTPro платформасын пайдаланудың артықшылықтары:

- Контрагенттер шеңберін кеңейту. Қатысушылар нақты контрагенттерге шектелімдерді қолданбай мәмілелер жасай алады, бұл сауда-саттықтың әлеуетті көлемін едәуір ұлғайтады.
- Кредиттік және есеп айырысу тәуекелдерін барынша азайту. Барлық мәміле әрбір мәміле бойынша тарап болып табылатын және орталықтандырылған есеп айырысуды қамтамасыз ететін KASE клиринг орталығы арқылы жүргізіледі.
- Биржадан тыс және биржалық мәмілелердің неттингі. NTPro-да жасалған мәмілелер биржалық мәмілелермен бірыңғай позицияға біріктіріледі, бұл портфельді басқаруды және есеп айырысуды жеңілдетеді.
- Қамтамасыз етудің бірыңғай пулы. Қамтамасыз ету биржалық және биржадан тыс мәмілелер үшін бір мезгілде пайдаланылады, бұл оны пайдалану тиімділігін арттырады.
- Орындау кепілдігі. Орталықтандырылған клиринг пен есеп айырысулар міндеттемелерді орындаудың сенімділігін қамтамасыз етеді.
- Қамтамасыз етуді алдын ала тексеру. Жүйе нақты уақытта мәміле жасалғанға дейін қажетті қамтамасыз етудің болуын тексеруге мүмкіндік береді.

Өңірдегі биржалар мен қаржы ұйымдарының нарықтық деректеріне орталықтандырылған қолжетімділіктің KASE Market Data Hub цифрлық инфрақұрылымдық платформасын іске қосу

Биржа KASE Market Data Hub – өңірдегі биржалар мен қаржы ұйымдарының нарықтық деректеріне орталықтандырылған қол жеткізу үшін Биржа базасында құрылған цифрлық инфрақұрылымдық платформаны іске қосты. KASE Market Data Hub бірыңғай стандартталған арна шеңберінде деректерді өнім берушілер мен тұтынушыларды біріктіруге арналған. Платформа жаңа ақпарат көздерін қосу кезінде көптеген техникалық интеграцияның қажеттілігін жояды және шарттар жасауды, өзара есеп айырысуды, қаржылық құжаттарды қалыптастыру мен алмасуды қоса алғанда, әкімшілік және операциялық шығындарды айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

KASE Data Hub деректерді өнім берушілер мен нарықтың кәсіби қатысушылары – банктер, брокерлер, басқарушы компаниялар және жаһандық ақпараттық вендорлар арасындағы түйіндесудің технологиялық нүктесі ретінде жобаланған. Платформа "бір қосылу – деректерге ауқымды қол жеткізу" қағидатын іске асыра отырып, техникалық әкімшілендіру міндеттерін өзіне алады.

Мұндай модель екі жақты экожүйені қалыптастырады, оның шеңберінде Биржа деректер көздері мен тұтынушылар арасындағы өзара іс-қимыл операторы ретінде әрекет етеді. Оны енгізу қатысушылардың коммерциялық биржалық ақпаратты дистрибуциялауға деген көзқарасын сапалы өзгертуге: кіру кедергілерін төмендетуге, жаңа ақпараттық өнімдерді іске қосуды жеделдетуге және өнім

берушілердің де, деректерді тұтынушылардың да шеңберін одан әрі кеңейту үшін ауқымды негіз құруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде Биржа нарықтағы деректердің тиімді қозғалысын қамтамасыз ететін және оның дамуы үшін қосымша мүмкіндіктер жасайтын инфрақұрылымдық орталық ретінде өз рөлін күшейтеді.

KASE Market Data Hub-тың іске қосылуы KASE-дің қазіргі заманғы қаржы-технологиялық экожүйеге трансформациялануын көрсетеді және нарықтық ақпаратқа мөлдір және ауқымды трансшекаралық қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, цифрлық сервистерді дамыту үшін іргетас қалыптастырады.

"Қызметті және инфрақұрылымды жетілдіру" стратегиялық бағыты

ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін растау

2025 жылы KASE тобы сыртқы аудит нәтижелері бойынша қолданыстағы менеджмент жүйелерінің ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін табысты растады, бұл басқару процестерінің жетілгендігін және Биржа мен Клиринг орталығының қызметін ұйымдастырудың жоғары деңгейін көрсетеді.

ISO 9001:2015 стандартына сәйкестігі клиенттер, нарыққа қатысушылар және өзге де мүдделі тараптар алдындағы міндеттемелерді ұзақмерзімді дамытуға және тиімді орындауға бағдарланған сапаны басқарудың жүйелі тәсілінің болуын растайды. Стандарт талаптары негізгі процестерді (жоспарлау, қызметтерді әзірлеу және көрсету, бақылау), қосалқы процестерді (персоналды, білімді, инфрақұрылымды басқару) және басқарушылық процестерді (стратегиялық жоспарлау, мақсатты болжау, жобаларды басқару және үздіксіз жетілдіру) қоса алғанда, қызметтің негізгі аспектілерін қамтиды.

ISO/IEC 27001:2022 сәйкестік сертификаты ақпаратты қорғауға, тәуекелді басқаруға және негізгі бизнес-процестердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған ішкі саясатты, процедуралар мен бақылау тетіктерін енгізуді қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ұйымдастырудың жоғары деңгейін растайды. Іске асырылатын шаралар қатерлердің тұрақты мониторингін және тәуекелдерге уақтылы ден қоюды қоса алғанда, деректердің сақталуын, сондай-ақ ақпараттық активтердің тұтастығын, құпиялылығын және қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

KASE тобы нарыққа қатысушыларға қызметтің тиімділігін арттыруға, тәуекелдерді төмендетуге және барлық мүдделі тараппен өзара іс-қимылды дамытуға ықпал ететін сенімді және тиімді инфрақұрылымды қамтамасыз ете отырып, бизнес-процестерді үздіксіз жетілдіру және инновациялық шешімдерді енгізу қағидаттарын дәйекті ұстанады.

Өнімдік трансформациялау бағдарламасы

2025 жылы KASE тобы клиенттер мен нарыққа қатысушылар үшін тұрақты құндылық жасауға бағытталған басқарудың жобалық моделінен өнімдік моделіне көшуге бағытталған өнімдік трансформация бағдарламасын іске асыруға кірісті.

Трансформация шеңберінде өнімнің бағыттарын бөлуді, өнімдердің нәтижелері үшін жауапкершілікті бекітуді және кросс-функционалдық командаларды дамытуды көздейтін өнімдерді басқарудың нысаналы моделі әзірленіп, енгізілді. 2025 жылы сауда-саттық сервистерін, пост-трейд инфрақұрылымын, нарықтық деректерді және клиенттік сервистерді қоса алғанда, 9 өнімдік команда іске қосылды, бұл қаржы инфрақұрылымындағы олардың рөлін ескере отырып, өнімдер портфелін құрылымдауға мүмкіндік берді.

Өнімдік басқару қағидаттарын енгізуге, сондай-ақ бастамаларға басымдық беру мен өнімдік бэклогтардың басқарудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Осы тәсілдерді іске асыру шешім қабылдау процесінің ашықтығын арттыруды және ресурстарды неғұрлым бизнес-құндылығы бар бастамаларға шоғырландыруды қамтамасыз етті.

Есептік кезеңде Agile-тәсілдерді енгізу және қызметті ұйымдастырудың командалық моделін дамыту бойынша жұмыс жүргізілді. Өнімдік командаларда жоспарлаудың және міндеттерді орындаудың тұрақты циклдері енгізілді, бұл өзгерістерді жеткізудің болжамдылығын арттыруға және жаңа функционалдық мүмкіндіктерді шығару мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік берді.

Тиімділіктің түйінді көрсеткіштерін анықтау мен өнімді талдау құралдарын дамытуды қоса алғанда, метрика негізінде өнімдерді басқарудың тәсілдері қосымша енгізілді. Бұл деректер негізінде басқарушылық шешімдер қабылдауға көшуді қамтамасыз етті және іске асырылып жатқан бастамалардың нәтижелерін бағалау сапасын арттырды.

Процестерді стандарттауды, бастамалардың бірыңғай тізілімін қалыптастыруды және жобалар мен өнімдік өзгерістерді іске асыруды бақылаудың ашықтығын арттыруды қоса алғанда, жобалар мен өнімдерді басқару жүйесін дамыту маңызды бағыт болды.

Көрсетілген іс-шараларды іске асыру өнім портфелін басқаруды арттыруға, өзгерістерді енгізуді жеделдетуге және KASE тобының стратегиялық мақсаттары мен іске асырылып жатқан бастамалар арасындағы өзара тығыз байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Өткізілген өнімдік трансформациялау KASE тобы бизнесінің бәсекеге қабілеттілігі мен орнықтылығын арттыруға бағытталған өнімдерді басқарудың қазіргі заманғы, икемді және клиентке бағдарланған моделін одан әрі дамыту үшін негіз қалыптастырды.

KASE қызметінде өнімдік және командалық тәсіл күшейтілді, сондай-ақ бөлімшелер арасындағы функционаларалық өзара іс-қимыл кеңейтілді. Бұл тәсіл бастамаларды неғұрлым келісілген басқаруды қамтамасыз етуге, шешім қабылдау жылдамдығын және жобаларды іске асыру сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Өнімдік модель Биржаның операциялық қызметін трансформациялаудың және клиенттік сервистерін дамытудың негізгі элементтерінің біріне айналды.

Ақпараттық саясат

Биржа Қазақстан Республикасындағы биржалық ақпараттың негізгі көзі бола отырып, нарықтың барлық қатысушысы үшін ашық және қауіпсіз ақпараттық орта қалыптастыра отырып, сенімді және беделді деректер провайдерінің рөлін дәйекті түрде нығайтады. Биржаның ақпараттық саясаты реттеушілерден бастап халықаралық әріптестер мен инвесторларға дейін мүдделі тараптардың барлық санаты үшін ақпаратты ашу қағидаттарын, тәсілдері мен процедураларын реттеуді жалғастырады. Оның негізгі міндеті – деректерді жүйелі, сапалы және уақтылы ұсыну арқылы нарыққа деген сенімді қамтамасыз ету.

Есептік жылы Биржа ақпаратты ашудың тұрақтылық, жеделділік және дәйектілік секілді базалық қағидаттарын дәйекті түрде ұстанды. Биржаның құзыреті шеңберінде жарияланған деректердің толықтығы мен релеванттылығына, сондай-ақ олардың бейтараптығы мен объективтілігіне ерекше назар аударылды. Пайдаланушылардың барлық санаты үшін жария ақпаратқа тең қол жеткізуді қамтамасыз ету ашық және бәсекелес ортаны қалыптастыруға ықпал ете отырып, басымдықтардың бірі болып қалды.

Деректер көлемі мен құндылығының өсуі жағдайында Биржа құпия ақпаратты қорғау және инсайдерлік деректерді пайдалануды болдырмау жөніндегі талаптардың сақталуын бақылауды күшейтеді. Бұл ретте серіктестер мен клиенттердің мүдделерін қоса алғанда, ашықтық пен коммерциялық мүдделерді қорғау арасындағы теңгерімді тәсіл сақталады.

2025 жылы қосымша деректерді ұсыну тәсілдерін біріздендіруге және нарық қатысушыларымен өзара іс-қимылдың болжамдылығын арттыруға баса назар аударылды, бұл клиенттік тәжірибенің сапасын арттыруға және Биржаның ақпараттық сервистерімен интеграцияны жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Ақпараттық қызметтер

2025 жыл KASE үшін ақпараттық бизнесті дамытудың жаңа моделіне көшу кезеңі болды, оның шеңберінде Биржа деректер инфрақұрылымының операторы ретінде өз рөлін күшейтеді және нарыққа қатысушылардың ауқымды өзара іс-қимылы үшін жағдай жасайды.

Есептік жыл ішінде Биржаның ақпараттық қызметтеріне 44 ұйым қосылды. Бұл ретте өсім жаңа клиенттерді тарту есебінен де (19 ұйым), сондай-ақ қолданыстағы

пайдаланушылармен ынтымақтастықты кеңейту есебінен де қамтамасыз етілді, олардың 25-і қосымша ақпараттық өнімдерді қосты. Жаңа клиенттер арасында Fintel Ventures, MSCI, "Nomad Life" ӨСК" АҚ, "UD Capital" АҚ, "ТрансОйл" СК" АҚ, "Халық" сақтандыру компаниясы" АҚ және т.б. ұйымдар бар.

Жылдың басты нәтижесі KASE Market Data Hub орталықтандырылған деректер дистрибуциясы платформасын дамыту және өнеркәсіптік пайдалануға шығару болды. Платформа өзара іс-қимылдың бірыңғай технологиялық және операциялық контурын қалыптастыра отырып, "бір қосылу және бір шарт" қағидатын іске асырады.

Market Data Hub шеңберінде Биржа қатысушылардың түрлі санаттарын біріктіретін инфрақұрылым операторы болып табылады. Деректерді өнім берушілер шетелдік биржалық алаңдар мен орталық депозитарийлерді қоса алғанда, сыртқы көздер болып табылады, ал тұтынушылар қаржылық ақпарат провайдерлері, нарықтың кәсіби қатысушылары, қаржы ұйымдары және биржалық ақпаратқа қол жеткізуге мүдделі өзге де пайдаланушылар болуы мүмкін.

Сонымен қатар Биржа Bloomberg, Refinitiv және Citigroup Global Markets сияқты жаһандық ақпараттық провайдерлермен өзара іс-қимылды нығайтып, деректердің халықаралық дистрибуциясын дамытуды жалғастырды, бұл KASE деректерінің халықаралық инвестициялық инфрақұрылымда болуын қамтамасыз етеді.

Бөлшек сауда сегментінде оң динамика сақталуда: @KASEInfoBot telegram-ботының ақылы жазылушыларының саны 185 құрады, пайдаланушылардың жалпы саны 16 900-ден асты, ал корпоративтік сайт арқылы деректерге ақылы қолжетімділікті пайдаланушылардың саны 210-ға жетті.

Жалпы, 2025 жыл KASE ақпараттық бизнесін дербес стратегиялық бағытқа айналдырды. Биржа дәйекті түрде data-driven инфрақұрылымын қалыптастырады, онда деректерді өндіру ғана емес, сонымен қатар оларды тиімді дистрибуциялау, стандарттау және масштабтау да шешуші рөл атқарады. Одан әрі даму өнім желісін кеңейтуге және нарыққа қатысушылармен интеграция тереңдігін арттыруға, сондай-ақ жаңа деректер көздерін қосуға шоғырланатын болады.

KASE қызметтерінің сапасын бағалау

Биржа клиенттерінің қанағаттану деңгейін арттыру, биржалық сервистерді бағалауда жоғары позицияларды ұстап тұру және оларды жақсарту үшін жаңа жолдарды іздеу KASE қызметінің негізгі басымдықтары болып табылады. Биржа мүшелері, листингілік компаниялар және басқа да қызмет алушылар үшін жаңа жобалар мен өнімдерді енгізе отырып, KASE осы бастамалар бойынша кері байланыс алуға және клиенттермен тиімді коммуникация құруға бағдарланады.

KASE қосымша әрбір қызметті алу қорытындысы бойынша клиенттерден кері байланыс жинауға арналған ақпараттық жүйесін – web-қосымшаны енгізді. Бұл

қосымшаны функционалдық міндеттері клиенттерге қызмет көрсетуді қамтитын Биржаның барлық құрылымдық бөлімшенің жұмыскерлері, сондай-ақ клиенттердің өздері пайдаланады. Мұндай тәсіл қызмет көрсету сапасын жақсарту және ұсынылатын қызметтердің жоғары стандарттарын қолдау арқылы қанағаттану деңгейін тиімді қадағалауға және клиенттердің қажеттіліктері мен ескертулеріне жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, KASE өз қызметіне клиенттердің қанағаттануын кешенді бағалаумен белсенді айналысады. Ол үшін Биржа жыл сайын негізгі бизнес-процестерді қамтитын сауалнама жүргізеді және нәтижелердің объективтілігін арттыру үшін тәуелсіз зерттеу компанияларын тартады. Сауалнама қорытындысы бойынша Биржа алынған деректерді талдайды және олардың негізінде көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлейді. Бұл іс-шаралар содан кейін сервистерді ұдайы жетілдіруге ықпал ететін келесі жылға арналған іс-қимыл жоспарына енгізіледі.

2025 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген сауалнамаға Биржаның 60 мүшесінің 30-ы (50 %), 169 листингтік компанияның 88-і (52,07 %) және 237 клиенттің 28-і (11,81 %) қатысты.

Жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша 2025 жылдың қорытындысы бойынша Биржа клиенттерінің қанағаттануының жалпы бағасы 94,08 %-ды құрады, бұл ұсынылатын сервистерге қанағаттанушылық пен сенімнің жоғары деңгейін растайды.

Орнықты даму қағидаттарын енгізу

KASE тобының орнықты даму тәсілі

KASE тобы орнықты дамуды ұзақмерзімді бәсекеге қабілеттілік пен ұлттық нарықтық инфрақұрылымға сенім элементі ретінде қарастырады. ESG-күн тәртібі стратегиялық басқаруға интеграцияланады және бір мезгілде екі жазықтықта:

- 1) KASE тобының операциялық процестеріне ESG-қағидаттарды интеграциялау арқылы корпоративтік практика ретінде;
- 2) инвесторлар мен эмитенттер үшін қаржылық емес ақпараттың ашықтығы мен салыстырмалылығын арттыруға бағытталған құралдарды, әдіснамалық тәсілдер мен сервистерді дамыту арқылы нарықтық инфрақұрылым элементі ретінде іске асырылады.

KASE тобының 2025–2027 жылдарға арналған даму стратегиясы шеңберінде ESG-ақпаратты ашу стандарттарын дамытуға және ішкі нарықта орнықты қаржыландыруды қалыптастыруға ерекше назар аударылды.

Көрсетілген басымдықтар KASE тобының орнықты даму саясатында бекітілген ESG саласындағы бірыңғай қағидаттар мен міндеттемелер негізінде іске асырылады, ол орнықты дамуды түйінді басқару процестеріне ықпалдастыру шеңберін анықтайды. Осы қағидаттарды іс жүзінде іске асыру экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық бағыттар бойынша кезеңдік бастамаларды қамтитын Орнықты дамудың жол картасы арқылы қамтамасыз етіледі.

Орнықты дамуды басқару және ESG саласындағы саясат

KASE тобында орнықты даму мәселелері Топтың қызметі үшін олардың маңыздылығы призмасы арқылы қаралады, ал ESG-аспектілерді басқару корпоративтік басқару жүйесінде олармен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді тұрақты бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Орнықты дамуды қадағалауды корпоративтік басқару органдары жүзеге асырады және стратегиялық шешімдерді қабылдау кезінде басқару органдары деңгейінде орнықты даму мәселелерін қараумен және корпоративтік басқару мен іскерлік этика, тәуекел-менеджмент және комплаенс мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік жауапкершілік бөлігінде 2025 жылы адам капиталын басқарудың бірыңғай шеңбері бекітілді, оның негізінде Персоналды басқару саясаты өзектендірілді. Құжат корпоративтік мәдениетті, тартымдылықты дамытуға, тұрақсыздық тәуекелдерін төмендетуге, сондай-ақ құзыреттілік пен сабақтастықты дамытуға бағытталған.

KASE тобы әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі элементтерінің бірі ретінде әртүрлілік құндылықтары мен тең мүмкіндіктерді ілгерілетуге ұмтылады. Осы тәсілді

іске асыру шеңберінде 2025 жылғы 6 наурызда KASE алаңында Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының салтанатты ашылу рәсімі өткізілді, ол әйелдер кәсіпкерлігін инвестициялау және дамыту контекстінде гендерлік инклюзивтілік мәселелері бойынша диалог алаңына айналды.

Экологиялық бағытта KASE тобы орнықты және жауапты қаржыландыруды дамытуға, климаттық күн тәртібін ілгерілетуге және қоршаған ортаға өзінің экологиялық әсерін төмендетуге шоғырланған. 2025 жылы бұл тәсілдер Экологиялық жауапкершілік туралы мәлімдемеде ресімделді, ал "Жасыл кеңсе" бағдарламасын қоса алғанда, олардың іс жүзінде іске асырылуы Биржаның Net Zero Financial Services Providers Alliance (NZFSPA) қатысуымен және Альянстың 2024 жылғы міндеттемелерінің орындалуы туралы есептің жариялануымен толықтырылады.

Нарықтың ESG-инфрақұрылымын дамыту: деректер, әдіснама, құралдарға қолжетімділік

Инвесторлар мен эмитенттердің орнықты қаржы құралдарына қызығушылығының өсуіне қарай нарықтың алдында деректердің ашықтығын, салыстырмалылығын және ESG-инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыру міндеті тұр. Осы сауалға жауап ретінде Биржа ESG-нарығының құралдары мен сервистерін дәйекті түрде дамытады, сондай-ақ оның қатысушыларының шеңберін кеңейтеді.

2025 жылдың аяғында Биржа тізімінде ESG-облигациялардың 39 шығарылымы болды, олардың 29-ы айналыста. Шығарылымдардың жиынтық жарияланған көлемі 1 279,8 млрд теңгені құрайды, бұл ретте эмитенттер 1 096,9 млрд теңге тартты.

Есептік кезеңде ESG-облигациялардың 11 шығарылымы орналастырылды, оның ішінде 8 шығарылым әлеуметтік облигацияларға және 3 шығарылым - жасыл облигацияларға тиесілі, көлемі 520,2 млрд теңге және іс жүзінде 404,8 млрд теңгеге орналастырылды. ESG-құралдардың эмитенттері Азия даму банкі, ЦентрКредит банкі, Отбасы банкі, Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы және "ТехноГруппСервис" ЖШС болды.

2025 жылдың негізгі инфрақұрылымдық бастамасы бағалы қағаздары Биржада айналыста жүрген компаниялардың ESG-деректеріне орталықтандырылған қолжетімділіктің цифрлық құралы – ESG Data Platform іске қосу болды. Платформа нарыққа қатысушылар үшін ESG-ақпараттың салыстырмалылығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, листингілік компаниялардың ESG-облигациялары, қаржылық емес және ESG-есептілігі бойынша деректерді, сондай-ақ әдістемелік және талдамалық материалдарды жинақтайды.

Эмитенттердің орнықты қаржыландыру құралдарына қолжетімділігін кеңейту мақсатында Биржа орнықты даму облигацияларын шығару үшін листингілік алымдар бойынша жеңілдіктерді қолданады және эмитенттерге кеңестік қолдау көрсетеді. Есептік жылы шағын және орта бизнестің капитал нарығындағы көрінісін

арттыруға бағытталған Ring the Bell for SMEs рәсімін өткізуді қоса алғанда, кәсіпкерлікті қолдау бойынша бастамалар да іске асырылды.

Қаржылық және қаржылық емес секторлар компанияларының қаржылық емес ақпаратты ашу сапасын арттыру ESG-инфрақұрылымын дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты Биржа жыл сайынғы негізде Қазақстанда қаржылық емес және ESG-есептілікті дайындау практикасын дамытуға, сондай-ақ ақпаратты ашық және шынайы ашу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған Жылдық есептер конкурсын өткізеді.

Конкурс ашықтықтың жоғары деңгейін, ақпаратты толық ашуды және корпоративтік басқару мен орнықты дамудың үздік тәжірибелерін ұстануды көрсететін компанияларды анықтауға және көтермелеуге бағытталған. Есептерді бағалау тәуелсіз сарапшылар мен кәсіби қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен шамамен 150 критерийден тұратын кешенді жүйе бойынша жүзеге асырылады.

Конкурс қорытындысы бойынша "Банк ЦентрКредит" АҚ-ның есебі қаржы секторындағы 2024 жылғы орнықты даму туралы үздік есеп болып танылды. Жүлдегерлер қатарына "Қазақстан Халық Банкі" АҚ мен Еуразиялық даму банкі кірді.

Қаржылық емес секторда 2024 жылғы орнықты даму туралы үздік есеп ретінде Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. компаниясының есебі танылды, Жұлделі орындарды "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ және "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ иеленді.

Инвесторлардың сенімін арттыру және тұрақты қаржыландыруды кеңейту үшін 2025 жылы KPMG Кавказ және Орталық Азиямен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Ынтымақтастық шығарылатын құралдардың халықаралық қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігін растайтын тәуелсіз қорытындылар (Second Party Opinion) мен сыртқы шолулар дайындауды көздейді.

ESG-инфрақұрылымның білім беру жөніндегі құрамдас бөлігі KASE академиясының қызметі арқылы іске асырылады. 2025 жылы мүдделі тараптар үшін тұрақты даму саласындағы хабардар болуды, ESG-стандарттар мен тұрақты қаржыландыру практикасын арттыруға бағытталған мамандандырылған платформа – ESG Knowledge Hub іске қосылды.

Қоршаған ортаны қорғау

KASE тобы экологиялық жауапкершілікті орнықты даму стратегиясының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады және операциялық қызметтің қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға ұмтылады.

KASE тобының экологиялық бастамалары қолданыстағы ішкі құжаттар, оның ішінде Тұрақты даму саясаты, "Жасыл офис" бағдарламасын іске асыру тәртібі, сондай-ақ Биржаның экологиялық жауапкершілік туралы мәлімдемесі аясында, сондай-ақ

халықаралық міндеттемелерді, оның ішінде Париж келісімінің мақсаттарын және NZFSPA мүшелігі шеңберінде парниктік газдар шығарындыларының нөлдік деңгейіне қол жеткізу бойынша жарияланған бағдарларды ескере отырып іске асырылады.

"Жасыл офис" тұжырымдамасы

Биржаның тұтынатын негізгі ресурстары электр энергиясы, жылу энергиясы, қағаз өнімдері және су болып табылады. 2021 жылы Биржа "Жасыл кеңсе" бағдарламасын енгізді, ол ұйымды басқарудың кешенді тәсілін білдіреді және жалпы қабылданған үш R қағидаттарына негізделген бірқатар техникалық және уәждемелік-білім беру іс-шараларын қамтиды:

- Reduce – электр энергиясын, жылу энергиясын және суды қоса алғанда, ресурстарды орынды және жауапты тұтыну;
- Reuse – кеңсе материалдарын қайта пайдалану және электрондық құжат айналымына кезең-кезеңімен көшу;
- Recycle – тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді экологиялық жауапты сатып алу, сондай-ақ көлікті пайдаланудың баламалы және неғұрлым тиімді тәсілдерін ілгерілету.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде KASE тобы әдіснамалық және кеңестік қолдау көрсететін, сондай-ақ KASE тобының жұмыскерлері үшін білім беру іс-шараларын жүргізетін EcoNetwork сыртқы сарапшы провайдерімен өзара іс-қимыл жасайды.

Материалдарды пайдалану және цифрландыру

Материалдарды ұтымды пайдалану және пайда болатын қалдықтардың көлемін азайту мақсатында KASE тобы қағаз құжат айналымын қысқартуға, баспа өнімдері мен бір рет қолданылатын материалдарды пайдалануды шектеуге баса назар аудара отырып, кеңсе процестерін цифрландыру және оңтайландыру практикасын дәйекті түрде енгізеді.

Есептік кезеңде электрондық құжат айналымына және өзара іс-қимылдың цифрлық арналарына көшу жалғастырылды, электрондық құжат айналымы шеңберінде сыртқы контрагенттердің көпшілігімен интеграция жолға қойылды, корпоративтік іс-шараларды жүргізу кезінде баспа материалдарын пайдалану шектелді, әдепкі бойынша екі жақты басып шығару енгізілді, бір реттік шығыс материалдарын пайдалану қысқартылды.

Энергия тиімділігі және отын ресурстарын тұтыну

KASE тобы кеңсе процестерінің энергия тиімділігін арттыруға және энергия ресурстарын ұтымды пайдалануға назар аударады. Есептік кезеңде мынадай шаралар іске асырылды:

- электр және жылу энергиясын тұтынуды есепке алу;
- энергия тиімді кеңсе жабдықтары мен жарықтандыруды пайдалану;
- жұмыстан тыс уақытта энергияның пайдаланылуын бақылау.

2-кесте. Негізгі ресурстарды тұтыну

| Көрсеткіш | 2024 | 2025 |
|---------------------------|---------|---------|
| Электр энергиясы, кВт·сағ | 396 211 | 409 496 |
| Жылу энергиясы, Гкал | 310,37 | 304,932 |
| Бензин, л | 19 445 | 17 186 |

Қалдықтарды басқару

Есептік кезеңде KASE кеңселерінде кейіннен қайта өңдеу үшін мамандандырылған ұйымдарға беретін қайталама ресурстарды бөлек жинау жүйесі жұмыс істеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша қайта өңдеуге берілген қайталама ресурстардың жалпы көлемі 772,75 кг құрады, оның ішінде:

- шыны – 371,5 кг (48,08 %);
- макулатура – 245,4 кг (31,75 %);
- пластик – 133,2 кг (17,24 %);
- алюминий – 5,6 кг (0,72 %).

Жұмыскерлердің хабардарлығын арттыру мақсатында есептік кезеңде қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу мәселелеріне арналған EcoNetwork-пен бірлесіп экологиялық тренинг өткізілді, сондай-ақ ішкі коммуникация үшін оқыту жөніндегі бейне дайындалды.

Есептік жылы ESG-тәсілдерді енгізуге және экологиялық жобаларды дамытуға арналған EcoNetwork-пен бірлесіп ұйымдастырылған бизнес-таңғы ас өтті, оның шеңберінде KASE тобының орнықты қаржыландыру инфрақұрылымын дамыту және капитал нарығында ақпаратты ашу стандарттарын ілгерілету жөніндегі бастамалары ұсынылды.

Бұдан әрі KASE тобы жаңа жұмыскерлерге арналған ESG-онбординг бағдарламасына орнықты даму және экологиялық практикалар тақырыбын ықпалдастыруды жоспарлап отыр.

KASE тобының халықаралық қызметі

2025 жылы KASE тобы Қазақстанның перспективалы, технологиялық және сенімді капитал нарығы ретінде халықаралық ұстанымын нығайтты. Биржа және Клиринг орталығы бейінді халықаралық ұйымдармен: WFE, FEAS, МАБ, AFCM, CCP Global, EACH-пен өзара іс-қимылды кеңейтті. Жаһандық күн тәртібіне қатысу Қазақстанның халықаралық инвесторлар арасында танымалдылығын арттырып, нарықтық инфрақұрылымға деген сенімін нығайтты.

WFE мүшелігі шеңберінде. KASE және KACC өкілдері WFE Working Committee Meeting (онлайн), WFE Clear (Сеул), WFE 64-ші Бас Ассамблеясына және жыл сайынғы кездесуіне (Стамбул) қатысты. Мүше-биржалармен (Borsa Istanbul, Saudi Tadawul, Johannesburg Exchange және т.б.) стратегиялық кездесулер өткізілді. WFE гендерлік теңдік және қаржылық сауаттылық жөніндегі бастамалары қолдау тапты ("Ring the Bell for Gender Equality", "Ring the Bell for Financial Literacy"). KACC Басқарма Төрағасының орынбасары Алла Ли WFE Women Leaders 2025-ке сайланды және оның сұхбаты FOCUS WFE журналында жарияланды.

CCP Global қауымдастығына мүшелік шеңберінде. KACC Амстердамдағы CCP Global кездесулеріне және Сингапурдағы қауымдастық мүшелерінің жалпы жиналысына қатысты.

EACH-пен өзара іс-қимыл шеңберінде. KACC Еуропалық клирингілік палаталар қауымдастығымен (EACH) институционалдық байланыстар орнатты және EACH CCP Risk Management Summit-ке (Лондон) қатысты.

FEAS мүшелігі шеңберінде. KASE қауымдастық қызметі шеңберінде аймақтағы биржалардың институционалдық өзара іс-қимылын дамытуға қатысты:

- 2025 жылғы 13 ақпанда FEAS Бас ассамблеясының 40-шы отырысы Алматыда KASE алаңында өтті (атауын Federation of Euro-Asian Capital Markets деп ауыстыру, мүшеліктің жаңа санаты, 2025 жылға арналған басымдықтар).
- 2025 жылғы 14 ақпанда KASE-нің Tabadul Hub-ға қосылу рәсімі және KASE: Joining Tabadul Digital Hub (Алматы) конференциясы өтті.
- 2025 жылғы 29-30 мамырда ConFEAS және Бас ассамблеяның 41-ші отырысына (Ереван) қатысу; KASE FEAS Кеңесінің мүшесі болып сайланды; KASE Төрағасының орынбасары Жайнар Саржақовтың клиринг және есеп айырысулар туралы сөзі.
- 2025 жылғы 17-19 маусымда FEAS Onsite Training-ке (Бухарест) қатысу.
- 2025 жылғы 5 қыркүйекте FEAS Capital Market Talks 2025 (Астана) көрмесіне қатысу, KASE-нің даму пайымының таныстырылымы өткізілді.
- 2025 жылғы 29 қыркүйек - 1 қазан аралығында KASE қызметкерлері Euronext Academy курсынан (Милан) өтті.

AFCM және ABMF-мен өзара іс-қимыл шеңберінде. KASE өкілдері AFCM конференциясына (Тунис) қатысып, Парсы шығанағы нарықтарымен байланысты нығайтып, Африка биржаларымен серіктестікті қалыптастырды. ABMF бақылаушысы мәртебесінде Қазақстанды KASE тобының қатысуымен (Киото) делегация таныстырып, APAC-пен өзара іс-қимылды тереңдетті.

Kazakhstan Capital Markets Day 2025 (Лондон, Bloomberg). KASE тобының халықаралық қызметінің негізгі оқиғаларының бірі оның Bloomberg алаңында ҚРҰБ және ҚНРДА-мен бірлесіп Kazakhstan Capital Markets Day 2025 өткізуі болды. Іс-шара Лондон инвестициялық қоғамдастығының 200-ден астам қатысушыларын жинады және Қазақстан мен жаһандық капитал нарықтары арасындағы диалогтың маңызды алаңына айналды.

Қытаймен өзара іс-қимыл шеңберінде:

- 2025 жылғы 13–15 қазанда KASE өкілдері SICCE Workshop (SSE, SZSE, AMAS) іс-шарасына қатысты, онда KASE Басқарма Төрағасының орынбасары Айнагүл Ысқақова KASE нарықтары мен жетістіктерін таныстырды.
- 2025 жылғы 16 қазанда Shanghai GAMF 2025, "Dialogue Between Global Exchanges and Asset Managers" халықаралық сессиясына қатысу.

Solana Foundation-пен өзара іс-қимыл шеңберінде:

- 2025 жылғы 11-13 желтоқсанда Абу-Дабиде KASE мен Solana Foundation (блокчейн және цифрлық қаржы) арасында MoU-ға қол қою өтті, оның ынтымақтастық салалары теңгедегі стейблкоин жобалары және нақты активтерді токендеу бойынша коллаборацияға айналып отыр.

AFM-пен өзара іс-қимыл шеңберінде:

- 2025 жылғы 14-18 қарашада AFM Tech Day 2025 және FIA's Futures & Options Expo (АҚШ) – қатысу шеңберінде деривативті нарықтар мен сауда-клирингтік жүйелер архитектурасының тәжірибелері зерделенді.

ТМД ХБҚ-на мүшелігі шеңберінде:

- 2025 жылғы 9-12 сәуірде ТМД ХБҚ мүшелерінің жылдық жиналысына (Минск) қатысу.

World Forum of CSDs-қа қатысу шеңберінде:

- 2025 жылғы 24 қыркүйекте WFC2025-те KASE Басқарма Төрағасы Ә. Мұхамеджанов CSD стратегиялық рөлі және Қазақстанның пост-трейдингтік экожүйесін дамыту туралы сөз сөйледі.

НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ

Халықаралық биржа нарығының трендтері

2025 жыл сақталып отырған геосаяси турбуленттілікпен, Украинадағы соғыстың жалғасуымен; Газадағы қақтығыстың шиеленісуі және Израиль мен Иран арасындағы әскери соққылармен; АҚШ-тың сыртқы саясатындағы тарифтерді енгізумен және олардың жаһандық саудаға теріс әсерімен сауда соғыстарымен сүйемелденген елеулі өзгерістер атап өтілді.

Геосаяси турбуленттік пен экономикалық шиеленіс капитал нарығының негізгі драйвері болып қала берді, бұл ретте АҚШ әкімшілігінің саясаты мен әрекеттеріне қатысты белгісіздік инвесторлардың іскерлік сенімі мен көңіл-күйіне әсер етті. Мемлекеттік борыштың жоғары деңгейі және сауданың фрагменттелуіне де нарықтар үшін маңызды проблемалар болып қалды. Тиісінше, сауда және тарифтік қарсылықтың салдарынан күшейген белгісіздік, сауда келісімдерін қайта қарау инвесторлардың алтынға пана актив ретінде қызығушылығын ынталандырды.

Сонымен қатар, әлемдік сауданың күшейтілген фрагменттелуіне және инфляцияға қарсы тәуекелдердің күшеюіне қарамастан, ХВҚ бағалауына сәйкес 2025 жылы жаһандық экономикалық өсім 3,3 %-ды құрады. Бұл өсім негізінен жасанды интеллект саласындағы жарыстың, осы салаға тиісті ауқымды инвестициялардың және неғұрлым жұмсақ ақша-кредит саясатының арқасында ынталандырылды. Дегенмен, жасанды интеллект саласындағы инвестициялық серпілістің ұзақмерзімді тұрақтылығына қатысты мәселелер сақталып отыр, бұл 2025 жылдың екінші жартысында қор нарықтарының құбылмалылығына алып келді.

3-кесте. Нақты ЖІӨ және Инфляция динамикасы (ж/ж %)

| | Нақты ЖІӨ (ж/ж %) | | | | | | Инфляция (ж/ж %) | | | | | |
|----------|-------------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|------------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| | 3-тоқ. 2025 | 4-тоқ. 2025 | 1-тоқ. 2026 | 2-тоқ. 2026 | 3-тоқ. 2026 | 4-тоқ. 2026 | 3-тоқ. 2025 | 4-тоқ. 2025 | 1-тоқ. 2026 | 2-тоқ. 2026 | 3-тоқ. 2026 | 4-тоқ. 2026 |
| | (Н) | (Н) | (Б) | (Б) | (Б) | (Б) | (Н) | (Н) | (Б) | (Б) | (Б) | (Б) |
| АҚШ | 2,3 | 2,2 | 3,1 | 2,7 | 2,2 | 2,1 | 2,9 | 2,7 | 2,5 | 2,8 | 2,6 | 2,6 |
| Еуроодақ | 1,7 | 1,4 | 1,3 | 1,3 | 1,4 | 1,5 | 2,3 | 2,2 | 1,9 | 2,1 | 1,9 | 1,9 |
| Англия | 1,2 | 1,0 | 0,8 | 0,9 | 1,2 | 1,4 | 3,8 | 3,4 | 3,0 | 2,3 | 2,2 | 2,2 |
| Жапония | 0,7 | 0,4 | 0,6 | 0,4 | 1,2 | 1,1 | 2,9 | 2,7 | 1,8 | 1,7 | 2,0 | 1,8 |
| Қытай | 4,8 | 4,5 | 4,6 | 4,7 | 4,7 | 4,7 | -0,2 | 0,6 | 0,7 | 0,7 | 0,8 | 0,6 |
| Үндістан | 8,4 | 7,8 | 6,7 | 6,6 | 6,4 | 6,5 | 1,7 | 0,6 | 3,0 | 3,8 | 4,0 | 4,2 |
| Ресей | 0,6 | - | 1,0 | 0,9 | 0,8 | 0,6 | 8,3 | 6,6 | 5,9 | 5,7 | 5,0 | 5,2 |
| Түркия | 3,8 | 3,4 | 3,8 | 3,3 | 3,4 | 4,2 | 33,3 | 31,6 | 30,4 | 27,8 | 26,6 | 24,3 |

| | | | | | | | | | | | | |
|-------------------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|------|------|------|------|------|------|
| Бразилия | 1,8 | 1,8 | 1,5 | 1,7 | 1,8 | 2,1 | 5,2 | 4,5 | 3,7 | 3,4 | 3,5 | 3,8 |
| Аргентина | 3,3 | 2,3 | 2,2 | 3,3 | 3,7 | 4,0 | 34,0 | 31,4 | 31,5 | 30,0 | 27,5 | 23,1 |
| Оңтүстік Корея | 1,8 | 1,6 | 2,4 | 2,3 | 1,6 | 2,0 | 2,0 | 2,4 | 2,0 | 2,0 | 2,0 | 2,0 |

Дереккөз: *Bloomberg economic forecast*

Инфляцияға қарсы тәуекелдердің сақталғанына қарамастан, әлемнің көптеген орталық банктері ынталандырушы монетарлық саясат жүргізді. Жыл бойы АҚШ, Еуроаймақ және Ұлыбританияның орталық банктері пайыздық мөлшерлемелерді бірнеше рет төмендетіп, қатаң ақша-кредит саясатынан бейтарап саясатқа көшті. Осылайша, АҚШ ФРЖ жылды 4,25-4,50 % деңгейіндегі мөлшерлеменен бастап, 2025 жылды 3,50-3,75 % деңгейіне дейін төмендеу циклімен аяқтады. Осыған ұқсас, 2025 жыл ішінде Еуропалық орталық банк мөлшерлемені 3,15 %-дан 2,15 %-ға дейін төмендетті.

Осы жаһандық үрдістен айырмашылығы, Жапония Банкі инфляцияны төмендету мақсатында мөлшерлемені соңғы 30 жылдағы ең жоғары деңгейге дейін 0,75 %-ға дейін көтерді.


Американың қор нарығы 2025 жылды жасыл аймақта жапты. Осылайша, Nasdaq Composite технологиялық индексі 20,4 %, S&P 500 индексі 16,4 %, ал Dow Jones өнеркәсіптік индексі 13,0 % өсті. S&P 500 индексі секторларының арасындағы ең жақсы серпінді 32,4 % өсіммен телекоммуникациялар секторы көрсетті. Екінші орында 23,3 % қосқан ақпараттық технологиялар секторы тұр. Өнеркәсіп секторы 17,7 %, ал қаржы секторы 13,3 %, утилиттер 12,7 %, денсаулық сақтау секторы 12,5 % өсті. Материалдар секторы жылды 8,4 % өсіммен аяқтады. Ұзақ пайдаланылатын тауарлар мен энергетика секторлары тиісінше 5,3 % және 5,0 % қымбаттады. Бірінші қажеттіліктегі тұтыну тауарлары секторы 1,3 % өсті. Бұл ретте, қызыл аймақта жылды аяқтаған жалғыз сектор жылжымайтын мүлік секторы болып табылады.

Әлемдік экономиканың өсуі әлемдік қор биржаларының негізгі көрсеткіштеріне оң әсерін тигізді. 2025 жылы акциялар нарығының жаһандық капиталдануы 2024 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 18,5 % өсті және 151,9 трлн АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, әрбір өңір соңғы 5 жылда нарықтық капиталдандырудың барынша өсуін көрсетті: нарықтық капиталдандыру Америка өңірінде (Солтүстік және Оңтүстік Америка) 12,9 %, Азия-Тынық мұхиты өңірінде 23,1 %, ал ЕТША (Еуропа, Таяу Шығыс және Африка) өңірлерінде 28,1 % өсті. Жалпы әлемдік сауда-саттық көлемі 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда 36,8 % ұлғайды. Бұл ретте, әрбір өңір сауда-саттық көлемінің өсуін көрсетті. Сауда-саттық көлемінің ұлғаюы Америкада (Солтүстік және Оңтүстік Америка) 32,4 %-ды, Азия-Тынық мұхиты өңірінде 44,8 %-ды, ал ЕТША (Еуропа, Таяу Шығыс және Африка) өңірлерінде 24,5 %-ды құрады. Бұл ретте Америка елдерінде (Солтүстік және Оңтүстік Америка)

және Азия-Тынық мұхиты өңірінде өсім NYSE (+ 36,0 %), Nasdaq (+ 36,5 %), Cboe (+ 24,7 %) қор биржалары, Шэньчжэнь қор биржасы (+ 65,8 %) және Шанхай қор биржасы (+ 60,9 %) есебінен қамтамасыз етілді.


2025 жылдың қорытындысы бойынша KASE WFE мүшелері арасында акциялар нарығын капиталдандыру бойынша 46-шы орында. KASE акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 785,9 млн АҚШ долларына дейін 23 % ұлғайды. KASE 2025 жылдың қорытындысы бойынша акциялармен сауда-саттық көлемі бойынша 68-орында және WFE мүше биржалары арасында облигациялармен сауда-саттық көлемі бойынша 18-орында тұр.

1-сурет. Қор биржаларын капиталдандыру, млрд АҚШ доллары




Дереккөз: WFE

2-сурет. Әлемнің қор биржаларындағы акциялармен сауда-саттық көлемі, млрд АҚШ доллары



Дереккөз: WFE

3-сурет. Әлемнің қор биржаларындағы облигациялармен сауда-саттық көлемі, млрд АҚШ доллары



Дереккөз: WFE

2025 жылдың қорытындысы бойынша әлемдік қор индекстері арасында ең үлкен өсімді 16 еседен астам ұлғайған Венесуэлалық CAS индексі көрсетті. Үкіметтің бағаның өсуіне қарсы күрес бойынша қабылдаған шараларына қарамастан, елдегі жылдық инфляция 475,3 %-ға дейін жеделдеді.

Венесуэлалық индекстен айырмашылығы, KOSPI индексі қолайлы экономикалық жағдайлар, жылдық инфляцияның тұрақты динамикасы және қалыпты экономикалық өсу аясында айтарлықтай өсуді көрсетті. Индекс өсімінің негізгі драйвері жады өндірісіне мамандандырылған компаниялардың пайдасының ұлғаюы аясында жасанды интеллект саласындағы акциялардың өсуі болды.


2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық KASE индексі 7 031,32 тармаққа дейін 26,1 % ұлғайып, 2025 жылғы 1 қазанда 7 212,13 тармақ белгісінде жаңа тарихи максимумды жаңартты. KASE индексінің өсуіне қаржы секторының, мұнай-газ және уран салаларының акциялары, оның ішінде қаржылық есептілік пен дивидендік төлемдерді жариялау аясында "Банк ЦентрКредит" АҚ, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ, "ҚазТрансОйл" АҚ, "Эйр Астана" АҚ және "KEGOC" АҚ акциялары үлкен үлес қосты.

Қытайлық Shanghai Composite 18,4 % өсті. 2025 жылы Қытайда жылдық инфляция төмен деңгейде болды және 2025 жылдың төртінші тоқсанында 0,6 % құрады. ЖІӨ өсімі жоғары болып қалып отыр және 2025 жылы 4,5 %-ды құрады.

Ресейлік Мәскеу биржасының индексі (IMOEX) жыл ішінде 4,0 % төмендеп, 2 766,62 тармаққа жетті. Геосаяси шиеленіс пен санкциялар аясында экономикалық өсудің

баяулауы теріс әсер етуде. Бұл ретте 2025 жылы инфляция 5,6 %-ға дейін баяулағанын көрсетеді. Ресей Банкі негізгі мөлшерлемені 21 %-дан 16 %-ға дейін төмендетті.

4-сурет. 2025 жылдың қорытындысы бойынша негізгі әлемдік қор индекстерінің және KASE индексінің өсу көрсеткіштері, %



Дереккөз: Bloomberg

2025 жылы Қазақстанның ЖІӨ өсімі 6,5 %-ды құрады. Негізгі өсім мынадай салаларға тиесілі болды: өнеркәсіп – 7,4 %, құрылыс – 15,9 %, сауда – 8,9 %, көлік және қоймалау – 20,4 %. Өңдеу өнеркәсібінің көлемі 6,4 % ұлғайды. Сонымен қатар, АҚШ ЖІӨ-нің өсуі 2,2 %-ды, ал Қытайдың ЖІӨ 4,5 %-ды құрады.

ЖІӨ өсуіне қарамастан Қазақстан Республикасындағы инфляция 2024 жылғы 8,6 %-дан 2025 жылы 12,3 %-ға дейін жеделдеді. Инфляцияның жылдық деңгейіне тамақ өнімдері мен алкогольсіз сусындар (5,2 %), денсаулық сақтау (1,5 %), тұрғын үй қызметтері (1,2 %), киім және аяқ киім (1,0 %) едәуір үлес қосты.


Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі инфляцияның өсуіне базалық мөлшерлемені наурызда 15,25 %-дан 16,50 %-ға дейін және қазанда 18,00 %-ға дейін көтерумен жауап қайтарды. 2025 жылы теңге АҚШ долларына қатысты 525,11 теңгеден 502,57 теңгеге дейін нығайып, оң серпін көрсетті.

2025 жылдың қорытындысы бойынша сауда-саттық теңгерімінің жай-күйінің нашарлауына байланысты төлем теңгерімінің ағымдағы шотының тапшылығы 11,8 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайды. Тауарлар экспорты 79,0 млрд АҚШ долларына дейін 3,2 % қысқарды. Тауарлар импорты 64,8 млрд АҚШ долларына дейін 7,4 % өсті. Осыған байланысты, сауда-саттық теңгерімінің профициті 2024 жылмен салыстырғанда 33,3 % төмендеп, 14,2 млрд АҚШ долларын құрады.

KASE нарықтары

2025 жылдың қорытындысы бойынша барлық нарықтағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 3,0 % өсіп, 400,8 трлн теңгені құрады:

5-сурет. Секторлар бойынша сауда-саттық көлемінің серпіні, трлн теңге



KASE-дегі сауда-саттықтың негізгі көлемі ақша нарығына тиесілі, оның сауда-саттық көлемі 2025 жылы 334,0 трлн теңгеге дейін 1,2 % төмендеді.

Репо нарығындағы сауда-саттық көлемі 251,6 трлн теңгеге дейін 3,8 % қысқарды. Валюталық своп операцияларының көлемі 82,5 трлн теңгеге дейін 7,7 % ұлғайды.

Валюта нарығында сауда-саттық көлемі 51,2 трлн теңгеге дейін 34,7 % өсті, оның ішінде доллар/теңге валюталық жұбы бойынша сауда-саттық көлемі 31,4 %, рубль/теңге жұбы бойынша 85,7 %, юань/теңге жұбы бойынша 2 еседен астам өсті.

Бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық көлемі 15,5 трлн теңгеге дейін 20,1 % ұлғайды. Бұл ретте, өсімді бағалы қағаздар нарығының барлық секторы көрсетті. Бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық көлемінің өсуіне қосқан ең көп үлес корпоративтік борыштық бағалы қағаздар нарығына тиесілі болды, онда сауда-саттық көлемі 38,1 % немесе 6,0 трлн теңгеге дейін 1,7 трлн теңгеге өсті. Сонымен қатар сауда-саттық көлемінің өсуі мемлекеттік бағалы қағаздар секторында 8,6 трлн теңгеге дейін 8,1 %, KASE Global секторында 172,7 млрд теңгеге дейін 3 еседен астам, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторында 367,5 млрд теңгеге дейін – 44,5 %, акциялар нарығында 342,1 млрд теңгеге дейін 14,7 %, инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторында 18,2 млрд теңгеге дейін – 53,3 %, туынды бағалы қағаздар секторында 3 еседен астам өсуі байқалады.

4-кесте. KASE қор биржасындағы сауда-саттық динамикасы, млрд теңге

| | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | 2024 жылға қатысты 2025 жылғы өзгеріс |
|---------------------------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|---------------------------------------|
| Бағалы қағаздар нарығы | 6 218,2 | 8 980,5 | 10 923,6 | 12 913,8 | 15 513,6 | +2 599,8 |
| Акциялар | 422,8 | 307,3 | 333,6 | 298,2 | 342,1 | +43,8 |
| Kase Global | 6,4 | 25,8 | 36,5 | 46,6 | 172,7 | +126,1 |
| Корп. борыштық БҚ | 1 980,8 | 2 488,8 | 2 187,3 | 4 347,2 | 6 005,1 | +1 657,9 |
| МБҚ | 3 575,9 | 6 004,3 | 8 013,0 | 7 952,9 | 8 599,2 | +646,3 |
| ХҚҰ облигациялары | 155,4 | 126,9 | 337,1 | 254,4 | 367,5 | +113,2 |
| Инвест. қорлардың БҚ | 38,1 | 8,8 | 14,3 | 11,9 | 18,2 | +6,3 |
| Туынды БҚ | 38,8 | 18,4 | 1,8 | 2,8 | 8,9 | +6,1 |
| Шетелдік валюталар нарығы | 15 567,8 | 20 798,1 | 29 710,7 | 38 018,3 | 51 226,6 | +13 208,3 |
| Ақша нарығы | 152 653,6 | 231 834,4 | 370 075,4 | 338 136,8 | 334 048,9 | -4 087,9 |
| Репо операциялары | 141 631,4 | 202 635,7 | 306 582,7 | 261 555,5 | 251 590,5 | -9 965,0 |
| Валюталық своп операциялары | 11 022,1 | 29 198,6 | 63 492,7 | 76 581,3 | 82 458,4 | +5 877,1 |
| Деривативтер нарығы | <0,1 | 7,9 | 29,4 | <0,1 | 9,5 | +9,5 |
| Фьючерстер | <0,1 | 7,9 | 29,4 | <0,1 | 9,5 | +9,5 |
| Сауда-саттық көлемінің БАРЛЫҒЫ | 174 439,6 | 261 620,8 | 410 739,2 | 389 068,9 | 400 798,5 | +11 729,6 |


Дереккөз: KASE

Бағалы қағаздар нарығы

Акциялар нарығын капиталдандыру тұрақты өсуді көрсетуді жалғастыруда.

Акциялар нарығын капиталдандыру жыл басынан бері 18,7 % немесе 6,1 трлн теңгеге өсіп, 39,0 трлн теңгені (77,6 млрд USD) құрады. Акциялар нарығының ЖІӨ-ге қатысты үлесі 2025 жылдың қорытындысы бойынша 24,4 %-ды құрады.


6-сурет. KASE акциялар нарығын капиталдандыру көлемінің ЖІӨ-ге қатынасы, %



Дереккөз: KASE, stat.gov.kz

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 2025 жылы 18,5 % немесе 16,2 трлн теңгеге дейін 2,5 трлн теңгеге ұлғайды. Корпоративтік борыш нарығының ЖІӨ-ге қатысты үлесі 2025 жылдың қорытындысы бойынша 10 %-ды құрады.

7-сурет. KASE-дегі айналыстағы корпоративтік борыштың ЖІӨ-ге қатынасы, %



Дереккөз: KASE, stat.gov.kz

Биржадағы эмитенттер мен жаңа шығарылымдардың жалпы саны өсуде.

2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 280 эмитенттің 939 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде "Негізгі" алаңында 82 эмитенттің 436 бағалы қағазы, "Баламалы" алаңында 87 эмитенттің 232 бағалы қағазы, "Аралас" алаңында 76 эмитенттің 149 бағалы қағазы және "Жеке орналастыру" алаңында 56 эмитенттің 120 бағалы қағазы болды.


2025 жылы листинг процедурасынан 95 эмитент өтті (оның ішінде 41 жаңа эмитент), Биржаның ресми тізіміне 331 бағалы қағаздар шығарылымы енгізілді:

- бір эмитент – "Terrox Metals" АҚ-тың акциялары енгізілді. 2025 жылы Биржаның сауда-саттық тізімінен 13 эмитенттің 15 атаудағы акциялары алынып тасталды. Осыған байланысты, 2025 жылдың соңында Биржаның

сауда-саттық тізімінде 74 эмитенттің 87 атаудағы акциялары болды, оның ішінде екі эмитенттің екі атаудағы акциялары "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді;

- KASE Global шетелдік бағалы қағаздар секторына ProShares Short Bitcoin ETF, ProShares Ultra Ether ETF және iShares China Large-Cap ETF енгізілді. 2025 жылғы желтоқсанның аяғындағы жағдай бойынша секторда 59 шетелдік эмитенттің 68 бағалы қағазы, оның ішінде 47 атаудағы акциялар және 21 ETF болды;
- 88 эмитенттің 313 шығарылымының облигациялары. 2025 жылғы желтоқсанның аяғында KASE ресми тізімінде 154 эмитенттің 703 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды.

8-сурет. KASE акциялары мен облигацияларының сауда-саттық тізімдерінің динамикасы



Дереккөз: KASE

"Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторындағы құралдардың саны 23-тен 19-ға дейін қысқарды. "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторынан "KASE Global" секторына 5 ETF көшірілді: US_PHO - Invesco Water Resources ETF, US_ICLN - iShares Global Clean Energy ETF, US_GLD - SPDR Gold Shares ETF, US_SPY - SPDR S&P 500 ETF TRUST, US_BIL - SPDR Bloomberg Barclays 1-3 Month T-Bill ETF, сондай-ақ секторға басқарушы компаниясы "BCC Invest" АҚ болып табылатын "Wardat al hayat" аралық инвестициялық пай қоры пайларының бір шығарылымы енгізілді.

Ресми тізімге 3 халықаралық қаржы ұйымының 13 облигация шығарылымы енгізілді, 2025 жылдың соңына барлығы жеті халықаралық қаржы ұйымының 58 облигация шығарылымы болды.

Эмитенттердің шешімі бойынша 2025 жылы ресми тізімнен 14 эмитенттің 17 шығарылымы алынып тасталды. Мәжбүрлі түрде Биржаның ресми тізімінен 3 эмитенттің 3 шығарылымы алынып тасталды. Айналыс мерзімінің аяқталуына,

мерзімінен бұрын өтелуіне және жойылуына байланысты 53 эмитенттің 174 шығарылымы алынып тасталды.

2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша KASE нарықтарында Биржаның 60 мүшесі, оның ішінде қор нарығындағы 52 мүшесі, валюта нарығындағы 45 мүшесі, деривативтер нарығындағы 33 мүшесі тіркелді.

Жыл ішінде KASE мүшелерінің тізіміне 14 компания енгізілді:

- NGDEM Global Limited ("валюталық" санаты бойынша);
- Qanat Invest Limited жеке компаниясы ("қор" және "деривативтер" санаттары бойынша);
- "Азия-Тынық мұхиты Банкі" АҚ ("қор", "валюталық" және "деривативтер" санаттары бойынша);
- Al Ramz Capital L.L.C. ("қор" санаты бойынша).
- "Window Capital" АҚ ("қор" санаты бойынша);
- Teniz Capital Brokerage Ltd ЖК ("қор" және "деривативтер" санаттары бойынша);
- "Райффайзенбанк" АҚ ("қор" және "деривативтер" санаттары бойынша);
- "N1broker " АҚ ("қор" санаты бойынша);
- "KASE клиринг орталығы" АҚ ("қор" санаты бойынша);
- "Altyn Adam Associates" АҚ ("валюталық" және "деривативтер" санаттары бойынша);
- "Amaranth Capital" АҚ ("валюталық" санаты бойынша);
- "KMF Банк" АҚ ("валюталық" санаты бойынша);
- "Alatau City Invest" АҚ ("валюталық" санаты бойынша);
- "Сентрас Секьюритиз" АҚ ("валюталық" санаты бойынша).

Бірінші сыныпты өтімділік тізімінің құрылымында KASE Global секторы құралдарының саны өсуде.

2026 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша KASE өтімділігінің бірінші сыныбының тізімінде 73 атаудағы құралдар бар. Оның ішінде қазақстандық және шетелдік эмитенттер акцияларының 22 атауы, қазақстандық эмитенттердің 4 депозитарлық қолхаты, KASE Global секторындағы шетелдік компаниялардың 23 акция атауы және 17 ETF және инвестициялық қорлар мен ETF бағалы қағаздарының 7 атауы бар. Биржаның ережелеріне сәйкес, акция бірінші сыныпты өтімділік тізіміне ену үшін ол жасалған мәмілелердің саны, жиілігі және көлемі, сондай-ақ онымен мәмілелер жасаған биржа мүшелерінің саны бойынша өлшемдерге жауап беруі тиіс.

Бөлшек инвесторлар базасы өсуін жалғастыруда, 2025 жылдың қорытындысы бойынша шоттардың жалпы саны 5 млн данадан асты.

Жергілікті нарықта бөлшек инвесторлардың саны өсуде. ОД деректеріне сәйкес 2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 5 млн-нан астам шот ашылған, оның ішінде омнибус шоттары арқылы ашылған 698 мың қосалқы шот және 4,4 млн жеке шот бар.

9-сурет. Брокерлік шоттардың динамикасы



Дереккөз: KASE, ОД

Шоттар санының өсуі бірқатар факторлардың ықпалына байланысты:

- соңғы жылдар ішінде бірнеше IPO/SPO-ны табысты өткізу, бұл акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттықтың кейінгі өсуіне және қор нарығындағы сауда-саттыққа бөлшек инвесторлардың тартылуының өсуіне оң әсерін тигізді;
- омнибус шоттарды ашу және пайдалану бойынша үрдістің өсуі;
- қаржылық және брокерлік қызметтерге технологиялық инновацияларды дамыту және енгізу және жаңа цифрлық брокерлік мобильді қосымшалардың пайда болуы, бұл жеке тұлғаны қашықтан сәйкестендіру есебінен брокерлік шотты ашу процесін, клиенттік тапсырыстарды беру және оларды орындау процедурасын жеңілдетті;
- KASE-нің халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша белсенді жұмысы, оның шеңберінде "Биржалық симулятор" жобасы іске асырылуда және "KASE академиясы" шеңберінде оқыту вебинарлары өткізілуде.

Акциялар нарығы

Акциялармен сауда-саттық көлемі 2025 жылы 342,1 млрд теңгені құрап, 2024 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 14,7 % артты. Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 22,9 % немесе 56,9 млрд теңгеге өсіп, 305,6 млрд теңгені құрады.

Акциялар нарығындағы мәмілелер саны 2,8 млн теңгеге дейін 65,9 % ұлғайды. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1 390,5 млн теңгені (қайталама нарықта – 1 242,2 млн теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 11 420 (қайталама нарықта – 11 399 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 121,8 мың теңгені (қайталама нарықта – 109,0 мың теңге) құрады.

5-кесте. Акциялар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері


| | 2021 ж. | 2022 ж. | 2023 ж. | 2024 ж. | 2025 ж. |
|-----------------------------------------------|---------|---------|---------|-----------|-----------|
| Сауда-саттық көлемі, млрд теңге, оның ішінде: | 422,8 | 307,3 | 333,6 | 298,2 | 342,1 |
| - бастапқы нарық | 0,9 | 138,4 | 32,5 | 49,5 | 36,5 |
| - қайталама нарық | 421,9 | 168,9 | 301,1 | 248,7 | 305,6 |
| Мәмілелер саны, дана | 452 284 | 516 318 | 802 250 | 1 693 612 | 2 809 382 |
| Бір күндегі мәмілелердің орташа саны, дана | 1 846 | 2 107 | 3 261 | 6 802 | 11 420 |
| Бір мәміленің орташа көлемі, мың теңге | 935 | 595 | 416 | 176 | 122 |

Дереккөз: KASE

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде үлесіне акциялармен сауда-саттықтың брутто-айналымының 55,8 %-ы тиесілі жеке тұлғалар неғұрлым белсенді болып табылады. Банктердің қатысуы 1,7 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың қатысуы 13,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың қатысуы 2,2 %, басқа заңды тұлғалардың қатысуы 27,1 % болып бағаланады.


2025 жылы қайталама нарықтағы шетелдік инвесторлардың үлесі жалпы брутто-айналым көлемінің 8,3 %-на дейін ұлғайды.

10-сурет. 2025 жылғы инвесторлардың құрылымы *



* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда, қайталама нарықтағы акциялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан

11-сурет. Жалпы брутто-айналымдағы бейрезиденттердің үлесі *, %



* акциялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан, мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының позициясы және тұрақты емес сипаттағы мәмілелер есебінен алынып тасталды


2025 жылы KASE индексі өсуін жалғастырып, компаниялардың индекстік акциялары мен дивидендік төлемдерінің күшті қаржылық нәтижелерін жариялау аясында кезекті тарихи максимумға жетті.

2025 жылы KASE индексі 7 031,32 тармаққа дейін 26,1 % өсті. Бұл ретте, KASE индексі 2025 жылдың екінші тоқсанынан бастап өсу кезеңіне көшті және 2025 жылдың 01 қазанында KASE индексі жаңа тарихи максимумды 7 212,13 тармақ деңгейінде жаңартты. 2025 жыл бойы KASE индексі негізінен тұрақты өсуді көрсетті.

Жыл қорытындысы бойынша "Қазақтелеком" АҚ, "Кселл" АҚ және Kaspi.kz АҚ акцияларын қоспағанда, KASE индексінің өкілеттік тізімінің барлық акциясы оң серпінді көрсетті. "Банк ЦентрКредит" АҚ, "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ және "Қазақстан Халық Банкі" АҚ жай акциялары неғұрлым көп өсім көрсетті. KASE индексі акцияларының өсуінің негізгі факторлары қаржылық есептерді жариялау және дивидендік төлемдер болып табылады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша индекстік акциялармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 233,7 млрд теңгені құрады*.

12-сурет. KASE индексінің құрауыштары



2025 жылдың қорытындысы бойынша "Банк ЦентрКредит" АҚ акциялары 4 660,00 теңгеге дейін 2,1 есе өсті. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес банктің таза пайдасы 2025 жылдың тоғыз айында 217,2 млрд теңгеге дейін 50,6 % ұлғайды. Банктің 2024 жылғы таза пайдасы 202,4 млрд теңгеге дейін 49,7 % ұлғайды. S&P Global Ratings банктің "BB/B" деңгейіндегі ұзақмерзімді және қысқамерзімді кредиттік рейтингтерін растады және банктің рейтингі бойынша болжамды "Тұрақтыдан" "Позитивтіге" қайта қарады.

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акциялары 2025 жылды 48,6 % өсумен жапты. Компанияның 2024 жылғы таза пайдасы 2023 жылғы 926,7 млрд теңгеден 1 094,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Бұл ретте, 2025 жылдың тоғыз айында таза пайда 2024 жылдың сәйкес кезеңіндегі 866,9 млрд теңгеден 978,0 млрд теңгеге дейін өсті. 2025 жылғы 18 маусымда Fitch Ratings компанияның BBB деңгейіндегі рейтингін, "Тұрақты" болжамын растады. 2025 жылғы 27 маусымда S&P Global Ratings компанияның кредиттік рейтингін "BB+"-тен "BBB"-ке дейін көтерді, болжам "Тұрақты". 2025 жылғы 29 мамырда компания акционерлерінің жалпы жиналысы 2024 жылға бір жай акцияға 491,71 теңге мөлшерінде дивиденд төлеуге 300 млрд теңге бағыттау туралы шешім қабылдады.

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ жай акциялары 2025 жылдың қорытындысы бойынша 44,9 % өсті. Банктің таза пайдасы 2024 жылы 921,0 млрд теңгеге дейін 32,8 % ұлғайды. 2025 жылғы 30 сәуірде 2024 жылғы қызмет қорытындысы бойынша банк дивиденд төлеуге 323,5 млрд теңге немесе бір акцияға 29,64 теңге бағыттау туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар 2025 жылғы 22 қыркүйекте банк дивиденд төлеуге қосымша 229,2 млрд теңге немесе бір акцияға 21,00 теңге бағыттау туралы шешім қабылдады. Банктің таза пайдасы 2025 жылдың тоғыз айында 809,9 млрд теңгеге дейін 26,8 % ұлғайды, ал таза пайыздық маржа 7,1 %-дан 7,2 %-ға дейін өсті. Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі банктің шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақмерзімді рейтингін "Тұрақты" болжамымен "BBB-" деңгейінде растады. 2025 жылғы 19-21 қарашада жүргізілген банктің жай акцияларының жария ұсынысының нәтижелері бойынша жалпы сомасы 475,4 млн АҚШ долларына бір жай акция үшін 298,66 теңге және бір жаһандық депозитарлық қолхат үшін 23,00 АҚШ доллары болатын 121,8 миллион жай акция мен 17,6 миллион жаһандық депозитарлық қолхаттар сатылды.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары бағаға 39,0 % қосты. Компанияның 2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық есебіне сәйкес топтың түсімі 26 % өсіп, 1 813,4 млрд теңгені құрады, ал таза пайда 95 % өсіп, 1 132,1 млрд теңгені құрады. 2025 жылдың тоғыз айында таза пайда 2024 жылдың сәйкес кезеңіндегі 744,7 млрд теңгеден 532,9 млрд теңгеге дейін азайды. Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі компанияның "Тұрақты" болжамымен "BBB" деңгейіндегі кредиттік рейтингін растады. Moody's Ratings компанияның "Baa1" деңгейіндегі кредиттік рейтингін, "Тұрақты" болжамын растады. Компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2024 жылға 327,9 млрд теңге немесе бір жай акцияға 1 264,12 теңге сомасына дивиденд мөлшерін бекітті.

"ҚазТрансОйл" АҚ жай акциялары 2025 жылды 15,9 % өсумен жапты. Компанияның 2024 жылғы таза пайдасы 41,6 млрд теңгеге дейін 26,6 % ұлғайды. 2025 жылдың тоғыз айында таза пайда 39,2 млрд теңгеге дейін 23,7 % өсті. 2025 жылғы 18 маусымда Fitch Ratings компанияның BBB деңгейіндегі рейтингін, "Тұрақты" болжамын растады. 2025 жылғы 28 қарашада S&P Global Ratings

компанияның кредиттік рейтингін "BBB-" деңгейіне дейін көтерді, болжам «Тұрақты». 2025 жылғы 22 мамырда компания акционерлерінің жалпы жиналысы бір жай акцияға 2024 жылға 86,00 теңге мөлшерінде дивиденд төлеуге 33,1 млрд теңге бағыттау туралы шешім қабылдады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша "Эйр Астана" АҚ жай акциялары 909,98 теңгеге дейін 11,0 % өсті. Компанияның 2024 жылғы таза пайдасы 25,5 млрд теңгеге дейін 17,0 % төмендеді. 2025 жылдың тоғыз айында таза пайда 16,4 млрд теңгеге дейін 33,7 % азайды. 2025 жылғы 29 мамырда компания акционерлерінің жалпы жиналысы 2024 жылға бір жай акцияға 53,70 теңге мөлшерінде дивиденд төлеуге 19,1 млрд теңге бағыттау туралы шешім қабылдады.

"KEGOC" АҚ-тың жай акциялары жасыл аймақта бағасына 1,8 % қосумен жылды жапты. Компанияның 2024 жылғы таза пайдасы 59,5 млрд теңгеге дейін 37,1 % ұлғайды. Сонымен қатар 2025 жылдың тоғыз айында таза пайда 5,0 % азайып, 56,2 млрд теңгені құрады. Moody's рейтингтік агенттігі компанияның рейтингін "Baa1" деңгейінде растады, болжам – "Тұрақты". Бұдан басқа, S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі компанияның рейтингін "BB+" деңгейінде растап, болжамын "Тұрақты" деңгейінен "Позитивті" деңгейіне көтерді. Fitch Ratings компанияның "BBB" деңгейіндегі ұзақмерзімді рейтингін растады, болжам – "Тұрақты". 2025 жылғы 28 сәуірде акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 2024 жылдың екінші жартыжылдығына бір жай акцияға 81,00 теңге мөлшерінде дивиденд төлеуге 22,3 млрд теңге бағыттау туралы шешім қабылдады. 2025 жылғы 20 қазанда акционерлердің жалпы жиналысы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына бір жай акцияға 80,90 теңге мөлшерінде дивиденд төлеуге 22,3 млрд теңге бағыттау туралы шешім қабылдады.

2025 жылғы 02 маусымнан бастап KASE акциялардың жаңа индексі – KASE толық кірістілік индексі (KASE_TR индексі) 2025 жылғы 01 қаңтарға белгіленген есеп айырысу басталған күнмен жариялауға кірісті.

KASE_TR индексінің бастапқы мәні 2024 жылғы 31 желтоқсандағы Алматы уақыты бойынша сағат 18:00-дегі жағдай бойынша 5 636,66 тармақ мөлшерінде тіркелді және Индекстер және индикаторлар комитетінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен анықталды.

13-сурет. KASE толық кірістілік индексінің динамикасы, %




Дереккөз: KASE

Корпоративтік облигациялар нарығы

Сауда-саттық көлемі және корпоративтік облигациялар нарығындағы мәмілелер саны өсуде

2025 жылы бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық көлемінің 2,6 трлн теңгеге өсуі, оның ішінде корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемінің 38,1 % немесе 1,7 трлн теңгеге дейін өсуі есебінен қамтамасыз етілді. Бұл ретте, корпоративтік облигациялар нарығындағы белсенділік инфляцияның өсуіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін көтеруіне және борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кірістілігінің өсуіне қарамастан өсті. 2025 жыл ішінде KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні жылдық 16,51 %-ға дейін 266 базистік тармаққа ұлғайды.

14-сурет. 2025 жылғы нарықтық орналастыру



Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында орналастыру көлемі күшті өсуді көрсетті. 2025 жылы корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында жалпы сомасы 4,7 трлн теңгеге 63 эмитенттің 182 шығарылымының облигациялары орналастырылды, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 36,5 % немесе 1,3 трлн теңгеге жоғары.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 44,6 % немесе 1,3 трлн теңгеге дейін 390,9 млрд теңгеге өсті.


Корпоративтік облигациялар нарығында жасалған мәмілелер саны 2025 жылы 2024 жылғы ұқсас көрсеткішке қатысты 2 еседен астам ұлғайды және 218 мың дана болды. Бұл өсу корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында жасалған мәмілелер санының 205 мың данаға дейін 2,2 есе ұлғаюына негізделген. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 24,4 млрд теңгені (қайталама нарықта – 5,2 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны 887 мәміле (қайталама нарықта – 832 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі 27,5 млн теңгені (қайталама нарықта – 6,2 млн теңге) құрады.

6-кесте. Облигациялар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері

| | 2021 ж | 2022 ж | 2023 ж | 2024 ж | 2025 ж |
|-----------------------------------------------|---------|---------|---------|---------|---------|
| Сауда-саттық көлемі, млрд теңге, оның ішінде: | 1 980,8 | 2 488,8 | 2 187,3 | 4 347,2 | 6 005,1 |
| - бастапқы нарық | 1 143,7 | 1 492,2 | 1 522,4 | 3 470,3 | 4 737,4 |
| - қайталама нарық | 837,0 | 996,7 | 664,9 | 876,9 | 1 267,7 |
| Мәмілелер саны, дана | 8 839 | 18 481 | 44 235 | 96 772 | 218 305 |
| - бастапқы нарық | 980 | 1 978 | 3 283 | 5 329 | 13 690 |
| - қайталама нарық | 7 859 | 16 503 | 40 952 | 91 443 | 204 615 |
| Бір күндегі мәмілелердің орташа саны, дана | 36 | 75 | 180 | 389 | 887 |
| Бір мәміленің орташа көлемі, мың теңге | 224 096 | 134 671 | 49 447 | 44 922 | 27 508 |


Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 16,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 1,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 28,0 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі 51,8 %, жеке тұлғалардың үлесі 2,5 % құрайды. Бейрезиденттердің қатысу үлесі 3,0 %-ды құрады.

15-сурет. 2025 жылғы бастапқы корпоративтік облигациялар нарығындағы инвесторлардың құрылымы*



* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда, қайталама нарықтағы корпоративтік облигациялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан


16-сурет. Бастапқы нарықтың жалпы брутто-айналымындағы* бейрезиденттердің үлесі, %



* корпоративтік облигациялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан, мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының позициясы есептен алып тасталды


Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 6,8 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 5,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 5,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 62,3 %, жеке тұлғалардың үлесі 19,5 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 16,3 %-ды құрады.

17-сурет. 2025 жылғы корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың құрылымы*



* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда, қайталама нарықтағы корпоративтік облигациялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан

18-сурет. Қайталама нарықтың жалпы брутто-айналымындағы* бейрезиденттердің үлесі, %



* корпоративтік облигациялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан, мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының позициясы есептен алып тасталды


2025 жылы микроқаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық көлемі 61,1 %-ға 334,7 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл ретте, бастапқы нарықта 113,4 млрд теңге сомаға 11 эмитенттің 32 шығарылымы орналастырылды (Жеке орналастыру секторының облигацияларын есептемегенде). Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 211,1 млрд теңгеге дейін 50,4 % ұлғайды.

2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша микроқаржы ұйымдарының қарызы 297,1 млрд теңгені құрады. Бұл ретте KASE ресми тізімінде 42 эмитенттің 181 шығарылымы болды.


Микроқаржы ұйымдарының облигациялары бөлшек инвесторлар мен заңды тұлғалар арасында неғұрлым танымал құралдар болып қалуда. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде микроқаржы ұйымдары облигацияларының бастапқы нарығында банктердің үлесі 15,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 13,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 25,6 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 10,1 %, жеке тұлғалардың үлесі 35,8 % құрайды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде микроқаржы ұйымдары облигацияларының қайталама нарығында банктердің үлесі 1,2 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 4,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 2,6 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі 45,2 %, жеке тұлғалардың үлесі 46,9 % құрады.

19-сурет. 2025 жылғы микроқаржы ұйымдарының бастапқы нарығындағы инвесторлардың құрылымы



20-сурет. 2025 жылғы микроқаржы ұйымдарының қайталама нарығындағы инвесторлардың құрылымы



Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

Мемлекеттік бағалы қағаздар секторында бастапқы және қайталама нарықтардағы сауда-саттық көлемі өсуде.

2025 жылы МБҚ нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 8,1 % немесе 8,6 трлн теңгеге дейін 646,3 млрд теңгеге өсті.


7-кесте. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері

| | 2021 ж. | 2022 ж. | 2023 ж. | 2024 ж. | 2025 ж. |
|-----------------------------------------------|---------|---------|---------|---------|---------|
| Сауда-саттық көлемі, млрд теңге, оның ішінде: | 3 575,9 | 6 004,3 | 8 013,0 | 7 952,9 | 8 599,2 |

| | | | | | |
|--------------------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| - бастапқы нарық | 2 701,5 | 4 145,7 | 5 235,8 | 6 045,3 | 6 647,7 |
| - қайталама нарық | 874,4 | 1 858,7 | 2 777,2 | 1 907,6 | 1 951,5 |
| Мәмілелер саны, дана | 2 557 | 3 420 | 5 344 | 4 968 | 4 335 |
| - бастапқы нарық | 938 | 812 | 1 354 | 1 597 | 1 224 |
| - қайталама нарық | 1 619 | 2 608 | 3 990 | 3 371 | 3 111 |
| Бір күндегі мәмілелердің орташа саны, дана | 10 | 14 | 22 | 20 | 18 |
| Бір мәміленің орташа көлемі, мың теңге | 1 398 478 | 1 755 650 | 1 499 445 | 1 600 817 | 1 983 663 |

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 10,0 % немесе 6,6 трлн теңгеге дейін 602,5 млрд теңгеге өсті. Оның 407,8 млрд теңгесін 16 облыс, Астана және Шымкент қалаларының әкімдіктері тартты. Қаржы министрлігі жылдық 11,98-17,25 % кірістілікпен, өтелгенге дейін 0,5-тен 13,9 жылға дейінгі мерзіммен МЕКАМ-ның 45 шығарылымын (11 жаңа шығарылым және 34 шығарылым ірілендірілді) орналастырып, 6,0 трлн теңге тартты және өтелгенге дейін 5-тен 12 жылға дейінгі мерзіммен еурооблигациялардың жаңа үш шығарылымын орналастырып, 4,41-5,50 %-бен 213,2 млрд теңге тартты.


21-сурет. 2025 жылғы МБҚ кірістілігі және МБҚ кірістілігінің қисығы




Бастапқы нарықта өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша бөліністе өтеуге дейінгі мерзімі 1 жылға дейінгі міндеттемелердің үлесі 8,6 %, өтеуге дейінгі мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі міндеттемелердің үлесі 18,6 %, өтеуге дейінгі мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейінгі міндеттемелердің үлесі 23,6 % құрады. Өтеу мерзімі 5 жылдан 10 жылға дейін және 10 жылдан астам ұзақмерзімді қағаздардың үлесі тиісінше 37,8 % және 11,5 % құрады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2,3 % немесе 43,9 млрд теңгеге ұлғайып, 2,0 трлн теңгеге жетті. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 36,3 %-ын немесе 707,7 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі 57,8 % немесе 1,1 трлн теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі 2,7 % немесе 52,3 млрд теңгені құрады, қалған 3,2 % немесе 63,0 млрд теңге шет мемлекеттердің МБҚ-мен мәмілелерге тиесілі.

22-сурет. Өтеуге дейінгі мерзім бойынша бастапқы нарықта МБҚ орналастыру құрылымы, млрд теңге, %




23-сурет. KASE-дегі МБҚ қайталама нарығының құралдары бойынша көлемі, млрд теңге




Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2025 жылы бастапқы нарықта банктердің үлесіне 31,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 0,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 50,3 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне 17,7 %, жеке тұлғалардың үлесіне 0,1 %-дан аз болды. МБҚ-ның бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 7,9 %-ды құрады.

24-сурет. Бастапқы нарықтағы инвесторлардың 2025 жылғы құрылымы




25-сурет. Бастапқы нарықтың брутто-айналымындағы бейрезиденттердің үлесі, %




Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2025 жылы қайталама нарықта банктердің үлесіне 41,7 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 4,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 6,0 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне 46,8 %, жеке тұлғалардың үлесіне 1,5 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 24,6 % деп бағаланады.

26-сурет. 2025 жылғы МБҚ бастапқы нарығындағы инвесторлардың құрылымы



27-сурет. Қайталама нарықтың брутто-айналымындағы бейрезиденттердің үлесі, %



KASE GLOBAL

KASE Global шетелдік бағалы қағаздар секторында сауда-саттық көлемі 3,7 есе өсіп, 172,7 млрд теңгені құрады.

2025 жылғы желтоқсанның аяғында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің 47 атаудағы акциялары және 21 ETF болды. 2025 жылы KASE Global секторына ProShares Short Bitcoin ETF, ProShares Ultra Ether ETF және iShares China Large-Cap ETF енгізілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша "KASE Global" секторында жалпы сомасы 304 млрд теңгеге 172,7 мың мәміле жасалды. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 701,8 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны 1 235, бір мәміленің орташа көлемі 568,5 мың теңгені құрады.

2025 жылы "KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны мынадай акциялармен және ETF-пен жасалды:

- ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO_KZ) – жалпы сомасы 94 млрд теңгеге 37,3 мың мәміле;
- NVIDIA Corp. (NVDA_KZ) – жалпы сомасы 35 млрд теңгеге 20,7 мың мәміле;
- Intel Corporation (INTC_KZ) – жалпы сомасы 23 млрд теңгеге 25,0 мың мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне 38,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 18,7 %, басқа институционалдық

инвесторлардың үлесіне 0,1 %-дан аз, өзге заңды тұлғалардың үлесіне 42,4 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 3,6 %-ды құрайды.

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторында сауда-саттық көлемі 367,5 млрд теңгеге дейін 44,5 % өсті.

2025 жылдың аяғында KASE сауда-саттық тізімінде жеті халықаралық қаржы ұйымының 58 облигация шығарылымы: Еуразиялық даму банкінің 19 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 15 шығарылымы, Азия даму банкінің 13 шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің және Халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымынан, Еуропалық инвестициялық банктің екі шығарылымы және Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясының бір шығарылымы болды.

2025 жылы ресми тізімге үш халықаралық қаржы ұйымының облигацияларының 13 шығарылымы: Еуразиялық даму банкінің алты шығарылымы, Азия даму банкінің бес шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің екі шығарылымы енгізілді.

2025 жылы сауда-саттық көлемі 367,5 млрд теңгені құрап, бір жылда 44,5 % немесе 113,2 млрд теңгеге ұлғайды. Мәмілелер саны 389-ға дейін өсті.


Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторының бастапқы нарығында 2025 жылы жалпы сомасы 307,0 млрд теңгеге үш халықаралық қаржы ұйымының 13 шығарылымы орналастырылды, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 40,0 % немесе 87,7 млрд теңгеге жоғары.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 60,5 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 72,7 % немесе 25,5 млрд теңгеге жоғары.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2025 жылы бастапқы нарықта банктердің үлесі 39,3 %-ды, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 0,8 %-ды, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 35,8 %-ды, өзге де заңды тұлғалардың үлесі 24,0 %-ды құрады. Бейрезиденттердің үлесі 3,3 %-ды құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде қайталама нарықта 2025 жылы банктердің үлесіне 15,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 5,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 5,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне 69,0 %, жеке тұлғалардың үлесіне 3,7 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 47,4 % деп бағаланады.

28-сурет. Өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша айналыстағы ХҚҰ облигациялары борышының құрылымы*



* деректер 2026 жылғы 01 қаңтарға номиналды құны бойынша ұсынылған

29-сурет. 2025 жылғы қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымы*



* МҚҰ облигацияларымен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан, мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының позициясы есептен алып тасталды

Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары

Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторында сауда-саттық көлемі 18,2 млрд теңгеге дейін 53,3 % өсті.

2026 жылғы 01 қаңтарда "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания басқаратын инвестициялық пай қорларының 18 құралы және бір ETF болды.

2025 жылы сауда-саттық көлемі 18,2 млрд теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 53,3 % немесе 6,3 млрд теңгеге өсті. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "BCC Invest" АҚ басқаруындағы ИПҚ-тарға тиесілі болды.

8-кесте. 2025 жылғы инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарымен сауда-саттық көлемі

| Эмитент | Сауда-саттық | | |
|-------------------------|-------------------|----------------|--------------------|
| | көлемі, млн теңге | мәмілелер саны | саны дана |
| "BCC Invest" АҚ | 13 146,5 | 73 735 | 485 742 590 |
| "Сентрас Секьюритиз" АҚ | 1 307,1 | 189 | 514 |
| "Фридом Финанс" АҚ | 696,0 | 1 215 | 69 494 |
| "Alatau City Invest" АҚ | 209,3 | 5 189 | 5 642 |
| "Halyk Finance" АҚ | 11,0 | 89 | 79 |
| ETF | 2 821,7 | 10 998 | 150 041 |
| Жалпы жиын | 18 192 | 91 415 | 485 968 360 |


Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 49,0 % жеке тұлғаларға, 38,8 % брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 3,1 % басқа институционалдық инвесторларға, 9,0 % өзге заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 6,1 %-ды құрады.

Ақша нарығы

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 1,2 % немесе 4,1 трлн теңгеге төмендеп, 334,0 трлн теңгені құрады.

2025 жылы инфляцияның өсуі аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі наурызда базалық мөлшерлемені 15,25 %-дан 16,50 %-ға дейін, ал қазанда 18,00 %-ға дейін көтерді. Базалық мөлшерлемеден кейін ақша нарығының индикаторлары да өсті. TONIA индикаторы 17,00 %-ға дейін, ал ақша нарығының композиттік индикаторы бір жұмыс күніне ашық USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәнінің мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған мәнін білдіретін MM_Index – 15,00 %-ға дейін ұлғайды.

30-сурет. Инфляция және пайыздық мөлшерлемелер



Репо операцияларының құрылымында негізгі үлес МБҚ-мен авторепо операцияларына келеді


Репо операцияларының жиынтық көлемі 2025 жылы 251,6 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылдың ұқсас көрсеткішінен 10,0 трлн теңге немесе 3,8 % аз.

Операциялардың орташа күн сайынғы көлемі 1,0 трлн теңгені, күн сайынғы жасалған мәмілелердің орташа саны 717, бір мәміленің орташа көлемі 1 425,7 млн теңгені құрады. Репо операцияларының құрылымында МБҚ-мен авторепо операциялары 77,1 %-ды, МеБҚ-мен авторепо 22,3 %-ды, ҚҚС-пен авторепо 0,5 %-ды, тікелей репо 0,1 %-ды құрады. Репо мәмілелерінің құрылымында орталық контрагенттің қатысуымен жасалған операциялардың үлесі 98 %-ды құрады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша TONIA индикаторы жылдық 14,44 %-дан 17,00 %-ға дейін 256 б.т., TRION индикаторының мәні жылдық 14,34 %-дан 16,97 %-ға дейін 263 б.т., TWINA индикаторының мәні жылдық 14,84 %-дан 17,02 %-ға дейін 218 б.т. өсті.

Валюталық своп операцияларының көлемі 82,5 трлн теңгеге дейін 7,7 % өсті
2025 жылы валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 2024 жылғы 76,6 трлн теңгеден 7,7 % немесе 82,5 трлн теңгеге дейін 5,9 трлн теңгеге өсті:

31-сурет. 2021-2025 жылдардағы репо-свопа мәмілелері көлемінің өзгеруі, млрд теңге



Операциялардың орташа күндік көлемі 2025 жылы 335,2 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 71, бір мәміленің орташа көлемі – 4,7 млрд теңге.

9-кесте. 2025 жылы құралдар бойынша бөлінген своп нарығындағы мәмілелер

| Валюталық жұп | Құрал | Көлемі, млрд теңге | Көлемі, млн валюта бірлігі | Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, % |
|---------------|--------------|--------------------|----------------------------|-----------------------------------|
| USD/KZT | USDKZT_0_001 | 28 282,7 | 54 299,2 | 34,3 % |
| | USDKZT_0_002 | 37 860,1 | 73 063,7 | 45,9 % |
| | USDKZT_0_01W | 2 274,1 | 4 388,7 | 2,8 % |
| | USDKZT_1_01W | 348,3 | 680,0 | 0,4 % |
| | USDKZT_0_01M | 1 045,7 | 1 965,6 | 1,3 % |
| | USDKZT_1_01M | 246,9 | 470,2 | 0,3 % |
| | USDKZT_1_001 | 1 286,2 | 2 500,4 | 1,6 % |
| EUR/KZT | EURKZT_1_001 | 33,3 | 60,8 | <0,1 % |
| RUB/KZT | RUBKZT_0_001 | 2 363,3 | 362 030,3 | 2,9 % |
| | RUBKZT_0_002 | 8 128,3 | 1 238 581,1 | 9,9 % |
| | RUBKZT_1_001 | 205,7 | 32 113,3 | 0,2 % |
| EUR/USD | EURUSD_0_001 | 2,0 | 3,3 | <0,1 % |
| | EURUSD_1_001 | 373,0 | 622,4 | 0,5 % |
| CNY/USD | CNYKZT_0_001 | 0,04 | 0,5 | <0,1 % |
| | CNYKZT_0_002 | 8,8 | 118,0 | <0,1 % |

Валюталық своп құрылымында 71,3 трлн теңге немесе своптармен сауда-саттық көлемінің 86,5 % – USDKZT; 10,7 трлн теңге немесе 13,0 % – RUBKZT; 375,0 млрд теңге немесе 0,5 % – EURUSD своптарына тиесілі болды.

Бір күндік SWAP-1D (USD) долларлық свопының кірістілігі 2025 жыл ішінде жылдық 7,12 %-дан жылдық 2,90 %-ға дейін 422 б.т. төмендеді. Екі күндік SWAP-2D (USD) валюталық свопының кірістілігі жылдық 9,07 %-дан жылдық 2,02 %-ға дейін 705 б.т. азайды.


Шетелдік валюта нарығы

Валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі өсуін жалғастыруда. Бұл ретте негізгі үлес RUBKZT, EURKZT, CNYKZT валюталық жұптарының сауда-саттық көлемінің өсуі сақталған кезде USD/KZT валюталық жұбына да тиесілі.

2025 жылы валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі 51,2 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылғы мәннен 34,7 % немесе 13,2 трлн теңгеге жоғары.


USDKZT жұбының шетел валютасымен сауда-саттық үлесі жалпы көлемде 72,2 % -дан 70,4 %-ға дейін төмендеді, бұл ретте валюта жұбымен сауда-саттық көлемі 36,0 трлн теңгеге дейін 31,4 % ұлғайды. RUBKZT валюта жұбының үлесі осы валюта жұбының сауда-саттық көлемі 85,7 % немесе 4,9 трлн теңгеге 10,7 трлн теңгеге дейін өскен кезде 15,1 %-дан 20,8 %-ға дейін ұлғайды. CNYKZT жұбының үлесі 2,5 %-ға дейін өсті, бұл ретте сауда-саттық көлемі 2 еседен астам 1,3 трлн теңгеге дейін өсті. EURKZT жұбының үлесі 1,4 % құрады. Валюта жұбының сауда-саттық көлемі 725,9 млрд теңгеге дейін 32,3 % ұлғайды. EURUSD жұбының үлесі 2,7 %-дан 1,8 %-ға дейін қысқарды. EURUSD валюталық жұбының сауда-саттық көлемі 917,6 млрд теңгеге дейін 11,5 % төмендеді. USDCNY жұбының шетел валютасымен сауда-саттығының жалпы көлеміндегі сауда-саттығының үлесі 7,1 %-дан 3,0 %-ға дейін азайды. Сондай-ақ USDCNY бойынша сауда-саттық көлемі 1,6 трлн теңгеге дейін 42,2 % қысқарды.

32-сурет. Шетел валютасымен сауда-саттық көлемі, млрд теңге




2025 жылы шетел валютасы нарығындағы құралдар саны 2024 жылғы мәннен 48 % асып, 1,8 трлн валюта бірлігіне жетті. Жалпы көлемнен 2025 жылы сатып алынған АҚШ доллары 69,1 млрд бірлікті, рубль 1 683,7 млрд бірлікті, юань 17,8 млрд бірлікті, еуро 1,2 млрд бірлікті құрады. АҚШ долларына сатып алынған еуро бірліктерінің саны 1,5 млрд бірлікті құрады. Юаньға сатып алынған АҚШ доллары бірліктерінің саны 3,0 млрд бірлікті құрады.

33-сурет. Валюта бірліктерінің саны, млрд дана



Валюта нарығындағы мәмілелер саны 208,5 мыңнан 242,4 мыңға дейін өсті. SDKZT жұбымен 187,5 мың мәміле (77,3 %), RUBKZT 42,7 мың мәміле (17,6 %), CNYKZT 5,1 мың мәміле (2,1 %), EURKZT 3,5 мың мәміле (1,4 %), EURUSD 2,2 мың мәміле (0,9 %), USDCNY 1,4 мың мәміле (0,6 %) жасалды.

34-сурет. Валютамен жасалған мәмілелер саны, дана



Деривативтер нарығы

2025 жылдың аяғында биржалық нарықтың осы секторында саудаға АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына жеткізілімсіз фьючерстер, ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамы, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай

акциялары, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары және KASE индексі қолжетімді болды.

2025 жылы деривативтермен сауда-саттық көлемі 9,5 млрд теңгені құрады. Мәмілелер АҚШ долларының теңгеге, ресей рублінің теңгеге бағамының фьючерстерімен және "Қазақстан Халық Банкі" АҚ жай акцияларымен жүргізілді.

Операциялық және қаржылық нәтижелер


2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша KASE тобының активтері аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда 90 % өсіп, 5 995,8 млрд теңгені құрады. Орталық контрагенттің қаржы активтері 5 610,9 млрд теңгені, ақша мен оның баламалары 227,4 млрд теңгені, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері 113,2 млрд теңгені, "кері репо" операциялары 33,8 млрд теңгені құрады.

Міндеттемелер мен капитал

Міндеттемелердің мөлшері 5 932,7 млрд теңгені құрады, оның ішінде 95 % немесе 5 610,9 млрд теңгені орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері құрайды, 5 % немесе 318,7 млрд теңгені орталық контрагент ретінде KASE тобының шоттарында орналастырылған клирингілік қатысушыларды қамтамасыз ету және кепілдік жарналар құрайды.

Есептік жылы меншікті капитал негізінен бөлінбеген пайда есебінен (50,0 млрд теңге) 63,0 млрд теңгеге жетті. KASE жарғылық капиталының мөлшері 2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша 4,2 млрд теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

35-сурет. Пайдалылықтың түйінді көрсеткіштері



Дереккөз: KASE

Кірістер


KASE тобының операциялық кірістері аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2025 жылы 30,0 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың нәтижесінен 4,0 млрд теңгеге немесе 16 % жоғары. Комиссиялық кіріс 2,0 млрд теңгеге немесе 20 % ұлғайып, 11,9 млрд теңгені құрады. Пайыздық кіріс 2,4 млрд теңгеге немесе 15 % артып, 18,2 млрд теңгені құрады.

Комиссиялық кіріс құрылымында неғұрлым көп үлесті операциялар жүргізгені үшін комиссиялық алымдар бойынша кіріс (38 %), клирингілік алымдар (37 %), листингілік алымдар (15 %) алады, ал ең аз үлесті мүшелік жарналар бойынша кіріс (4 %), ақпараттық қызметтер көрсетуден түсетін кіріс (3 %) және қашықтан қол жеткізу қызметтерін көрсетуден түсетін кіріс (3 %) алады.

Биржаның операциялар жүргізгені үшін комиссиялық алымдары 0,7 млрд теңгеге немесе 19 % ұлғайып, 4,5 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда комиссиялық алымдардың ұлғаюы корпоративтік облигациялар нарығында бастапқы орналастыру көлемінің өсуінің арқасында болды.

Биржаның листингілік алымдары 2025 жылы 0,4 млрд теңгеге немесе 31 % өсіп, 1,8 млрд теңгеге жетті.

Биржаның клирингілік алымдары 0,6 млрд теңгеге немесе 17 % артып, 4,4 млрд теңгені құрады. Мүшелік жарналар бойынша кіріс 2024 жылмен салыстырғанда 0,09 млрд теңгеге немесе 22 % артып, 0,5 млрд теңгені құрады. Ақпараттық қызмет көрсетуден түскен кіріс 2024 жылмен салыстырғанда 0,06 млрд теңгеге немесе 20 % артып, 0,4 млрд теңгені құрады.



36-сурет. Негізгі қызметтер бөлінісіндегі кірістің құрылымы

Дереккөз: KASE

Шығыс

KASE тобының шығысы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2025 жылы 11,3 млрд теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда 3,1 млрд теңгеге немесе 39 % өсті. KASE шығысының құрылымында неғұрлым көп үлесті персоналға арналған шығыс (62 %), тозу және амортизация (12 %) және негізгі құралдарға техникалық қызмет көрсету (7 %) алады. Персоналға жұмсалатын шығыстың өсуі штат санының ұлғаюына байланысты.

Операциялық қызметтің нәтижелері

2025 жылдың қорытындысы бойынша KASE тобының таза пайдасы 0,1 млрд теңгеге төмендеп, 15,3 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылдың нәтижесінен 1 % төмен. Биржаның операциялық кірісі 16 %, операциялық шығысы 39 % ұлғайды.

КОРПОРАТИВТІК ЕСЕП

Корпоративтік басқару

KASE акционерлері туралы ақпарат

2026 жылғы 01 қаңтарда Биржаның жарияланған жай акцияларының жалпы саны бес миллион дананы құрады, оның ішінде акционерлері 106 тұлға, оның ішінде банктер, брокерлік және сақтандыру ұйымдары, бөлшек инвесторлар – жеке тұлғалар болып табылатын 1 075 231 жай акция орналастырылды, Ұлттық Банкке Биржаның орналастырылған жай акцияларының жалпы санының 46,99 % үлесі тиесілі болды.

KASE акционерлерінің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы Биржаның жоғары басқару органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және Биржаның жарғысында анықталған.

Директорлар кеңесі Биржаның басқару органы болып табылады, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және/немесе Биржаның жарғысымен Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2025 жылғы 01 қаңтардан 29 мамырға дейінгі кезеңде Директорлар кеңесінің құрамына мыналар кірді:

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы заңының негізінде Ұлттық Банктің және уәкілетті органның өкілдері:

- **Молдабекова Әлия Мейірбекқызы** (Директорлар кеңесінің төрағасы) – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;
- **Хаджиева Мария Жамалқызы** – Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары;

Биржа жарғысының негізінде атқарушы органның басшысы:

- **Алдамберген Алина Өтемісқызы** – KASE Басқармасының төрағасы – 2025 жылғы 29 наурызға дейін;
- **Мұхамеджанов Әділ Нұрланұлы** – KASE Басқармасының төрағасы – 2025 жылғы 31 наурыздан бастап.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының негізінде басқару органының сайланатын мүшелері:

- **Әбдіразақов Елдар Советұлы** – KASE Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Біртанов Есжан Амантайұлы** – KASE Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Елемесов Асқар Раушанұлы** - KASE тәуелсіз директоры;
- **Израэли Дорон** – KASE тәуелсіз директоры;
- **Салимов Ертай Исмаилұлы** – KASE Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Ян Виллемс** – KASE тәуелсіз директоры.

2025 жылғы мамырда Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен (2025 жылдың 29 мамырындағы № 42 отырыс хаттамасы) 11 адамнан тұратын Директорлар кеңесінің құрамы анықталды, оның ішінде:

- Директорлар кеңесінің сайланбайтын үш мүшесі ("Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 84-бабы 4-тармағының негізінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен дамыту жөніндегі уәкілетті органнан өкіл, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілі және "Қазақстан қор биржасы" АҚ жарғысының 17-бабы 3-тармағының 2) тармақшасының негізінде Биржа Басқармасының төрағасы (лауазымы бойынша)";
- Биржа акционерлерінің үш өкілі;
- Биржаның бес тәуелсіз директоры.

Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен (2025 жылдың 29 мамырындағы № 42 отырыс хаттамасы) Директорлар кеңесінің құрамына Биржаның екі тәуелсіз директоры қосымша сайланды:

- Пірматов Бекжан Олжаұлы,
- Сароян Константин Рафаэлович.

2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша KASE Директорлар кеңесінің құрамы:

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы заңының негізінде Ұлттық Банктің және уәкілетті органның өкілдері:

- **Молдабекова Әлия Мейірбекқызы** (Директорлар кеңесінің төрағасы) – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары;
- **Хаджиева Мария Жамалқызы** – Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары;

Биржа жарғысының негізінде атқарушы органның басшысы:

- **Мұхамеджанов Әділ Нұрланұлы** – KASE Басқармасының төрағасы;

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының негізінде басқару органының сайланатын мүшелері:

- **Әбдіразақов Елдар Советұлы** – "Сентрас Секьюритиз" АҚ; "Сентрас Иншуранс" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Коммекс-Өмір" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Сентрас Коммекс Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- **Біртанов Есжан Амантайұлы** – "TANSAR CAPITAL" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, "TANSAR GROUP" АҚ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Елемесов Асқар Раушанұлы** – KASE тәуелсіз директоры, "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Samanea Limited" Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры;
- **Израэли Дорон** – KASE тәуелсіз директоры, IDC Herzliya, Arison School of Business профессоры. Назарбаев университетінің жоғары бизнес мектебінің профессоры;
- **Пірмаатов Бекжан Олжайұлы** – KASE тәуелсіз директоры, "АЛМЭКС" холдинг тобы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры;
- **Салимов Ертай Исмаилұлы** – "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, "Қазкоммерцбанк Тәжікстан" ЖАҚ байқаушы кеңесінің төрағасы, "Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Haluk Finance" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Сароян Константин Рафаэлович** – KASE тәуелсіз директоры, Еуро-Азия Биржалары Федерациясының Бас хатшысы, Армения директорлар институты Кеңесінің мүшесі, ЕСЖ Тауар Биржасының тәуелсіз директоры;
- **Ян Виллемс** – KASE тәуелсіз директоры, Clearstream Banking әлемдік нарықтар өнімдері бөлімінің атқарушы Директоры, басшысы, Люксембург.



2025 жылы Директорлар кеңесінің отырысы тұрақты түрде күндізгі және сырттай форматта өткізілді.

Есептік кезеңде Директорлар кеңесі Биржа қызметінің оның құзыретіне жататын стратегиялық және ағымдағы мәселелерін қарады. Директорлар кеңесінің 14 отырысы және 29 сырттай дауыс беру өткізілді.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Биржаның Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері мен комиссиялары жұмыс істейді:

- Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және даму жөніндегі комитеті;
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті;
- Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар, әлеуметтік мәселелер және орнықты даму жөніндегі комитеті.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листингтік комиссиясының құрамына қойылатын талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 249 қаулысымен бекітілген Қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалатын

мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру ережелеріне сәйкес Биржада:

- Листингілік комиссия;
- Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитеті жұмыс істейді.

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру процесінде туындайтын даулар мен жанжалдарды шешу тәртібіне сәйкес Даулар мен жанжалдарды шешу жөніндегі комиссия жұмыс істейді.

Биржаның Директорлар кеңесі комитеттері мен комиссияларын қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың құзыреті, функциялары, сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Биржаның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

2025 жылы:

- Биржаның Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және даму жөніндегі комитетінің 10 отырысы;
- Биржаның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар, әлеуметтік мәселелер және орнықты даму жөніндегі комитетінің 14 отырысы;
- Биржаның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің 11 отырысы;
- Листингілік комиссиясының 62 сырттай отырысы;
- Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитетінің 5 отырысы өткізілді.

Биржаның Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және даму жөніндегі комитетінің құрамында сарапшылар ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, ҚНРДА және бағалы қағаздар нарығының сарапшылары мен брокерлік ұйымдардың өкілдері болды.

Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асыру кезінде Биржаның Корпоративтік басқару кодексінде, Биржаның Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы қағидада көзделген мақсаттарды, міндеттерді басшылыққа алады және Биржа қызметінің оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін өзінің функционалдық міндеттерін сақтайды.

Биржаның Басқармасы

Басқарма Биржаның алқалы атқарушы органы болып табылады және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және Биржаның жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Биржаның

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

"Акционерлік қоғамдар туралы", "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, KASE жарғысына, KASE Басқармасы туралы қағидаға сәйкес 2025 жылы Биржа Басқармасының құрамында мынадай өзгерістер болды:

Директорлар кеңесінің шешімімен (2025 жылдың 07 наурызындағы № 7 отырыс хаттамасы):

- 2025 жылғы 28 наурызда Алина Өтемісқызы Алдамбергеннің Биржа Басқармасының төрағасы ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2025 жылғы 31 наурыздан бастап Әділ Нұрланұлы Мұхамеджанов Биржа Басқармасының төрағасы болып сайланды.

Директорлар кеңесінің шешімімен (2025 жылдың 28 сәуіріндегі № 12 отырыс хаттамасы):

- 2025 жылғы 30 сәуірде Елдос Маратұлы Қуанышбековтің Биржа Басқармасының мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2025 жылғы 02 мамырдан бастап Михаил Валерьевич Гришко Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

Директорлар кеңесінің шешімімен (2025 жылдың 20 маусымындағы № 18 отырыс хаттамасы):

- 2025 жылғы 20 маусымда Ермек Болатұлы Мәжекеновтің Биржа Басқармасы төрағасының орынбасары ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2025 жылғы 23 маусымнан бастап Айнагүл Қуанышбайқызы Ысқақова Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша KASE Басқармасы бес адамнан тұрды:

- **Ә.Н. Мұхамеджанов**, Басқарма төрағасы;
- **Д.М. Аманжолова**, Басқарма төрағасының орынбасары;
- **М.В. Гришко**, Басқарма төрағасының орынбасары;
- **А.Қ. Ысқақова**, Басқарма төрағасының орынбасары;
- **Ж.Н. Саржаков**, Басқарма төрағасының орынбасары.



Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақысы туралы ақпарат

Директорлар кеңесінің және Биржа Басқармасының мүшелеріне сыйақы мен шығыс өтемақысын төлеу олармен жасалатын шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген басшы жұмыскерлерге сыйақы мөлшерін Директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысты акционерлердің жалпы жиналысы және тиісті қаржы жылындағы Биржаның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты Басқарма мүшелеріне қатысты Директорлар кеңесі анықтайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Биржаның жарғысына және Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақысы Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен анықталады;
- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшері сыйлықақы беру жүзеге асырылатын жылдың барлық айы үшін Директорлар кеңесінің осы мүшесіне төленген ай сайынғы сыйақының жалпы сомасының 85 %-нан аспауға тиіс;
- жылдық сыйлықақы сыйақысы есептік қаржы жылында Директорлар кеңесі отырыстарының, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс берулерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің осы мүшелері

мүшесі болып табылатын Биржаның өзге де тұрақты жұмыс істейтін комитеттері мен комиссияларының отырыстарының 50 %-нан кеміне қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленбейді.

2025 жыл ішінде Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне 95 074 918 (тоқсан бес миллион жетпіс төрт мың тоғыз жүз он сегіз) теңге төленді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдері болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыйақы ала алмайтын тұлғаларға жататын Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне:

- "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 84-бабы 4-тармағының және Биржа жарғысының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасының негізінде Директорлар кеңесінің құрамына кіретін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігінің өкілдеріне;
- Биржа жарғысының 17-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы негізінде лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің құрамына кіретін Биржа Басқармасының Төрағасына сыйақы белгіленбейді және төленбейді.

Биржа Басқармасы мүшелерінің сыйақысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Биржаның жарғысына және Басқарма туралы қағидаға сәйкес:

- Басқарма мүшесінің лауазымдық айлықақысының ай сайынғы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- Басқарма мен Биржаның есептік жылдағы қызметінің нәтижелерін қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің есептік жылдағы жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшерін белгілеу туралы шешім қабылдайды;
- Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшері есептік жыл ішіндегі Басқарманың әрбір мүшесінің жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- Директорлар кеңесі Басқарма мүшесіне біржолғы төлем туралы шешім қабылдай алады.

2025 жыл ішінде Биржа Басқармасының мүшелеріне 300 837 751,03 (үш жүз миллион сегіз жүз отыз жеті мың жеті жүз елу бір) теңге 03 тиын төленді.

КАСС акционерлері туралы ақпарат

2026 жылғы 01 қаңтарда Клиринг орталығының жарияланған жай акцияларының жалпы саны төрт жүз мыңды құрады, оның ішінде 531 жай акция орналастырылған. Клиринг орталығының жалғыз акционері "Қазақстан қор биржасы" АҚ болып табылады.

КАСС жалғыз акционері және Директорлар кеңесі

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы Клиринг орталығының жоғары басқару органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және Клиринг орталығының Жарғысында анықталған.

Директорлар кеңесі Клиринг орталығының басқару органы болып табылады, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және/немесе Клиринг орталығының Жарғысымен Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Клиринг орталығының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2025 жылғы сәуірде Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі (жалғыз акционердің өкілі) ретінде А.Ө. Алдамбергеннің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.


Осы шешіммен Директорлар кеңесінің құрамына мынадай өзгерістер енгізілді:

- 2025 жылғы 11 сәуірден бастап Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Ә.Н. Мұхамеджанов сайланды;
- 2025 жылғы 31 наурыздан бастап "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқарма төрағасы болып сайланған Ә.Н. Мұхамеджановқа Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі қызметін атқаруға келісім берілді;
- Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі (жалғыз акционердің өкілі) Е.И.Салимовтің 2025 жылғы 31 наурыздан бастап оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініші назарға алынды;
- Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің сандық құрамы жеті адамнан анықталды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы:

- **Мұхамеджанов Әділ Нұрланұлы** (Директорлар кеңесінің төрағасы) – Биржа Басқармасының төрағасы, жалғыз акционердің өкілі;
- **Айнабаева Шолпан Рахманқұлқызы** (Директорлар кеңесінің мүшесі – Клиринг орталығының тәуелсіз директоры);
- **Дамитов Қадыржан Қабдошұлы** (Директорлар кеңесінің мүшесі – Клиринг орталығының тәуелсіз директоры);
- **Саржақов Жайнар Наурызбайұлы** – Биржа Басқармасы төрағасының орынбасары, жалғыз акционердің өкілі;
- **Сердюк Иван Вячеславович** (Директорлар кеңесінің мүшесі);

- **Ташметов Мирлан Жапарбекұлы** (Директорлар кеңесінің мүшесі – Клиринг орталығының тәуелсіз директоры);
- **Хорошевская Наталья Юрьевна** (Директорлар кеңесінің мүшесі) – Клиринг орталығының Басқарма төрағасы.



2025 жылы Директорлар кеңесінің отырысы тұрақты түрде күндізгі және сырттай форматта өткізілді.

Есептік кезеңде Директорлар кеңесі Клиринг орталығы қызметінің оның құзыретіне жататын стратегиялық және ағымдағы мәселелерін қарады. Директорлар кеңесінің 11 отырысы және 13 сырттай дауыс беру өткізілді.

Директорлар кеңесі (2025 жылдың 01 тамызындағы № 15 отырыс хаттамасы) 2025 жылғы 01 тамыздан бастап Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитетін құрды.

Осылайша, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Клиринг орталығында Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері қалыптастырылды және жұмыс істейді:

- Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті (сандық құрамы 8 адам);
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті (сандық құрамы 3 адам);
- Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті (сандық құрамы 4 адам);

- Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитеті (сандық құрамы 5 адам).

Клиринг орталығының Директорлар кеңесі комитеттері мен комиссияларын қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың құзыреті, функциялары, сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Клиринг орталығының ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

2025 жылы:

- Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 12 отырысы;
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің 10 отырысы;
- Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 8 отырысы;
- Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитетінің 3 отырысы өткізілді.


Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асыру кезінде Клиринг орталығының Корпоративтік басқару кодексінде, Клиринг орталығының Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы қағидада көзделген мақсаттарды, міндеттерді басшылыққа алады және Клиринг орталығы қызметінің оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін өзінің функционалдық міндеттерін сақтайды.

Клиринг орталығының Басқармасы

Басқарма Клиринг орталығының алқалы атқарушы органы болып табылады және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және Клиринг орталығының жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Клиринг орталығының ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

2025 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша Басқарма құрамы:

- **Н.Ю. Хорошевская**, Басқарма төрағасы;
- **А.В. Ли**, Басқарма төрағасының орынбасары;
- **И.М. Сабитов**, Басқарма төрағасының орынбасары;
- **Е.В. Студенина**, Басқарма төрағасының орынбасары.



Сыйақылар туралы ақпарат

Директорлар кеңесінің және Клиринг орталығы Басқармасының мүшелеріне сыйақы мен шығыс өтемақысын төлеу олармен жасалатын шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген басшы жұмыскерлерге сыйақы мөлшерін Директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысты Клиринг орталығының жалғыз акционерінің және тиісті қаржы жылындағы Клиринг орталығының қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты Басқарма мүшелеріне қатысты Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Клиринг орталығының Жарғысына және Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақысы Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен анықталады;
- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшері сыйлықақы беру жүзеге асырылатын жылдың барлық айы үшін Директорлар кеңесінің осы мүшесіне төленген ай сайынғы сыйақының жалпы сомасының 85 %-нан аспауға тиіс;
- жылдық сыйлықақы сыйақысы есептік қаржы жылында Директорлар кеңесі отырыстарының, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс берулерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарының, Директорлар кеңесінің осы мүшелері болып табылатын Клиринг орталығының өзге де тұрақты жұмыс істейтін комитеттері мен комиссияларының 50 %-нан кеміне қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленбейді.

2025 жылғы 01 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелеріне 55 196 557,16 (елу бес миллион бір жүз тоқсан алты мың бес жүз елу жеті теңге он алты тиын) төленді.

Клиринг орталығының Басқарма мүшелеріне сыйақы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Клиринг орталығының жарғысына және Басқарма туралы қағидаға сәйкес:

- Басқарма мүшесінің лауазымдық айлықақысының ай сайынғы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- есептік жылдағы Басқарма мен Клиринг орталығы қызметінің нәтижелерін қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі есептік жылдағы Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшерін белгілеу туралы және оны Басқарма мүшелеріне төлеу туралы шешім қабылдайды;
- Басқарма мүшелеріне жылдық сыйлықақы беру мөлшері, тәртібі мен шарттары есептік жыл ішінде Басқарманың әрбір мүшесінің жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- Директорлар кеңесі Басқарма мүшесіне біржолғы төлем туралы шешім қабылдай алады.

2025 жылғы 01 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Клиринг орталығы Басқармасының мүшелеріне 295 031 867,12 (екі жүз тоқсан бес миллион отыз бір мың сегіз жүз алпыс жеті теңге он екі тиын) төленді.

Тәуекелді басқару жүйесі

KASE тобында тәуекелді басқару мен ішкі бақылаудың бірыңғай интеграцияланған жүйесі құрылған, бұл ретте Топ компанияларының әрқайсысына тәуекелдердің ерекше түрлері тән. Тәуекелді басқару KASE тобының барлық елеулі тәуекелін анықтауға, бағалауға және мониторинг жүргізуге, сондай-ақ тәуекелді басқару бойынша шаралар қабылдауға бағытталған KASE және KACC қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Халықаралық стандарттарға сәйкес KASE тобының тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйесі қорғаудың үш желісіне негізделеді:

- 1) бірінші қорғау желісі – Биржаның/KACC-тың барлық бөлімшесі мен жұмыскері – тәуекелді сәйкестендіруді және бағалауды, олар туралы ақпаратты екінші қорғау желісіне беруді, бақылау шараларын әзірлеуді және енгізуді жүзеге асырады;
- 2) екінші қорғау желісі – бақылау функцияларын жүзеге асыратын бөлімшелер: комплаенс-қызмет, заң бөлімі, тәуекелді басқару бөлімі, қадағалау бөлімі, қаржы мониторингі бөлімі – өз құзыреті шегінде тәуекелдердің мониторингі мен бақылауын, әдіснамалық қолдауды жүзеге асырады;
- 3) үшінші қорғау желісі: ішкі аудит қызметі – тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді.

Тәуекелді басқару процесінде тәуекелді басқару жүйесінің барлық қатысушысы – қорғаудың үш желісі, комитеттер, атқарушы органдар және Биржа мен Клиринг орталығының басқару органдары арасында өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу жүзеге асырылады. Тәуекелді басқару жүйесін үздіксіз дамыту және жетілдіру KASE тобына ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерге уақтылы ден қоюға, қызметтің

тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді. KASE тобындағы тәуекелді басқару – бұл тұрақты, динамикалық және үздіксіз процесс.

Нарықтық тәуекелдер

Нарықтық тәуекелдерді бақылау мақсатында Клиринг орталығы waterfall мәмілелері бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің күрделі көп деңгейлі жүйесін пайдаланады.

Егер дефолт пайда болса және Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушының позициясын жойса, қамтамасыз ету мынадай тәртіппен пайдаланылады:

- 1) жосықсыз клирингілік қатысушыны маржалық қамтамасыз ету;
- 2) жосықсыз клирингілік қатысушыны стресстен қамтамасыз ету;
- 3) жосықсыз клирингілік қатысушының кепілдік беру қорына жарналары;
- 4) сақтық қор;
- 5) адал клирингілік қатысушылардың кепілдік беру қорына жарналары.

Нарықтық тәуекелді басқару мақсаттары үшін әрбір нарықта – қор, валюта және мерзімді нарықтарында:

- 1) кепілдік беру қоры – клирингілік қатысушылардың жарналарынан;
- 2) сақтық қор – Клиринг орталығының меншікті қаражатынан қалыптастырылады.

Кепілдік беру қорының және сақтық қордың жиынтық мөлшерін есептеу әдістемесі CPMI-IOSCO PFMI 4 қағидатында анықталған cover 2 қағидатына негізделеді, ол клирингілік қорлардың мөлшері ең ірі екі клирингілік қатысушының дефолтын реттеу үшін жеткілікті болуы тиіс деп болжайды.

Кепілдік беру қорларының мөлшері:

- қор нарығы – 772,5 млн теңге;
- валюта нарығы – 664 млн теңге;
- деривативтер нарығы – 72 млн теңге.

Сақтық қорлардың мөлшері:

- қор нарығы – 2 208 млн теңге;
- валюта нарығы – 1 500 млн теңге;
- деривативтер нарығы – 170 млн теңге.

Клиринг орталығының Директорлар кеңесі (2025 жылдың 09 желтоқсанындағы № 23 шешім) сақтық қорлардың мынадай мөлшерлерін бекітті:

- қор нарығы – 2 409 млн теңге;

- валюта нарығы – 2 527 млн теңге;
- деривативтер нарығы – 170 млн теңге.

Сақтық қорларды жете қалыптастыру Клиринг орталығының 2025 жылғы жылдық аудиттелген қаржылық есептілігін бекіту нәтижелері бойынша жүзеге асырылатын болады.

Клиринг орталығы тәуекелдерді сәйкестендіру, мониторингтеу және бақылау мақсаттары үшін клирингілік қызмет көрсетуге қабылданған барлық қаржы құралы бойынша тәуекел-параметрлерді (портфельдік тәсілді ескере отырып) есептеуді жүзеге асырады.

Тәуекел-параметрлерге, оның ішінде қамтамасыз етуге қабылданатын қаржы құралдарының құнын дисконттау үшін қолданылатын бастапқы маржа мөлшерлемелері мен шоғырлану мөлшерлемелері жатады. Осы мөлшерлемелер клирингілік қатысушының дефолтын реттеу мақсаты үшін қаржы құралын іске асыру кезінде оның құнының ықтимал өзгеру тәуекелін көрсетеді.

Сонымен қатар тәуекел-параметрлерге болашақтағы есеп айырысу күндерімен репо және своп мәмілелері бойынша нетто-позициялардың тәуекелдерін бағалау үшін қолданылатын қаржы құралдарының пайыздық тәуекел мөлшерлемелері жатады.

Тәуекелдерді бақылау мақсатында Клиринг орталығы T+2 (T+ тізімі) есеп айырысу циклімен клирингілік қызмет көрсетуге қабылдануы мүмкін қаржы құралдарына және қамтамасыз етуге (T+ қамтамасыз ету тізімі) қабылданатын қаржы құралдарына, оның ішінде қор нарығында сауда-саттыққа қатысушыларды қамтамасыз ету құрылымын ескере отырып, талаптар қояды.

T+ тізіміне және T+ қамтамасыз ету тізіміне өтімділік пен сенімділік шарттарын, сондай-ақ айналыстағы көлемді қанағаттандыратын қаржы құралдары қабылданады.

T+ тізіміне мыналар енгізілген:

- қор нарығында – 341 құрал,
- валюта нарығында – 5 валюта.

T+ қамтамасыз ету тізіміне мыналар енгізілген:

- қор нарығында – 265 құрал,
- валюта нарығында – 2 валюта.

Өтімділік тәуекелдері

Өтімділікті жоғалту тәуекелдеріне Клиринг орталығының өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде елеулі залалдарсыз орындауға қабілетсіздігі нәтижесінде шығындардың туындау ықтималдығы жатады. Тәуекелді шектеу мақсатында тиісті

шоттардағы ақшаның ең төменгі мөлшеріне талаптар белгіленген. Сонымен қатар өтімділікті ескере отырып, активтерді басқару және ағымдағы және күтілетін ақша ағындарының күнделікті мониторингі жүзеге асырылады. Бұл процесс күтілетін ақша ағындарын бағалауды және қажет болған жағдайда өтімділікті алу үшін пайдаланылуы мүмкін өтімділігі жоғары қамтамасыз етудің болуын қамтиды.

Өтімділік тәуекелін басқару шеңберінде ОК функцияларын жүзеге асыру кезінде Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерінде белгіленген құралдар мен процестер пайдаланылады.

Клиринг орталығының уақытша бос меншікті активтері Активтерді инвестициялау саясатында (бұдан әрі – Инвестициялау саясаты) белгіленген шектелімдерге сәйкес қысқа мерзімді қаржы құралдарына орналастырылады. Инвестициялау саясаты сондай-ақ инвестициялық портфельде өтеу мерзімі бірдей қаржы активтерін шоғырландыру нәтижесінде туындайтын шығындардың тәуекелдерін болдырмау мақсатында инвестициялық портфельді құрайтын инвестициялау объектілерін әртараптандыруды көздейді.

Клирингілік қатысушылардың міндеттемелерді орындамау тәуекелін барынша азайту мақсатында кепілдік беру қорлары, ал Клиринг орталығы – мөлшері ішкі әдістемелер бойынша есептелетін сақтық қор қалыптастырылды.

Бұдан басқа, Клиринг орталығы өтімділік тәуекелдерін төмендету мақсатында бағалы қағаздар, қытай юаны және теңге бойынша өтімділік провайдерлерімен шарттар жасасты.

Қарсы әріптестің тәуекелдері

Клирингілік қатысушылардың тәуекелдерін бақылау мақсатында Клиринг орталығы меншікті капиталдың жеткіліктілігіне, қаржылық тұрақтылыққа, тәуекелді басқару жүйесінің болуына, ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл шеңберінде теріс мәліметтердің болмауына, санкциялық шектеулердің болмауына және басқаларға қойылатын талаптарды қоса алғанда, клирингілік қатысушыларға кандидаттарға қойылатын талаптарды белгілейді.

Ұйымға клирингілік қатысушы мәртебесін беру кезінде (ұйымда клирингілік қатысушының қолданыстағы мәртебесі болған жағдайларды қоспағанда), мұндай ұйымға осы ұйым Клиринг орталығына берген қаржылық есептілік және өзге де құжаттар негізінде ішкі рейтинг беріледі. Рейтингтер мынадай тәртіппен белгіленеді:

1. А;
2. В;
3. С;
4. D.

Берілген рейтингке байланысты клирингілік қатысушыға "ішінара қамтамасыз етілген" немесе "толық өтеумен" санаты беріледі.

"Ішінара қамтамасыз етілген" санатын алу үшін клирингілік қатысушы "С"-дан төмен емес рейтингке ие болуға тиіс.

Клиринг орталығы клирингілік қатысушылардың тұрақты қаржылық мониторингін жүзеге асырады. Банктерге мониторинг айына бір рет, брокерлерге – тоқсанына бір рет жүргізіледі.

Мониторинг клирингілік қатысушылардың қаржылық есептілігі, сондай-ақ сот талаптары туралы ақпаратты, клирингілік қатысушының пруденциалдық нормативтерді және уәкілетті орган белгілеген өзге де нормаларды және шектелімдерді бұзғаны туралы ақпаратты және клирингілік қатысушылардың қаржылық тұрақтылығына әсер ететін т.б. қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейтін кез келген оқиғалар негізінде жүзеге асырылады.

Қаржы мониторингінің нәтижесі клирингілік қатысушысының ішкі рейтингін қайта қарау болып табылады.

Теріс ақпарат анықталған жағдайда Клиринг орталығы тиісті қатысушыға жоғарылатылған бақылау (watch-list-ке енгізу, клирингілік қатысушының осындай позициялары бойынша ашық позицияларының және қамтамасыз етудің жеткіліктілігінің күнделікті мониторингін жүргізу, клирингілік қатысушыға қаржылық жай-күйінің нашарлау себептері және оның қаржылық тұрақтылығын қалпына келтіру жөніндегі жоспарлардың болуы туралы сұрау салуды жіберу туралы мәселеге бастамашылық ету) клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұруға, клирингілік қатысушы мәртебесінен айыруға дейін (анықталған сәйкессіздіктерді жоймаған немесе дәрменсіз деп танылған) шараларын қолдануға құқылы.

Операциялық тәуекелдер

Операциялық тәуекелдерге барабар емес және жеткіліксіз ішкі процестер, адам ресурстары, ақпараттық жүйелер нәтижесінде немесе сыртқы оқиғалардың әсері салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелдері жатады. Бақылау жүйесі жұмыс істеуін тоқтатқан кезде операциялық тәуекелдер беделге зиян келтіруі, құқықтық салдары болуы немесе қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін. Клиринг орталығы барлық операциялық тәуекел жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеуетті тәуекелдерді қадағалау және оларға тиісті әрекет ету жолымен мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, қол жеткізу құқығын, бекіту және салыстыру процедураларын, персоналды оқытуды, сондай-ақ бағалау процедураларын тиімді бөлуді көздейді. Тәуекелдер мониторингін тәуекелді басқару бөлімшесі жүзеге асырады. Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қызметтің үздіксіздігі мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету саясаты мен процедуралары әзірленді.

2025 жылы KASE тобында тәуекелді басқару бойынша мынадай жұмыс жүргізілді:

- тәуекелді басқару жүйесіне қатысушылар арасында өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу жөніндегі ішкі регламенттер жаңартылды, бақылау шараларын бағалауға және жетілдіруге мүмкіндік беретін бизнес-процестерге талдау жүргізу процедуралары енгізілді, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау әдіснамасы жетілдіріледі, жаңа өнімдерді енгізу және жобаларды іске асыру кезінде тәуекелді басқару тәсілдері әзірленеді;
- KASE мен KACC тәуелсіз сертификаттық аудиттен өтті және ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестік сертификаттары расталды. ISO 9001:2015 сертификаттауы сапа саласындағы халықаралық стандартқа сәйкес KASE тобының бизнес-процестерін басқаруды және қызметін жүзеге асыруды растайды. ISO/IEC 27001:2022 сертификаты KASE тобының ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ұйымдастырудың жоғары деңгейін растайды. Халықаралық стандарттарға сәйкестік тәуекелді басқарудың үздік әлемдік тәжірибелеріне сәйкес тәуекелді басқару жүйесін жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік береді;
- тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалаудың жыл сайынғы процедурасы шеңберінде қызметке тән тәуекелдер деңгейлері қайта қаралды, тәуекелдер тіркелімдері мен карталары қалыптастырылды, KASE мен KACC бойынша 2026 жылға тәуекелдер көрсеткіштерінің максималды рұқсат етілген мәндері бекітілді. Мерзімді басқарушылық есептілік шеңберінде KASE мен KACC атқарушы органдары мен басқару органдары тәуекелдердің ағымдағы деңгейі және осы тәуекелді басқару шеңберінде қабылданатын шаралар туралы ақпарат алады.

KASE тобында тұрақты негізде тәуекелді басқару, уәждемелік бағдарламаларды әзірлеу, бірінші қорғау желісі бөлімшелерін тәуекелдерді сәйкестендіру және бақылау шараларын жетілдіру процестеріне тарту мәселелері бойынша бөлімшелерді тұрақты оқыту арқылы тәуекел мәдениетін арттыру жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі. Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа жұмыскерлер тәуекелді басқару процесіндегі және қолданылатын тәсілдер мен құралдардағы өз рөлін түсіну мақсатында тәуекелді басқару жүйесін ұйымдастыру бойынша бейімдеу курсынан өтеді. Тәуекелді басқару бөлімшесінің жұмыскерлері біліктілігін арттыру және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігі мақсатында оқудан тұрақты түрде өтеді.

Орталық контрагенттің қызметін жүзеге асыру кезінде Клиринг орталығының нарықтық тәуекелдерін тиімді басқару үшін Клиринг орталығының Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган – Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді. Комитеттің функцияларына қаржы құралдарының іргелі және бекітілетін тәуекел-параметрлерінің мәндерін бекіту, биржалық нарықтарда клирингілік қатысушыларға жеке шектелімдер мен шектеулерді белгілеу және

қолдану бойынша Биржа Басқармасына ұсынымдар дайындау, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар кіреді. Клиринг орталығында енгізілген, нарықтық тәуекелдердің мониторингі мен бақылауын автоматты тәртіптемеде жүзеге асыратын тәуекелді басқару жүйесі Биржада сатылатын қаржы құралдарының құбылмалылығының өзгеруіне уақтылы ден қоюға мүмкіндік береді.

Қызметтің үздіксіздігін басқару

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі табиғи апаттарды, технологиялық іркілістерді, адам қателіктері мен сыртқы дағдарыстарды қоса алғанда, KASE мен KACC қызметінің үзілуіне әсер етуі мүмкін төтенше оқиғалардан кейін Топтың тез және тиімді қалпына келтіру қабілетін қамтамасыз етуге бағытталған. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі KASE тобы үшін бірыңғай болып табылады, өйткені Топ бірыңғай IT-инфрақұрылымды, бірыңғай сауда-саттық жүйелерін пайдаланады. Қызметтің үздіксіздігін басқару мақсатында ISO 22301:2019 халықаралық стандартына сәйкес әзірленген Қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты, Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету ережелері мен жоспары бекітілді.

KASE тобы қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесі бірнеше негізгі құрауыштарды қамтиды:

- бизнес-процестерді тоқтату тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау – бөлімшелер KASE тобының қызметіне әсер етуі мүмкін тәуекелдерге жыл сайын талдау жүргізеді;
- бизнеске әсерді талдау – аса маңызды процестерді және олардың ресурстарға (персоналға, технологияларға, жабдықтарға, ақпараттар мен жеткізілімдерге) тәуелділігін анықтау үшін мерзімді талдау жүргізіледі;
- қызметтің үздіксіздігі жоспары – жүргізілген талдау негізінде дүлей зілзалалар, эпидемия, карантин, негізгі кеңсенің тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін ажырату сияқты әртүрлі сценарийлерге нақтыланған жоспарлар әзірленеді;
- қалпына келтіру стратегиясы – әрбір сыни функция үшін деректерді сақтық көшіруді, деректерді жекелеген деректерді өңдеу орталықтарында сақтауды және метрокластер технологияларын пайдалануды қамтитын АТ-жүйелері мен деректерді қалпына келтіру жөніндегі стратегия мен процедуралар әзірленді;
- оқыту және жаттықтыру – төтенше жағдай туындаған кезде мінез-құлық және іс-қимыл дағдыларын пысықтау мақсатында жұмыскерлер үшін үнемі жаттығулар өткізу;
- бағалау және тестілеу – тиімділігі мен өзектілігін растау мақсатында қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын тұрақты тестілеу, кемшіліктер анықталған жағдайда түзету;

- сақтық кеңсенің функционалдығын тестілеу – сақтық кеңсенің жұмыс қабілеттілігі мен функционалдығын қамтамасыз ету үшін сақтық кеңсенің жабдықтарын мерзімді тестілеу.

2025 жылы қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін жақсарту үшін мынадай түйінді қадамдар жасалды:

- ДӨО қашықтағы алаңында АТ-инфрақұрылымын құру және деректерді репликалауды қалпына келтірудің нысаналы нүктесімен баптау;
- кабинеттік тестілеуді қалпына келтіру командасының және "қызыл" және "сары" аймақ жұмыскерлерінің қатысуымен қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарының барлық сценарийі бойынша өткізу.

Даму үшін негізгі бағыттар:

- қызметті үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келтіру шеңберінде бизнестің үздіксіздігі менеджменті жүйесіне қойылатын талаптарды анықтайтын ISO 22301:2019 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізуді;
- өнім берушілермен және серіктестермен өзара іс-қимылды күшейтуді: төтенше жағдай туындаған жағдайда қызметті қалпына келтіру кезінде өзара іс-қимыл процедураларын ұйымдастыру мақсатында түйінді өнім берушілермен серіктестік қатынастарды дамытуды;
- Алматы қаласынан тыс қашықтағы алаңды одан әрі дамытуды;
- KASE мен KACC қызметін қамтамасыз ететін сыртқы ұйымдардың қатысуымен қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын тестілеуді қамтиды.

Комплаенс-бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Бекітілген Жұмыс жоспарларына сәйкес KASE тобының COMPLAENS-қызметтері (бұдан әрі осы бөлімде – Қызмет) реттеушілік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және санкциялық комплаенсті дамытуға, сондай-ақ ішкі бақылауды күшейтуге және комплаенс-тәуекелді басқаруға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асырды.

Негізгі қызметті қамтамасыз ету шеңберінде тұрақты негізде Қазақстан Республикасы заңнамасының мониторингі және KASE тобы ұйымдарының қызметіне қолданылу мәніне оның талаптарын талдау жүзеге асырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бағыты бойынша:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді;
- "жедел желіні" қоса алғанда, өтініштерді, шағымдарды және ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламаларды қабылдау және қарау үшін арналардың жұмыс істеуі қамтамасыз етілді;

- KASE тобының жұмыскерлері үшін оқыту және түсіндіру іс-шаралары өткізілді;
- Қазақстан Республикасының ішкі құжаттары мен заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау жүзеге асырылды.

Есептік жыл ішінде Қызмет реттеушілік және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға және Қазақстан Республикасы заңнамасы мен ішкі құжаттар талаптарының сақталуын бағалауға бағытталған жекелеген құрылымдық бөлімшелерге екі жоспарлы комплаенс-тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша ішкі бақылау процедураларын жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындалды және тиісті іс-шаралар жоспарлары белгіленген тәртіппен бекітілді.

2025 жылы Қызмет халықаралық санкциялық тәртіптемелердегі өзгерістердің мониторингін жүзеге асырды, олардың KASE тобының қызметіне әлеуетті әсеріне талдау жүргізді және санкциялық тәуекелдерді төмендету бойынша шаралар іске асырылды.

Есептік кезеңде комплаенс-тәуекелді басқару, санкциялық талаптарды сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер, мүдделер қақтығысын басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту іс-шаралары өткізілді. Сонымен қатар, жұмыскерлерді ішкі құжаттар мен қолданылатын заңнаманың негізгі талаптарын меңгеру тұрғысынан аттестаттау өткізілді.

Есептік кезеңде Қызмет жұмыскерлері кәсіби біліктілік деңгейін арттырды, бейінді оқыту бағдарламаларына қатысты және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл, сондай-ақ операциялық және санкциялық тәуекелді басқару саласында кәсіби сертификаттар алды.

Комплаенс-тәуекелді басқарудың қолданыстағы жүйесі KASE тобының операциялық қызметінің тұрақтылығын қолдауға, комплаенс-тәуекелді басқаруға және Топтың іскерлік беделін сақтауға ықпал етеді.

Ақпараттық және физикалық қауіпсіздік

2025 жылы KASE тобы ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігін және оның халықаралық талаптарға сәйкестігін растай отырып, ISO/IEC 27001 халықаралық стандарты бойынша бірінші жылғы қадағалау аудитінен (бұдан әрі – қадағалау аудиті) сәтті өтті.

Ақпараттық қауіпсіздік процестерін дамыту мен жетілдіруге баса назар аударылды. Тәуекелді басқару, оқиғалар мониторингі және алдын ала қорғау тетіктерін жетілдіру жалғастырылды, бұл ақпараттық жүйелер мен бизнес-процестердің тұрақтылығын нығайтуға ықпал етті.

Артықшылықты есептік жазбаларды бақылауды және пайдаланушылардың құқықтарын өзектендіруді қоса алғанда, қолжетімділікті басқару процестерін

дамытуға ерекше назар аударылды, бұл ақпараттық ресурстарды қорғау деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздік мәдениеті дамыды: жұмыскерлердің ақпаратты қорғау мәселелеріне жауапты көзқарасын қалыптастыруға бағытталған коммуникациялық және оқыту бастамалары іске асырылды.

Физикалық қауіпсіздік шаралары объектілерді, үй-жайларды және техникалық инфрақұрылымды қорғауға бағытталды. Қолжетімділікті бақылау және бейнебақылау жүйелерінің жұмыс істеуі қамтамасыз етілді, сондай-ақ аса маңызды аймақтар мен жабдықтарды қорғау процедураларын өзектендіру жүргізілді.

Ақпараттық және физикалық қауіпсіздік саласында іске асырылған шаралар қадағалау аудитінің және ішкі бақылаудың нәтижелерімен расталды, бұл қауіпсіздік жүйесінің дәйекті дамуын және оның KASE тобының тұрақтылығына қосқан үлесін көрсетеді.

Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) ішкі бақылау жүйесіндегі үшінші желі болып табылады және акционерлердің мүдделерін қорғау, тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, ұсынымдар беру және білім алмасу арқылы биржалық топ компанияларының құнын сақтау және арттыру мақсатында құрылған.

ІАҚ өз қызметін Халықаралық ішкі аудит стандарттарына және реттеуіштер талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Тәуелсіздік және объективтілік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ Директорлар кеңесіне функционалдық есеп береді және Директорлар кеңесі жанындағы Ішкі аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне жетекшілік етеді. Ішкі аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдерін/ұсынымдарын талдауды қоса алғанда, ішкі аудит басшысы ішкі аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттен өзара іс-қимылды және кері байланысты алуды, сондай-ақ жыл сайынғы сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Бекітілген өкілеттіктерге сәйкес биржалық топ компанияларының Директорлар кеңестері аудит салаларының тәуекелге бағдарланған карталарын және жылдық аудиторлық жоспарларды, ІАҚ оқыту жоспарлары мен бюджеттерін, ішкі аудиторлар тиімділігінің түйінді көрсеткіштерін бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын бағалауды жүзеге асырады.

Кәсіби білімін жетілдіру және біліктілігін арттыру мақсатында екі компанияның ІАҚ жұмыскерлері тұрақты негізде, оның ішінде CIA кәсіби сертификаттауын алу үшін оқытудан өтеді.

Биржа

Есептік кезеңде Биржаның ІАҚ 2025 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарды толық көлемде орындады және мынадай аудиторлық тапсырмаларды жүргізді:

- Биржаның бизнес-процестерін жаңғырту және автоматтандыру процесінің аудиті;
- Басқарма мүшелерінің ПҚК орындау аудиті;
- Нарыққа қатысушылардың айла-шарғы жасау мақсатында жасалған іс-әрекеттерін қадағалау және мониторинг процесінің аудиті;
- Алаяқтыққа, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі бойынша бақылаудың тиімділігін бағалау;
- Шетел валютасы нарығындағы сауда-клирингілік және есеп айырысу процедураларының аудиті;
- Негізгі құралдарды, дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу процесінің аудиті;
- Деривативтер нарығында сауда-саттықты жүзеге асыру процесінің аудиті;
- Персоналды басқару процесінің аудиті;
- Қызметтің үздіксіздігін басқару процесінің аудиті.

Клиринг орталығы

Есептік кезеңде Клиринг орталығының ІАҚ 2025 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарды толық көлемде орындады және мынадай аудиторлық тапсырмаларды жүргізді:

- Орталық контрагенттің нарықтық тәуекелді басқару процесінің аудиті;
- Басқарма мүшелерінің ПҚК орындауын қоса алғанда, стратегиялық мақсаттарды орындау аудиті;
- Шетел валютасы нарығындағы сауда-клирингілік және есеп айырысу процедураларының аудиті;
- Негізгі құралдарды, дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу процесінің аудиті;
- Деривативтер нарығында сауда-саттықты жүзеге асыру процесінің аудиті;
- Сатып алуды жүзеге асыру процесінің аудиті;
- Персоналды басқару процесінің аудиті;
- Қызметтің үздіксіздігін басқару процесінің аудиті.

Аудиторлық тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша екі компанияның ІАҚ ішкі бақылау мен тәуекелді басқарудың қолданыстағы жүйелерін жақсарту жөніндегі

ұсыныстарды ескере отырып, аудиторлық табулардың маңыздылығы бойынша ранжирлеу арқылы ұсынымдар берді. Берілген ұсынымдардың орындалуы және жылдық аудиторлық жоспарлардың орындалуы мониторингінің нәтижелері туралы ақпарат Ішкі аудит жөніндегі комитеттерге және биржалық топтың Директорлар кеңестеріне тоқсан сайынғы негізде берілді.

Корпоративтік жауапкершілік және кадрларды басқару

KASE тобының орнықты дамуы адам капиталын тиімді басқарумен тікелей байланысты. 2025 жылы HR-функцияны дамыту Топтың 2025-2027 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру аясында жүзеге асырылды және кадрлық процестердің стратегиялық басымдықтарға сәйкестігін және олардың басқарылуын арттыруды қамтамасыз ететін персоналды басқарудың тұтас институционалдық моделін қалыптастыруға бағытталды.

Операциялық ортаның күрделенуі, реттеушілік талаптардың күшеюі және цифрлық шешімдердің рөлінің өсуі жағдайында HR-функция корпоративтік инфрақұрылымның негізгі элементіне айналады. People Office кадрлық бастамалардың Топтың ұзақмерзімді мақсаттарымен үйлесімділігін және ұйымдастыру процестерінің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, бірыңғай HR-саясатты қалыптастыру және іске асыру орталығы болып табылады.

2025 жылы корпоративтік басқару жүйесіне интеграцияланған және Басқарманың басқару контурында әрекет ететін HR-функцияның базалық институционалдық моделін қалыптастыру аяқталды.

HR-процестердің нормативтік базасын, соның ішінде:

- кадрлық әкімшілендіру регламенттерін;
- грейдерлеу жүйесін;
- тиімділікті бағалау процестерін;
- ішкі коммуникация стандарттарын өзектендіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді.

Бірыңғай тәсілдерді енгізу кадрлық процестерді біріздендіруді қамтамасыз етуге, операциялық тәуекелдерді төмендетуге және HR-функцияны одан әрі цифрландыру үшін негіз жасауға мүмкіндік берді.

2025 жылдың негізгі бағыты HR-процестерді цифрлық трансформациялау болды. Электрондық құжат айналымына көшу аяқталды, бұл құжаттарды өңдеу мерзімін қысқартуға, әкімшілік жүктемені азайтуға және ішкі бақылау сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Негізгі процестерді автоматтандыруды қамтамасыз ететін HR-платформаның бірыңғай контуры енгізілді:

- кадрлық құжатнаманы жүргізу;

- еңбек қатынастары шарттарының өзгерістерін ресімдеу;
- мақсатты болжау және тиімділікті бағалау процестерін қолдау;
- қызметкерлермен қарым-қатынас.

Платформалық шешімдерді корпоративтік ақпараттық ортаға ықпалдастыру деректердің толықтығы мен тұтастығын қамтамасыз етті, HR-талдауды дамыту және басқару шешімдерінің сапасын арттыру үшін негіз жасады.

Корпоративтік мәдениетті дамыту

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және дамыту KASE тобының HR-саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады және ұйымның орнықтылығының, қызметкерлердің тартылуын арттырудың және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің маңызды факторы ретінде қарастырылады.

2025 жылы Топтың 2025-2027 жылдарға арналған жаңа стратегиясы шеңберінде корпоративтік ортаны дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Директорлар кеңесінің, Басқарманың және қызметкерлердің қатысуымен стратегиялық жұмыс барысында KASE тобының миссиясы, пайымы және корпоративтік құндылықтары қайта қаралды.

People Office корпоративтік мәдениетті нығайтуға және ішкі ортаны дамытуға бағытталған шаралар кешенін, соның ішінде:

- корпоративтік коммуникацияларды жүйелеуді және өзара іс-қимылдың бірыңғай стилін енгізуді;
- HR-саясаттар мен процедуралардың ашықтығын арттыруды;
- қызметкерлерді ақпараттандыру арналарын дамытуды (тарату, ішкі коммуникациялар, Town Hall форматындағы кездесулер);
- барлық деңгейдегі қызметкерлердің қатысуымен стратегиялық және оқыту сессияларын өткізуді іске асырды.

Қызметкерлерді негізгі өзгерістер, бастамалар және қызмет нәтижелері туралы ұдайы хабардар ету персоналдың сенім деңгейін, хабардар болуын және тартылуын арттыруға ықпал етті.

Корпоративтік мәдениетті дамыту шеңберінде:

- қызметкерлерді оқыту мен кәсіптік дамытуға;
- командалық өзара іс-қимылды нығайтуға;
- қолайлы жұмыс ортасын қалыптастыруға;
- ішкі коммуникацияларды қолдау мен тәжірибе алмасуға бағытталған бастамаларды іске асыру жалғастырылды.

Корпоративтік бірегейлікті және командалық рухты нығайтуға ықпал ететін қосымша іс-шаралар жүргізілді, соның ішінде:

- басшылықпен кездесулер және жаңа қызметкерлер үшін интеграциялық іс-шаралар;
- оқыту тренингтері мен даму бағдарламалары;
- корпоративтік және спорттық іс-шаралар;
- әлеуметтік жауапкершілік және волонтерлік саласындағы бастамалар өткізілді.

Осы іс-шараларды іске асыру корпоративтік мәдениетті нығайтуға, қызметкерлердің тартылу деңгейін арттыруға және KASE тобының стратегиялық басымдықтарына сәйкес келетін бірыңғай құндылық ортаны қалыптастыруға мүмкіндік берді.


Биржаның персоналы

2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша KASE штаттық саны 306 құрады, бұл ретте нақты саны – 259.

KASE тобының гендерлік құрамы

KASE тобында әйел жұмыскерлердің жалпы саны 54 %, ер жұмыскерлердің жалпы саны 46 % құрайды.

33-сурет. KASE тобының гендерлік құрамы




Дереккөз: KASE

Биржаның жас құрылымы

Жасына қарай бөліністе персоналдың құрылымы мынадай: 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі – 11,4 %, 30-дан 39 жасқа дейін – 34 %, 40-тан 49 жасқа дейін – 40 %, 50 жастан асқандардың үлесі – 14 % құрайды. Биржадағы жұмыскерлердің орташа жасы 2025 жылы 38 жасты құрады.

32-сурет. Биржаның жас құрылымы



Дереккөз: KASE

Биржа жұмыскерлерінің білімі

2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша KASE жұмыскерлерінің негізгі құрамының жоғары білімі бар. Жұмыскерлердің 20 % жоғары оқу орнынан кейінгі білім алды (Магистратура, Phd), жұмыскерлердің 10 % ҚР тыс жерлерде білім алды.


Клиринг орталығының персоналы

2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Клиринг орталығының штат саны 77 бірлікті құрады, бұл ретте нақты саны – 72 бірлік.

Клиринг орталығының жас құрылымы

Жасына қарай бөліністе персоналдың құрылымы мынадай: 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі 15,5 %-ды, 30-дан 39 жасқа дейін – 32,4 %-ды, 40-тан 49 жасқа дейін – 31 %-ды, 50 жастан жоғары – 21,1 %-ды құрайды. Клиринг орталығында жұмыскерлердің орташа жасы 2025 жылы 41 жасты құрады.

35-сурет. КАСС-тың жас құрылымы



Дереккөз: КАСС

Клиринг орталығы жұмыскерлерінің білімі

Есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша KASE жұмыскерлерінің негізгі құрамының (100 %) жоғары білімі бар. Жұмыскерлердің 24 % жоғары оқу орнынан кейінгі білім алды (Магистратура, Phd).

KASE тобының әлеуметтік жауапкершілігі

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде KASE тобы Қазақстан жастарының қаржылық сауаттылығын арттыруға белсенді ықпал етеді. Бұл бағытта KASE және KACC студенттерге арналған тағылымдамалар мен практиканы ұйымдастыру, сондай-ақ перспективалы жас мамандарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу арқылы, қазақстандық ЖОО-лармен тығыз ынтымақтастықты жалғастырады. Бұдан басқа, KASE алаңында да, оқу орындарында да қор нарығы туралы дәрістер мен семинарлар өткізіледі.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР

| | |
|-------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ASTS+ | Мәскеу биржасының сауда-клирингтік жүйесі негізінде әзірленген KASE сауда-клирингтік жүйесі |
| AFCM | Араб қор нарықтары федерациясы |
| ASEAN+3 | Association of South East Asian Nations |
| AWS | Amazon Web Services |
| GFANZ | Glasgow Financial Alliance for Net Zero |
| OFAC | Office of Foreign Assets Control |
| CAREC | Central Asia Regional Economic Cooperation (Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы) |
| CCP Global | Global Association of Central Counterparties, орталық контрагенттердің клирингтік палаталарының сауда-саттық қауымдастығы |
| CDSB | Climate Disclosure Standards Board (Климат туралы ақпаратты ашу стандарттары жөніндегі кеңес) |
| CPSS | Халықаралық есеп айырысу банкінің есеп айырысу және төлем жүйелері жөніндегі комитеті |
| DMA | direct memory access (жадыға тікелей рұқсаттама, компьютер құрылғылары арасында деректер алмасу тәртіптемесі) |
| DLT | distributed ledger technology (әртүрлі сайттар, елдер немесе мекемелер бойынша бөлінген қайталанған, бірлесіп пайдаланылатын және синхрондалған цифрлық деректер массивтерінің жиынтығы) |
| EBRD | European Bank for Reconstruction and Development (Еуропа қайта құру және даму банкі) |
| ECB | European Central Bank, Еуропа орталық банкі |
| ESG | Environmental, Social and Governance – экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері |
| EFFAS | European Federation of Financial Analysts Societies, Еуропалық қаржы талдаушылары қоғамдарының федерациясы |
| ESMA | European Securities and Markets Authority (Бағалы қағаздар және нарықтар жөніндегі еуропалық басқарма) |
| EMIR | Regulation (EU) No 648/2012 of the European Parliament and of the Council of 4 July 2012 on OTC derivatives, central counterparties and trade repositories |
| ETF | Exchange Traded Fund, саудаланатын қор |
| FAST | FIX Adapted for Streaming (сауда-саттық жүйелеріндегі деректерді беру хаттамасы) |
| FEAS | Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (Еуро-Азия қор биржаларының федерациясы) |
| FIX | халықаралық стандарт болып табылатын деректерді беру хаттамасы |

| | |
|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Frontier Market | шекара нарығы |
| FTSE | Financial Times Stock Exchange халықаралық индекс қызметі |
| GA | Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы |
| HA | High availability |
| IFC | International Finance Corporation (Халықаралық қаржы корпорациясы) |
| IOSCO | International Organization of Securities Commissions – Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы |
| IPO | Initial Public Offering (бастапқы көпшілік орналастыру) |
| IR | Investor Relations (инвесторлармен коммуникация құру) |
| IRIS | Биржаның ақпараттық терминалы |
| ISO | International Organization for Standardization (стандарттарды шығарумен айналысатын халықаралық ұйым) |
| IT | Information Technology (ақпараттық технологиялар) |
| KACC | "KASE клиринг орталығы" АҚ атауының аббревиатурасы |
| KASE | "Қазақстан қор биржасы" АҚ атауының аббревиатурасы |
| KEGOC | "KEGOC" АҚ атауының аббревиатурасы |
| MOEX | "Мәскеу Биржасы" ЖАҚ |
| MSCI | Morgan Stanley Capital International халықаралық индекс қызметі |
| ICMA | International Capital Market Association |
| IOSCO | International Organization of Securities Commissions (Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы) |
| PoC | Proof of concept, тұжырымдаманың [жүзеге асырылатындығының] дәлелі |
| PRI | Principles for Responsible Investment (Жауапты инвестициялау қағидаттары) |
| S&P | Standard & Poor's халықаралық индекс қызметі |
| SLA | Service Level Agreement (Қызметтер деңгейі туралы келісім) |
| SMA | sponsored market access (тапсырманы тікелей сауда жүйесіне беретін қолжетімділік) |
| SOFR US | ақша нарығындағы АҚШ долларындағы пайыздық мөлшерлеме, ол АҚШ Қазынашылығының мемлекеттік бағалы қағаздарымен қамтамасыз етілуімен "overnight" шарттарында репоның әртүрлі үш түрінің транзакцияларының көлемі бойынша орташа алынған медианалық мөлшерлемені білдіреді |
| TCI | TONIA Compounded Index – TONIA индикаторының соңғы есептелген мәні негізінде әрбір күнтізбелік күн есептелетін TONIA композиттік индексі |
| TCR | TONIA Compounded Rate – TCI мәндерінің базасында әрбір күнтізбелік күн есептелетін TONIA құрамдас мөлшерлемесі. Есепте есептік кезеңдегі |

| | |
|---------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | күнтізбелік күндердің нақты санына тең жылжымалы терезе пайдаланылады |
| TOD | мәмілені орындау ол жасалған күні болатын есеп айырысуды жүзеге асыру шарты (ағылшынша "today" сөзінен) |
| TOM | мәмілені орындау оны жасасқан күннен бастап келесі жұмыс күні болатын есеп айырысуды жүзеге асыру шарты (ағылшынша "tomorrow" сөзінен) |
| TONIA | әрбір сауда-саттық күнінің қорытындысы бойынша есептелетін бір күн мерзімге МБҚ себетімен репо операциялары бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемені білдіретін репо операциялары нарығының негізгі индикаторы |
| TRION | әрбір сауда-саттық күні ішінде есептелетін, бір күн мерзімге ОК қатысуымен жүзеге асырылатын МБҚ себетімен репо операциялары бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме |
| TWINA | әрбір сауда-саттық күні ішінде есептелетін жеті күн мерзімге ОК қатысуымен жүзеге асырылатын МБҚ себетімен репо операциялары бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме |
| UN SSE | Sustainable Stock Exchanges (Орнықты қор биржалары) |
| WEP | Women's Empowerment Principles |
| WFE | World Federation of Exchanges (Дүниежүзілік биржалар федерациясы) |
| АҚ | акционерлік қоғам |
| ҚНРДА | Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі |
| ЕОДҚ | Еуразия Орталық Депозитарийлерінің қауымдастығы |
| ЕДБ | екінші деңгейдегі банк (банктер) |
| Биржа | "Қазақстан қор биржасы" АҚ |
| Брокерлер–дилерлер | Уәкілетті органның лицензиясы бар брокерлік және/немесе дилерлік ұйымдар |
| ЖІӨ | жалпы ішкі өнім |
| ЖОО | жоғары оқу орны |
| МБҚ | мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар |
| KASE тобы | "Қазақстан қор биржасы " АҚ және оның еншілес ұйымы "KASE клиринг орталығы" АҚ |
| ДАМУ | "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ атауының аббревиатурасы |
| ЕТША | Еуропа, Таяу Шығыс және Африканы қамтитын экономикалық өңірді және/немесе өткізу нарығын білдіретін аббревиатура |
| ЕҚДБ | Еуропа қайта құру және даму банкі |
| ЕО | Еуропалық одақ |
| KASE индексі | KASE акциялар нарығының индексі |

| | |
|------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| SSE бастамасы | Sustainable Stock Exchanges Initiative, БҰҰ серіктестік бағдарламасы |
| Клиринг орталығы | "KASE клиринг орталығы" АҚ |
| КҚС | клирингілік қатысу сертификаттары |
| ТМД ХБҚ | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің халықаралық биржалар қауымдастығы |
| СІМ | Сыртқы істер министрлігі |
| млн | миллион |
| млрд | миллиард |
| Мәскеу биржасы | "Мәскеу Биржасы" ЖАҚ |
| ХҚҰ | халықаралық қаржы ұйымы (халықаралық қаржы ұйымдары) |
| ҚРҰБ | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| "Атамекен" ҚР ҰКП | "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы |
| ҰТК | Ұлттық Банктің Ұлттық төлем корпорациясы |
| МеБҚ | мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар |
| БҰҰ | Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| ИПҚ | инвестициялық пай қоры |
| БҚ | бағдарламалық қамтамасыз ету |
| Үкімет | Қазақстан Республикасының Үкіметі |
| ІАҚ | Ішкі аудит қызметі |
| АТҚБ | Ақпараттық-техникалық қауіпсіздік қызметі |
| ТМД | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| АҚШ | Америка Құрама Штаттары |
| T+2 | мәмілені орындау ол жасалған күннен бастап екінші жұмыс күні болатын есеп айырысуды жүзеге асыру шарты |
| СКЖ | сауда-клирингілік жүйе |
| ЖШС | жауапкершілігі шектеулі серіктестік |
| трлн | триллион |
| мың | мың |
| ФРЖ | Федералдық резервтік жүйе |
| ОД | Орталық депозитарий |
| ОК | орталық контрагент |
| ДӨО | Деректерді өңдеу орталығы |

Байланыстар мен деректемелер

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы

Мекенжайы: А15G7M6, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" КФК солтүстік мұнарасы, 8-қабат

БСН 931 240 000 220

тел.: (727) 237 53 00